

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

2023 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ
ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

АСТАНА, 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

2023 ЖЫЛҒЫ
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ
ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

АСТАНА, 2024 Ж.

2023 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама, Астана қаласы, 2024 жыл.

2023 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған ресми статистика, әлеуметтік зерттеулердің деректері, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша әзірленді.

Авторлар: Сеитова Г.Т., Изакова А.Т., Копбаева З.Ж., Утеубаева Э.А., Сагиндыкова А.С., Укина Т.К., Мактаева Д.Т., Макулбекова А.Е., Хамитова Б.Ж., Амангелді А.Қ., Мацкевич И.К., Барабанова Е.И., Ахаева Н.В., Стеблецова И.С., Ахаева А.Ш., Ровнякова И.В., Шабденова А.Б., Шведунова И.М., Сахариева С.Г.

Дизайнер: Кенебаев А.К.

МАЗМҰНЫ

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	8
КІРІСПЕ	10
1-ТАРАУ. БАЛА	14
1. 1000 балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны	21
2. 100 мың балаға шаққанда сыртқы себептерден 0–18 жаста қайтыс болған балалардың саны	24
3. 100 мың балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың саны	28
4. 100 мың балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны	32
5. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған дене сымбаты бұзылған 0-14 жастағы балалардың үлесі	34
6. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың үлесі	36
7. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі	38
8. 15-17 жастағы балалар арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сырқаттану көрсеткіші	40
9. 100 мың балаға шаққанда балалар арасындағы суицид оқиғаларының саны	43
10. Өмірге қанағаттану деңгейі жоғары 0-18 жастағы балалардың үлесі	48
11. Жалпы білім беретін мектепте дос табу қиын емес 10–18 жастағы балалардың үлесі	49
12. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі	51
13. Жалпы білім беретін мектептің білім алушыларының білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ) нәтижелерінің орташа көрсеткіші, балл	54
14. ҰБТ-да шекті деңгейден өткен білім алушылардың үлесі.	58
15. «Бала» бағыты бойынша балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары	61
Қорытындылар мен ұсыныстар	62

2-ТАРАУ. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ.	68
1. Ата-аналарымен өз проблемаларын ашық талқылай алатын 10–18 жастағы балалардың үлесі	68
2. Отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетініне толық келісетін 10–18 жастағы балалардың үлесі, %	71
3. Жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесі	73
4. Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық өміріне қатысатынына толық келісетін 10–18 жастағы балалардың үлесі	75
5. Бір аптада көше ойындарына арналған күн саны (10- 18 жастағы балалар) немесе аптасына ашық ауада өткізілетін сағат саны (аптасына 4 және одан да көп сағат)	79
6. Жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі балалардың үлесі	80
7. Үйде қосымша оқуға арналған кітаптары бар 10–18 жастағы балалардың үлесі	82
8. Оқуға арналған компьютерлік техникасы бар 10–18 жастағы балалардың үлесі	84
9. Жоғары жылдамдықты интернетке қосылған елді мекендердің үлесі	86
10. Күн сайын көкөністер мен жемістер тұтынатын балалардың үлесі	88
11. 1000 балаға шаққанда өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар саны	89
12. 1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жастағы балалар саны	92
13. Тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың кезекте тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы санындағы үлесі	97
14. Қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға/жәбірлеуге ұшыраған 10–18 жастағы балалардың үлесі	100
15. «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша балалар халахуалы индексінің қорытындылары.	103
Қорытындылар мен ұсыныстар:	104

3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ	110
1. Жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататын 10–18 жастағы балалардың үлесі	111
2. Ата-аналар мен мектептің өзара іс-қимыл деңгейі	113
3. Мектепке дейінгі білім берумен қамтылған 1–6 жастағы балалардың үлесі	115
4. Мектепте тамақтандыру сапасына көңілі толатын 10–18 жастағы балалардың үлесі	120
5. Оқу-тәрбие процесіне және қосымша білім беруге қанағаттанатын ата-аналардың үлесі	122
6. Қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі	124
7. Психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі	127
8. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы үш ауысымда оқытатын жалпы білім беретін мектептердің үлесі	131
9. Ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханамен және қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің үлесі	134
10. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында қаржылық және материалдық көмекпен қамтылған балалардың үлесі	137
11. Тұру үшін тұрғын үйді жалға алатын балалы отбасылардың үлесі	147
12. Балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджет шығындарының үлесі, %	149
13. Медициналық оңалтумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі	152
14. Психофизикалық даму скринингімен қамтылған сәби жасындағы (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі	154
15. «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша балалар хал ахуалы индексінің қорытындылары	156
Қорытындылар мен ұсыныстар	157
4-ТАРАУ. ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ	162
1. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім	162
2. Жұмыссыздық деңгейі	165
3. Су ресурстары сапасының деңгейі	169

4. Белгіленген сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауызсу сынамаларының үлесі	171
5. Ауадағы ұсақ қатты бөлшектердің деңгейі РМ 2,5 (ауа сапасы)	173
6. Қатты жабыны бар аудандық/облыстық маңызы бар жолдардың үлесі	174
7. Орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі	176
8. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы апатты мектептердің үлесі	178
9. Уәкілетті органның қабылданған тиісті стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етілген ЖАО–ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі	181
10. Аула/көше ойындарына арналған орындардың, оның ішінде спорттық ұйымдардың қолжетімділігі	183
11. Автобус аялдамасынан кемінде 15 минут жаяу жүретін жерде тұратын 10–18 жастағы балалардың үлесі	185
12. 100 мың балаға шаққанда балаларға қатысты қылмыстар саны	186
13. 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың саны	189
14. 14–17 жастағы 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен болған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	194
15. «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша балалардың хал ахуалы индексінің қорытындылары	197
Қорытындылар мен ұсыныстар	199
5-ТАРАУ. ҚР БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	204
6-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ МӘНІ	220
Қорытынды	224

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӘК	– Атаулы әлеуметтік көмек
АЕК	– Айлық есептік көрсеткіш
АТО	– Ақпараттық-талдау орталығы
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
ББЖМ	– Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу
БҚУ	– Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл
БҚҚК	– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
БҚО	– Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ДДСҰ	– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ДНЫМ	– Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп
ДСМ	– Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ЕХӘҚМ	– Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖАО	– Жергілікті атқарушы органдар
ЖКО	– Жол-көлік оқиғасы
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ЖӨӨ	– Жалпы өңірлік өнім
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
КБО	– Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы
КМ	– Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
ҚББҰ	– Қосымша білім беру ұйымы
ҚК	– Қылмыстық кодексы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚСЖАЕК	– Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

МАМ	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
МДБ	– Мектепке дейінгі білім
МДМ	– Мектепке дейінгі мекеме
МЖС	– Мемлекеттік-жекешелік серіктестік
МЖБС	– Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
МС	– мемлекеттік стандарт
НҚА	– Нормативтік-құқықтық акт
ОМ	– Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
ӨҚМ	– Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
ПМПК	– Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация
СЖРА ҰСБ	– Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
СӨС	– Салауатты өмір салты
ТЖМ	– Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ҰББД	– Ұлттық білім беру дерекқоры
ҰБТ	– Ұлттық бірыңғай тестілеу
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйымдар
ХЕҰ	– Халықаралық еңбек ұйымы
ЦДИАӨМ	– Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ІІМ	– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

КІРІСПЕ

Адам құқықтары мен бостандығын қорғаудың негізін қалаған құжат – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылдың 10 желтоқсанында Парижде қабылданды, аталған құжатқа 2023 жылы 75 жыл толды. Осыған орай, 10 желтоқсан Халықаралық адам құқықтарының күні ретінде жыл сайын аталып өтеді. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының негізгі ұстанымы – «барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді». Бұл ұстаным әділетті қоғам құрудың негізі болып саналады.

Декларация ұстанымдарына негізделген маңызды құжаттардың бірі – БҰҰ-ның Бала құқығы туралы конвенциясы. Елдерде ратификацияланған бұл келісім қоғамның ең осал мүшелері – балалардың құқықтарын қорғауға арналған. Әрбір елде, соның ішінде Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері әзірленген. Қазақстан Республикасында 2002 жылдан бастап еліміздің Конституциясы мен халықаралық стандарттарға негізделген “Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы” заңы қолданылады. Бұл заң балалардың негізгі құқықтарын жүзеге асыру мен қорғауға байланысты қатынастарды реттейді және олардың хал-ахуалын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып есептеледі.

Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтарын қорғаудың маңызды аспектілерінің бірі – осы саладағы ағымдағы жағдайды бағалайтын балалардың жағдайы туралы баяндаманы жыл сайын дайындау. Аталған құжат «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 46-бабын орындау мақсатында әзірленіп отыр, онда балалардың жағдайына жүйелі мониторинг жүргізуге және мемлекет қабылдаған міндеттемелердің орындалуының маңызына баса назар аударылады.

2022 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 4-ші отырысында берген тапсырмасын орындау аясында осы салада елеулі қадам жасалып, балалардың хал-ахуалының индексі әзірленді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімімен бекітілген бұл құрал балалардың

өмірінің түрлі салаларындағы жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін қадағалау мақсатында жасалған. Көрсеткіш балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығының жай-күйін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, проблемаларды уақытылы анықтау және жедел шешім қабылдау үшін маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

2023 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама Балалардың хал-ахуал индексінің деректері мен көрсеткіштері негізінде құрастырылды. Индексте балалардың құқықтарын қорғау саясатын одан әрі жетілдірудің тиімді құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін ресми статистика мен социологиялық зерттеулердің деректері ескерілген.


2023 жылы балаларды қорғау саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Мемлекет басшысының тапсырмалары, сонымен қатар осыған дейінгі баяндамалардың қорытындысы бойынша жасалған ұсыныстар негізінде мемлекет балалардың жағдайын жақсарту бойынша айтарлықтай шаралар қабылдады. Бұл шаралар Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі мақсатты және дәйекті жұмыстың айғағына айналып, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау сияқты маңызды салаларға әсер етті.

Мәселен:

- Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттамаға қосылу;
- елдің Әлеуметтік кодексін қабылдауда әлеуметтік саясаттың жаңа парадигмасын айқындау;
- 18 жасқа толғанға дейін балалардың арнайы жинақ шоттарына Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50% аударымдарын қамтитын «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске асырыла бастады;
- Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету мақсатында кешенді жоспар қабылданды, зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оларға куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі бекітілді;
- ұлттық деңгейде алғаш рет бастауыш сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Деректерді талдау денсаулық сақтау, білім беру және балаларды әлеуметтік қорғау салаларындағы

айтарлықтай жетістіктерді көрсетеді. Балаларды жыл сайынғы профилактикалық тексеруден өткізу, жүрекке ашық кардиохирургиялық операцияларды қоса алғанда, жоғары мамандандырылған медициналық көмекті дамыту және суицидтің, зорлық-зомбылықтың және балалардың әл-ауқатына төнетін басқа да қауіптердің алдын алу шаралары маңызды қадамдар болды. Сонымен қатар, Қазақстан халықаралық деңгейде балалар құқықтарын сақтауда ілгерілеушілікке қол жеткізді: «KidsRightsIndex 2023» индексіне сәйкес ел 2018 жылдан бері позициясын 13-тармаққа жақсартып, 184 елдің ішінде 21-ші орынға ие болды.



Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының жас азаматтары үшін лайықты болашақты қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсететін басқа да бастамалар енгізілді.

Қазақстандағы балалардың жағдайы туралы баяндама – бұл жай ғана статистика емес, бұл мемлекеттің өз балаларын тыңдауға, олардың мүдделерін қорғауға және олардың үйлесімді және қауіпсіз дамуы үшін жағдай жасауға дайындығының белгісі.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндаманың ерекшелігі балалардың хал-ахуалының индексі бойынша өңірлердің рейтингі болып табылады. Нәтижелерді талдау көш бастап тұрған және артта қалған өңірлерді анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ресурстарды тиімді бөлуге және ұлттық саясатты сапалы іске асыруға ықпал етеді.



1-ТАРАУ.
БАЛА

1-ТАРАУ. БАЛА

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

Абай Құнанбайұлы

Еліміздің болашақ дамуы үшін баланың мемлекеттік жүйедегі рөлі іргелі мәнге ие. Балалар – мәдени-тарихи мұралардың сақтаушысы ғана емес, сонымен бірге олар болашақта әлеуметтік-экономикалық және саяси прогресстің бағытын айқындайтын тұлғалар.

Заманауи Қазақстанда балалардың хал-ахуалын, қауіпсіздігі мен құқықтарын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады. Дәл осы балаларда ертеңгі қоғамды қалыптастыратын адами капиталдың іргетасы қаланады.

Әрбір баланың құқықтары мен хал-ахуалын қамтамасыз ету үшін проблемалар анықталып, оларды шешудің тиімді жолдары айқындалады. Жағдайды жүйелі түрде талдауға мүмкіндік беретін балалардың өмір сүру деңгейін бағалау жүйесі құрылды.

Елімізде 2022 жылдан бастап балалардың өмір сүру сапасына мониторинг жүргізу – балалардың хал-ахуал индексі жасалып келеді. Бұл индекс жаһандық тұрақты даму күн тәртібін негізге алатын «ешкімді артта қалдырмау» қағидасына сәйкес әзірленген.

Балалардың хал-ахуалына мониторинг жүргізу балалардың өмір сүру сапасын анықтауға және оларға жақсы жағдай жасауда проблемалық аймақтарды көрсетуге мүмкіндік береді. Хал-ахуал индексін енгізу мемлекет тарапынан шұғыл араласуды қажет ететін балалар мен отбасылардың проблемаларына бүкіл қоғамның назарын аудартуға ықпал етті.

Балалардың жағдайына және өмірдің әртүрлі салаларында

балаларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділігіне баға берілді.

Әр өңірлерде өмір сүру жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды тиімді іске асыруға кедергі келтіретін факторлар анықталды. Бұл ретте балалар мен ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің пікірлері ескерілді.

Баланың хал-ахуал индексінің «Бала» бағыты – балалардың өмірі мен денсаулығының әртүрлі аспектілерін бағалаудың кешенді құралы. Ол статистикалық және сауалнама деректерін қамтиды.

Балалар өлімі туралы сандық деректері балалардың әртүрлі жас топтарында және әртүрлі себептермен кездесетін қауіптерінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, индексте балалар арасында семіздік, ас қорыту аурулары, түр сымбатының бұзылуы, көру және есту қабілетінің бұзылуы, психикалық және мінез-құлықтық ауытқу сияқты бірқатар аурулардың таралуы туралы деректер енгізілген. Бұл көрсеткіштер бала денсаулығын сақтау саласындағы негізгі проблемаларды және медициналық көмек көрсету мен алдын алу шараларының басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Индексте білім сапасының көрсеткіштері де ескерілген. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау мектеп оқушыларының оқу үлгеріміне әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.


Индексті есептеу кезінде ескерілетін сауалнама деректері балалардың қаншалықты заңмен қорғалатынын түсінуге көмектеседі. Олар балалар мен ата-аналардың құқықтық ортаны қабылдау дәрежесін көрсетеді.

Демографиялық көрсеткіштер

Елдегі демографиялық жағдай әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды көрсеткіші болып табылады. Қазақстан Республикасында балалар халықтың үштен бір бөлігін құрайды. Олардың саны, өсу серпіні, сондай-ақ жас құрылымы қоғамның жағдайы мен даму болашағын көрсетеді.

Соңғы он екі жылда 18 жасқа дейінгі балалар саны 4,8 миллионнан 6,8 миллионға дейін өсті. Бұған ішінара 2020-2021 жылдардағы беби-бум әсер етті. Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі 2023 жылдың соңына қарай 33,9%-ды құраса, 2011 жылдан бастап бұл көрсеткіш 40%-ға өсті.

Диаграмма 1.1. 0-18 жас аралығындағы балалар саны, адам



Дереккөз: СЖРА ҰСБ

2023 жылғы 14 қарашада Қазақстан мемлекет өміріндегі маңызды оқиғаны атап өтті: халқы саны 20 миллионға жетті. Қазақстандықтардың саны 22,3%-ға артты. Осы күні еліміздің мерейтойлық азаматы атанған бес сәби – үш ұл, екі қыз дүниеге келді.

Бір жыл ішінде елдегі балалар саны шамамен бір пайызға (0,9%) өсті.

1.1-кесте. Балалар санының өсу қарқыны, %


Балалар санының жыл басындағы өсу қарқыны, %						
	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Балалар санының өсу қарқыны	102,8	102,8	102,8	103,0	103,0	103,9
Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі	31,9	32,3	32,8	33,3	33,9	34,1
ҚАЛА						
Балалар санының өсу қарқыны	103,6	104,6	104,4	104,2	103,7	108,6
Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі	29,09	30,05	31,01	31,08	32,4	32,7
АУЫЛ						
Балалар санының өсу қарқыны	102	100,6	100,8	101,5	102,1	97,7
Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі	34,5	34,9	35,2	35,6	36,2	36,3

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

2023 жылдың қорытындысы бойынша 18 жасқа дейінгі балалар саны 6 789 772 баланы құрады. Балалардың ең аз саны Ұлытау (75,1 мың), Солтүстік Қазақстан (127,4 мың), Шығыс

Қазақстан (183,2 мың) облыстарында, ең көп саны Түркістан облысы (922,3 мың), Алматы қаласы (656,3 мың) және Алматы облысында (550,3 мың) тіркелді.


Диаграмма 1.2. Қазақстан Республикасындағы 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны, адам



Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Балалар арасында ұлдар мен қыздардың арақатынасы 51,4% және 48,6%-ды құрайды. Осылайша, ұлдардың саны қыздарға қарағанда 193 746-ға көп. Ұлдардың жалпы саны – 3 491 759, қыздардың жалпы саны – 3 298 013. Бұл деректер 1.3-диаграммада ұсынылған.

Диаграмма 1.3. Облыстар бойынша 18 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың арақатынасы, адам



Өңірлері бөлінісінде ауыл мен қаладағы балалардың үлесі әртүрлі. Ауылда тұратын балалардың басымдығы оңтүстіктегі үш облыста: Алматыда (83,7%), Түркістанда (74,9%) және Жамбылда (58,1%) тіркелді. Қарағанды (20,2%), Ұлытау (21,8%) және Ақтөбе (25,7%) облыстарында ауыл балаларының үлесі аз.


Қала мен ауыл халқының арақатынасы тарихи, экономикалық және географиялық бірқатар себептерге байланысты өзгереді.

Қазақстанның оңтүстік аймақтары тарихи тұрғыдан негізінен егіншілікпен айналысқан. Мұнда тұратын көптеген адамдар үшін ауыл шаруашылық пен дәстүрлі өмір салты мәдениеттің ажырамас бөлігі болып қала береді.

Елдің орталық және батыс өңірлерінде қалалардың дамуына үлес қосып, халықты урбанизацияланған аймақтарға тартатын ірі өнеркәсіп орындары орналасқан.

1.4-диаграммада балалар санының динамикасы, ауыл және қала балаларының ара қатынасы (0 жастан 18 жасқа дейін) көрсетілген.

Диаграмма 1.4. Балалардың жалпы саны: ауыл, қала



Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

2023 жылы республикада 388,4 мың бала дүниеге келді, бұл 2022 жылы туылғандар санымен (403,9 мың) салыстырғанда туу

көрсеткіші шамалы төмендегенін көрсетеді.

Мәлімет азаматтық туу туралы жазбалардағы деректердің жыл сайынғы статистикалық жинақтамасынан негізделген. Туылғандар санына тірі туылғандар ғана кіреді.

2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) ұсынымдарына сәйкес келетін «тірі туу» және «өлі туу» анықтамалары қолданылады.

Ресми статистикаға сәйкес жаңа туған нәрестелердің 51,6% ұлдар болса, 48,4% қыздар.

230,3 мың бала немесе туылғандардың жалпы санының 59% қалада, қалған 158,1 мыңы немесе 41% ауылдық жерлерде дүниеге келген.

Туудың жалпы коэффициенті 2023 жылдың соңында 1000 тұрғынға шаққанда 19,52 адамға дейін төмендеп, соңғы 18 жылдағы ең төменгі көрсеткішке жетті. Туудың жалпы коэффициенті – халық санына қатысты бала туудың қарқындылығын анықтайтын көрсеткіш. Бұдан төмен коэффициент республикада соңғы рет 2005 жылы тіркелген (18,42).

1000 тұрғынға шаққанда жаңа туған нәрестелердің ең көп саны Маңғыстау облысында (26,74), Түркістан облысында (26,18) және Шымкент қаласында (25,70) тіркелді. 1000 тұрғынға шаққанда жаңа туған нәрестелердің ең аз саны Солтүстік Қазақстан облысында (10,44), Қостанай облысында (11,64) және Шығыс Қазақстан облысында (11,96) байқалды.

Мәселен, 2023 жылы Түркістан облысында дүниеге келген балалар саны Ұлытау өңірінде дүниеге келген балалар санына қарағанда 12,6 есе көп.

2023 жылы балалардың көпшілігін 25 пен 29 жас аралығындағы әйелдер дүниеге әкелді, бұл жалпы туылғандардың 29%. Босанған әйелдердің саны бойынша екінші орында 30 бен 34 жас аралығындағы әйелдер тұр, олар туылғандардың 26%-ды құрады. 20 жасқа дейінгі әйелдер өткен жылы 12,6 мың баланы дүниеге әкелсе, 50-ден асқан әйелдер небәрі 96 баланы дүниеге әкелген.

Бұл құбылыстың себебі көп. Ана болуға қолайлы жас туралы дәстүрлі түсініктер, сондай-ақ әлеуметтік нормалар өзгеріп жатыр. Соның әсерінен әйелдердің тұңғышын дүниеге әкелетін жасы бірте-бірте ұлғайып келеді. Кейінгі 20 жылда ана болудың орташа жасы 26-дан 29,7 жасқа дейін өсті.

Сонымен қатар, бұл үрдіске жаһандық урбанизация

процестері, гендерлік теңдікке ұмтылу және білімнің жоғары деңгейі әсер етеді. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлар маңызды рөл атқарады. Олардың қатарында әйелдердің жұмыспен қамтылуының артуы, әлеуметтік жағдайын жақсарту мен мансап жасауға, жоғары білім алуға ұмтылысы бар. Сонымен қатар балалардың тууы мен тәрбиесіне де қолайлы жағдай жасалып жатыр*.

Қазіргі таңда халық санының азаюы Қазақстан қоғамына ғана емес, бүкіл әлемге тән құбылыс. БҰҰ сарапшыларының пікірінше, бұл үрдіс барлық дамыған елдерге әсер етеді.

1.2-кесте. Қазақстан Республикасындағы туу динамикасы, адам

Өңірлер	2019	2020	2021	2022	2023
ҚР	402 310	426 824	446 491	403 893	388 428
Абай	-	-	-	10 833	9 930
Ақмола	12 265	12 506	12 856	11 561	10 901
Ақтөбе	20 493	21 287	22 153	19 302	19 206
Алматы	50 502	54 355	55 186	34 979	33 607
Атырау	16 980	18 002	18 428	17 161	16 548
ШҚО	21 854	22 514	23 061	9 483	8 718
Жамбыл	27 041	29 171	30 475	26 723	25 872
Жетісу	-	-	-	14 111	13 325
БҚО	13 130	13 670	14 241	12 536	12 010
Қарағанды	23 034	23 423	23 987	16 812	16 343
Қостанай	11 448	11 671	11 174	10 355	9 670
Қызылорда	19 347	21 780	23 682	20 769	20 010
Маңғыстау	20 459	21 734	23 349	21 581	20 780
Павлодар	11 558	11 771	11 667	10 655	9 838
СҚО	6 872	6 879	6 489	5 879	5 554
Түркістан	55 738	61 258	65 059	58 214	55 775
Ұлытау	-	-	-	4 586	4 416
Астана қ.	28 736	29 565	31 395	30 302	29 415
Алматы қ.	34 308	35 526	37 922	36 110	35 488
Шымкент қ.	28 545	31 712	35 367	31 941	31 022

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

* Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстандық қоғамдық даму институты (2023 ж.), «Кеш ана атану» талдау баяндамасы (социологиялық зерттеулер негізінде)

Туудың жоғары деңгейі әлеуметтік инфрақұрылымға қосымша салмақ түсіреді. Сондықтан бала туу көрсеткіші жоғары өңірлерге баса назар аудару қажет. Дәл осындай аймақтарда мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығы қатты сезіледі. Сонымен қатар медициналық көмекке, балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беруге және басқа да салаларға деген қажеттілік артып келеді. Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша, Қазақстанда туу көрсеткішінің артуы қазірдің өзінде жаңа мектептерге деген қажеттілікті арттырды. 2030 жылға қарай елдегі жастардың саны екі есеге жуық артады. Бұл білім беру жүйесі мен еңбек нарығына қосымша салмақ салады.*

1. 1000 балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі көрсеткіштеріне бала өлімі көрсеткіші де енген.

2023 жылы БҰҰ-ның Балалар өлімін бағалау жөніндегі ведомствоаралық тобы (UN IGME) «Балалар өлімінің деңгейлері мен тенденциялары» есебін жариялады. Есеп бүгінгі күні бұрын-соңды болмаған деңгейде көп бала аман қалғанын және 2000 жылдан бері бес жасқа дейінгі балалар өлімінің жаһандық деңгейі 51 пайызға төмендегенін көрсетті.

ҰСБ деректері бойынша, Қазақстанда бес жасқа дейінгі балалар өлімінің көрсеткіші 59,8% төмендеп, 2000 жылы 1000 тірі туылған балаға шаққанда 24,96 өлімнен 2023 жылы 10,03 өлімге дейін азайған.

1.3-кесте. 5 жасқа дейінгі балалардың қайтыс болу динамикасы

Жылдар	5 жасқа дейін қайтыс болған			1000 тірі туылған балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны		
	барлығы	ұлдар	қыздар	барлығы	ұлдар	қыздар
2000	5 540	3 211	2 329	24,96	28,23	21,5
2005	5 252	2 990	2 262	18,83	20,84	16,7
2010	7 190	4 117	3 073	19,55	21,76	17,21
2015	4 797	2 741	2 056	12,04	13,35	10,64
2016	4 325	2 496	1 829	10,79	12,04	9,45
2017	3 997	2 269	1 728	10,24	11,25	9,17

* <https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/099030724012521561/p17983812e207b06a188db1b5af589b895f>

Жылдар	5 жасқа дейін қайтыс болған			1000 тірі туылған балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны		
	барлығы	ұлдар	қыздар	барлығы	ұлдар	қыздар
2018	4 021	2 388	1 633	10,11	11,64	8,48
2019	4 300	2 503	1 797	10,69	12,03	9,25
2020	4 016	2 314	1 702	9,41	10,48	8,26
2021	4 485	2 510	1 975	10,04	10,9	9,13
2022	3 989	2 274	1 715	9,88	10,93	8,76
2023	3 894	2 255	1 639	10,03	11,24	8,72

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

1.4-кестеде 2023 жылы облыстар бойынша 2022 жылғы статистикамен салыстырғанда қайтыс болған балалардың саны туралы деректер келтірілген.

Тірі туған 1000 балаға шаққанда 5 жасқа дейінгі балалар өлімі 2022 жылмен салыстырғанда шамалы артты (+1,5%) (2023 ж. тірі туған 1000 балаға – 10,03, 2022 ж. – 9,88).

1.4-кесте. Тірі туған 1000 балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны

Өңірлер	2022	2023	Динамика, %
ҚР	9,88	10,03	1,5
Абай	8	8,1	1,3
Ақмола	7	8,5	21,4
Ақтөбе	11	11,6	5,5
Алматы	12	11,3	-5,8
Атырау	10	10,6	6,0
ШҚО	10	9,5	-5,0
Жамбыл	10	10,3	3,0
Жетісу	11	11,3	2,7
БҚО	10	9,7	-3,0
Қарағанды	10	8,1	-19,0
Қостанай	13	10,8	-16,9
Қызылорда	13	11,4	-12,3
Маңғыстау	10	10,9	9,0
Павлодар	9	9,3	3,3
СҚО	13	11,5	-11,5
Түркістан	11	11,1	0,9
Ұлытау	12	10,0	-16,7
Астана қ.	7	7,6	8,6
Алматы қ.	6	7,8	30,0
Шымкент қ.	10	10,4	4,0

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Бала өлімі көрсеткішінің төмендеуі 8 облыста байқалады, ең жоғары көрсеткіш Қарағанды (-19%), Қостанай (-16,9%) және Ұлытау облысында (-16,7%) байқалды.

Бірқатар өңірлердегі өлім-жітім деңгейінің төмендеуі – әр баланы туғаннан бастап мектеп жасына дейін бақылауға мүмкіндік беретін табысты скринингтік бағдарламалардың нәтижесі. Бағдарламалар балалардың денсаулығын сақтаудың кезең-кезеңімен біріктірілген әдістемесіне негізделген. Мысалы, 312 118 жаңа туған нәресте (80,4%) неонаталдық скринингпен қамтылды.

Өлім-жітімнің жоғары деңгейі Ақтөбе (1000 тұрғынға 11,6 жағдай), Солтүстік Қазақстан (11,5 жағдай) және Қызылорда облыстарында (11,4 жағдай) байқалды.

Бұл қайғылы статистиканың көпшілігі негізінен мерзімінен бұрын босану, босану кезіндегі асқынулар, пневмония, қызылша және көкжетел сияқты алдын алуға болатын немесе емдеуге болатын себептерге байланысты.

Себептерді талдау жағдайлардың жартысында (50%) мәселе перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдаяттармен байланысты екенін көрсетті. Екінші орында – туа біткен даму кемістігі (21%).

2023 жылы нәрестелердің респираторлық аурулардан қайтыс болуы 21,8%-ға ұлғайды. 2023 жылы ол 0,55 болса, ал 2022 жылы 0,43 көрсеткішін құрады. Мұндай аурулар нәресте өлімінің құрылымында туа біткен аномалиялар мен жарақаттардан кейінгі үшінші орынды иеленді.

Жұқпалы аурулар таралу көрсеткіші төртінші орында. 2023 жылы олар 0,49, ал 2022 жылы 0,51 болды.

1.5-кесте. 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны, 2023 жыл

Өңір	Барлығы			Қала			Ауыл		
	Ұлдар	Қыздар	Барлығы	Ұлдар	Қыздар	Барлығы	Ұлдар	Қыздар	
ҚР	3 894	2 255	1 639	2 154	1 217	937	1 740	1 038	702
Абай	80	47	33	48	30	18	32	17	15
Ақмола	93	61	32	57	36	21	36	25	11
Ақтөбе	222	128	94	147	83	64	75	45	30
Алматы	378	226	152	58	32	26	320	194	126
Атырау	175	104	71	87	54	33	88	50	38
ШҚО	83	43	40	55	26	29	28	17	11
Жамбыл	267	164	103	131	80	51	136	84	52
Жетісу	150	77	73	65	31	34	85	46	39

Өңір	Барлығы			Қала			Ауыл		
	Барлығы	Ұлдар	Қыздар	Барлығы	Ұлдар	Қыздар	Барлығы	Ұлдар	Қыздар
БҚО	117	63	54	53	27	26	64	36	28
Қарағанды	133	77	56	107	62	45	26	15	11
Қостанай	104	58	46	58	34	24	46	24	22
Қызылорда	228	128	100	109	61	48	119	67	52
Маңғыстау	227	131	96	89	45	44	138	86	52
Павлодар	91	52	39	58	31	27	33	21	12
СҚО	64	40	24	28	16	12	36	24	12
Түркістан	618	368	250	151	85	66	467	283	184
Ұлытау	44	19	25	33	15	18	11	4	7
Алматы қ.	275	154	121	275	154	121	-	-	-
Астана қ.	222	128	94	222	128	94	-	-	-
Шымкент қ.	323	187	136	323	187	136	-	-	-

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Балалардың алдын алуға болатын өлім-жітім көрсеткіштерін төмендету қолжетімді, сапалы медициналық қызметке мақсатты инвестицияларды талап етеді. Бұған босану, босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі күтім, кішкентай және жаңа туған науқас нәрестелерді күту кезінде білікті медициналық қызметкерлерге қолжетімділікті қамтамасыз ету кіреді.

Сонымен қатар балалар өлімінің негізгі себептерін жою үшін вакцинация, диагностика, профилактика және емдеу шаралары сияқты профилактикалық қызметтерді көрсету маңызды.

Одан бөлек жас ерекшеліктері бойынша тірі қалуды бақылайтын және мониторинг жасайтын деректер жүйелерін күшейту қажет. Бұл негізгі теңсіздіктерді шешуге көмектесіп, бізді «Салауатты өмірді қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың хал-ахуалына ықпал ету» дейтін тұрақты дамудың үшінші мақсатына жақындатады.

2. 100 мың балаға шаққанда сыртқы себептерден 0–18 жаста қайтыс болған балалардың саны

Сыртқы себептерден болатын балалар өлімі – алдын алуға болатын жағдайларға байланысты себептердің жалғыз класы әрі дүние жүзінде 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар өлімінің басты себебі.

Республикада 2023 жылы сыртқы себептерден 1093 бала қайтыс болды. Бұл көрсеткіш баланың тұратын жеріне байланысты өзгереді. Ауылдық жерлерде балалар сыртқы себептерден жиі

қайтыс болады. Ауылдық жерлерде 597 жағдай (54,6%) тіркелсе, қалалық жерлерде 496 жағдай (45,4%) тіркелген.

1.6-кесте. 100 мың балаға шаққанда сыртқы себептерден 0–18 жаста қайтыс болған балалардың саны

Өңірлер	2022	2023	Динамика, %
ҚР	15,1	16,2	7,3
Абай	18,5	17,5	-5,4
Ақмола	15	13,4	-10,7
Ақтөбе	16	19,8	23,8
Алматы	19	21,4	12,6
Атырау	13	18,7	43,8
ШҚО	11	16,4	49,1
Жамбыл	23	17,2	-25,2
Жетісу	21,0	22,5	7,1
БҚО	10	15,3	53,0
Қарағанды	15	11,7	-22,0
Қостанай	21	16,4	-21,9
Қызылорда	11	9,6	-12,7
Маңғыстау	13	13,5	3,8
Павлодар	15	15,1	0,7
СҚО	15	8,6	-42,7
Түркістан	18	21,7	20,6
Ұлытау	18,3	29,3	60,1
Астана қ.	9	13,8	53,3
Алматы қ.	9	7,0	-22,2
Шымкент қ.	12	15,9	32,5

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

2022 жылы сыртқы себептерден бала өлімі 100 мың балаға шаққанда 15,1 жағдайды құрады. 2023 жылы бұл көрсеткіш 7,3 пайызға өсіп, 16,2-ге жетті.

Ұлдар сыртқы себептерден қыздарға қарағанда екі есе дерлік жиі қайтыс болады: 100 мың ұл балаға шаққанда 20,85 жағдай тіркелсе, 100 мың қыз балаға шаққанда 11,07 жағдай тіркелген.

Шамасы, бұл мінез-құлықтағы гендерлік айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін. Ұлдар табиғатынан қыздарға қарағанда тәуекелге бейім келеді. Бұл өлімге әкелетін жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың ықтималдығын арттырады.

Еліміздің 8 өңірінде сыртқы себептерден нәресте өлімі төмендеген. Солтүстік Қазақстан (-42,7%), Жамбыл (-25,2%)

облыстарында және Алматы қаласында (-22,2%) төмендеудің ең үлкен көрсеткіші байқалады. Бұл көрсеткіш бойынша қолайсыз жағдай Ұлытау облысында 60,1% (18,3-тен 29,28-ге), Астана қаласында 53,3% (9-дан 13,8-ге) және Батыс Қазақстан облысында 53% (10-нан 15,3-ке дейін) ұлғайған.

1.7-кесте. 0-18 жас аралығындағы балалардың белгілі бір себептерден қайтыс болуы

Жылдар	Кейбір жұқпалы және паразиттік аурулар	Қатерлі ісік	Қан айналымы жүйесінің аурулары	Тыныс алу мүшелерінің аурулары	Ас қорыту мүшелерінің аурулары	Сыртқы себептер	Жалпы
2000	798	248	179	1 707	138	1 893	4 963
2005	304	221	125	919	77	1 741	3 387
2010	308	223	167	784	83	1 528	3 093
2015	258	244	185	444	92	1 197	2 420
2016	225	218	154	337	59	1 107	2 100
2017	242	196	168	322	65	1 079	2 072
2018	174	218	214	339	68	1 040	2 053
2019	288	206	254	432	69	1 030	2 279
2020	233	193	190	348	63	870	1 897
2021	309	234	241	338	76	932	2 130
2022	370	213	207	373	75	933	2 171
2023	367	192	220	415	83	1 093	2 178

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Сыртқы себептерден болатын өлімнің ең жоғары көрсеткіші 0 мен 14 жас аралығындағы балалар арасында – 74,3%. Бұл көрсеткіш 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің өлім көрсеткішімен салыстырғанда үш есе көп.

Сыртқы факторлардың әсерінен болатын өлім себептері құрылымында жол-көлік оқиғалары, суға бату және абайсызда тұншығу негізгі орын алды.

1.8-кесте. 0-14 жас аралығындағы балалардың сыртқы себептерден қайтыс болуы

Себептері	2005	2010	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Сыртқы себептен қайтыс болған балалардың жалпы саны	1 228	1 126	926	869	852	804	792	664	694	701	813
оның ішінде:											
көлік апатының барлық түрлері	255	258	208	208	180	206	218	161	173	175	264
кездейсоқ суға батып кету	280	199	185	155	153	138	121	103	136	75	122
кездейсоқ тұншығу	180	224	204	147	148	17	24	12	19	8	113

Себептері	2005	2010	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
өрт оқиғалары	48	32	30	46	10	25	32	38	30	42	30
ішімдікке кездейсоқ улану	-	-	1	-	-	2	1	-	-	-	
басқа кездейсоқ уланулар	73	102	45	46	48	41	27	40	18	29	68
суицид	102	78	44	55	52	59	47	44	44	38	27
жалпы санның ұл балалар санымен арақатынасы											
кісі өлтірулер	20	15	6	7	10	6	3	11	5	21	4
белгісіз ниетпен зиян келтіру	43	39	42	50	77	35	34	36	78	100	100

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

2023 жылы ДДСҰ «2023 жылдағы жол қауіпсіздігінің жаһандық жай-күйі баяндамасын» (Global status report on road safety 2023) жариялады.

Баяндамада келтірілген деректерге сәйкес, 5-29 жас аралығындағы өлім себептері статистикасында жол-көлік оқиғалары бірінші орында тұр. Балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының 90%-ға жуығы жүргізушілердің кінәсінен, бұл ретте балаларды тасымалдау ережелерін бұзады. Негізгі бұзушылықтарға мыналар жатады: балаларға арналған орындықтардың болмауы, жаяу жүргіншілер өткелінің ережелерін бұзу және т.б.

ДДСҰ есебінде жол инфрақұрылымының сапасын жақсарту, автопарк қауіпсіздігін арттыру және көлік жүргізу кезінде телефондарды пайдалану бойынша ұсыныстар берілген. Жауапты мемлекеттік органдар басқа елдерде сәтті қолданылған озық тәжірибелерді зерттеп, енгізуі керек. Бұл Қазақстандағы жолдарды қауіпсіз етуге көмектеседі.

Қазақстанда балалар арасында суға кетудің алдын алу мақсатында республикалық деңгейде қажетті шаралар қабылданып келеді. Мысалы, суға түсу маусымы кезінде рұқсат етілмеген жерлерде шомылуға тыйым салынатынын ескертетін SMS хабарламалар жіберіледі. Өңірлерде ТЖМ қызметкерлері, полицейлер мен еріктілердің қатысуымен түнгі уақытта профилактикалық патрульдеу жұмыстары жүргізіледі. Алайда зерттеулер көрсеткендей, балалардың 50%-ы суға түскен кезде жүзу қауіпсіздігі құралдарын пайдаланбайды.

Балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермес үшін ТЖМ

аймақтық бөлімшелер арқылы халық арасында тарататын арнайы нұсқаулықтар әзірледі.

2023 жылы Қазақстан балалардың терезеден құлау жағдайларын болдырмау бойынша Нью-Йорктің тәжірибесін қабылдады. Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) елдегі кеңсесі республиканың мемлекеттік ведомстволарына консультациялық және техникалық көмек көрсетеді. МС-қа түзетулер енгізіліп, құрылыс компанияларының тұрғын үйлер, балабақшалар және мектептердің терезе жақтауларына блокаторларды міндетті түрде орнатуы заңмен бекітілді. Бұл түзетулер жаңа немесе жаңадан салынған үйлер мен балалар мекемелеріне қатысты. Салынып қойған ғимараттарға блокираторларды орнату мәселесі талқыланып жатыр.

ОМ жүргізген балалар өлімінің сыртқы себептерін жан-жақты талдау ересектер мұқият назар аударған жағдайда көптеген жазатайым оқиғалардың алдын алуға болатынын көрсетті.

Сонымен қатар, жаппай ақпараттық шаралар өткізіледі. Мысалы, «Жас құтқарушы» және «Жол қозғалысының жас қатысушысы» клубтары бар. БАҚ және интернет ресурстары арқылы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша тиісті бейнероликтер көрсетіліп, қоғамдық орындарда буклеттер таратылады.

3. 100 мың балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың саны

Денсаулық сақтау саласындағы ең өзекті проблемалардың бірі – балалардың дұрыс тамақтанбауы және семіздігі. Кейінгі онжылдықта қаныққан майлар, транс майлар, қант пен тұзды тұтыну көлемінің артуына байланысты балалардың тамақтану рационы айтарлықтай өзгерді.

Көбінесе семіздік тағам арқылы ағзаға түсетін энергия мен дененің энергия шығыны арасындағы теңгерімнің болмауынан туындайды. Жоғары калориялы тағамды шамадан тыс тұтыну және артық салмақ жинау ағза жүйесінің жұмысын бұзады.

Балалардағы семіздік денсаулыққа байланысты күрделі проблемаларға: ас қазан-ішек жолдарының, жүрек-қан тамыр жүйесінің ауруларына, атеросклероз, инсулинге төзімділік, 2 типті қант диабеті және басқа да ауруларға әкелуі мүмкін.

ДДСҰ-ның болжамы бойынша бүгінгі күні орын алған жағдай сақталса, онда 2025 жылға қарай 5 жасқа дейін 70 миллион бала

семіздікке шалдығуы мүмкін. Артық салмақ пен семіздік – балалар мен жасөспірімдер арасында ең көп таралған эндокриндік бұзылыс болып саналады.

1.9-кесте. 100 мың балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың саны

Өңір	2022	2023	Динамика, %
ҚР	43,7	45,5	4,1
Абай	76,7	42,4	-44,7
Ақмола	31,7	42,9	35,3
Ақтөбе	30,7	34,1	11,1
Алматы	30,7	24,0	-21,8
Атырау	53,4	53,3	-0,2
БҚО	50,1	53,2	6,2
Жамбыл	26,7	25,8	-3,4
Жетісу	18,5	22,5	21,6
Қарағанды	74,1	34,3	-53,7
Қостанай	61,8	65,6	6,1
Қызылорда	31,5	32,4	2,9
Маңғыстау	57,6	68,9	19,6
Павлодар	45,7	42,4	-7,2
СҚО	47,3	48,7	3,0
Түркістан	18,3	8,5	-53,6
Ұлытау	4,1	22,6	451,2
ШҚО	112,3	139,2	24,0
Астана қ.	31,0	44,5	43,5
Алматы қ.	37,8	58,5	54,8
Шымкент қ.	97,5	115,7	18,7

Дереккөз: ДСМ

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша 2023 жылы 0-18 жас аралығында семіздікке шалдыққан балалар саны 100 мың балаға шаққанда 45,5-ті құрады.

Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 4,1%-ға ұлғайған.

Аймақтар бойынша семіздікке шалдыққан 0-18 жас аралығындағы балалар көрсеткішінің төмендеуі 7 өңірде -0,2%-дан -53,7%-ға дейінгі аралықта байқалады.


2023 жылы Қарағанды (-53,7%), Түркістан (-53,6) және Абай облысында (-44,7%) көрсеткіштер төмендеп, бұл көрсеткіш бойынша жағдай жақсарды.

2022 жылмен салыстырғанда жағдайдың нашарлауы Ұлытау

облысында (5,5 есе), Алматы (+54,8%) және Астана қалаларында (+43,5%) байқалады.

Балалардағы семіздіктің ең жоғары көрсеткіші – Шығыс Қазақстан облысында (139,2), ең төмені – Түркістан облысында (8,5) тіркелді.

Диаграмма 1.5.100 мың балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың саны, 2023 жыл



Дереккөз: ДСМ

Өмірінде бірінші рет «семіздік» (коды ICD-10: E66) диагнозы қойылған 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар туралы ақпарат аймақтар бойынша 1.10-кестеде көрсетілген.

1.10-кесте. 2022–2023 жж. кезеңінде балалар мен жасөспірімдер арасындағы семіздік деңгейі туралы деректер

Өңір	2022		2023	
	Саны	100 мың адамға шаққандағы көрсеткіш	Саны	100 мың адамға шаққандағы көрсеткіш
ҚР	2 917	43,7	3 086	45,5
Абай	144	76,7	80	42,4
Ақмола	71	31,7	96	42,9
Ақтөбе	99	30,7	112	34,1
Алматы	165	30,7	132	24,0
Атырау	142	53,4	145	53,3
БҚО	107	50,1	115	53,2
Жамбыл	123	26,7	120	25,8
Жетісу	45	18,5	55	22,5
Қарағанды	235	74,1	109	34,3
Қостанай	129	61,8	136	65,6

Өңір	2022		2023	
	Саны	100 мың адамға шаққандағы көрсеткіш	Саны	100 мың адамға шаққандағы көрсеткіш
Қызылорда	103	31,5	108	32,4
Маңғыстау	182	57,6	224	68,9
Павлодар	94	45,7	87	42,4
СҚО	61	47,3	62	48,7
Түркістан	166	18,3	78	8,5
Ұлытау	3	4,1	17	22,6
ШҚО	206	112,3	255	139,2
Астана қ.	135	31,0	204	44,5
Алматы қ.	243	37,8	384	58,5
Шымкент қ.	464	97,5	567	115,7

Дереккөз: ДСМ

Балалардағы артық салмақтың жоғары деңгейін фастфудтар, жеңіл және қант пен майы көп тағамдар сияқты экономикалық және физикалық қолжетімді жоғары калориялы тағамдарды тұтынумен байланыстыруға болады. Бұл ең алдымен дұрыс тамақтанбауға ықпал етеді әрі балалардың семіздікке шалдығу қаупін арттырады.

ДДСҰ сарапшыларының пікірінше мұндай алаңдатарлық тенденция пайдалы және қоректік тағамдардың бүкіл әлем бойынша тым қымбат, ал өңделген әрі калориялы тағамдардың тұтынушылар үшін көбінесе арзан балама болуына байланысты, сонымен қатар, азық-түлік маркетингі мен саясатының салдарынан туындап отыр.

Екіншіден, проблеманың дамуына балалардың физикалық белсенділігінің төмен болуы да ықпал етеді. Балалардағы физикалық белсенділік проблемасын шешуде қазіргі уақытта цифрлық гаджеттердің көптігі, интернеттің қолжетімділігі және әлеуметтік желілердегі ойын-сауық контентінің алуан түрлі болуы қиындатып отыр. Балалардың экран алдындағы уақыты офлайн режимдегі белсенділіктің азаюына айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Үшіншіден, ересектердің (үлкендердің) баламен қарым-қатынасына байланысты психологиялық проблемалар тағамды бақылаусыз тұтынуға әсер етеді.

4. 100 мың балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны

Балалар денсаулығының маңызды көрсеткішінің бірі – ас қорыту мүшелерінің және асқазан-ішек жолдары (бұдан әрі – асқазан-ішек жолдары) ауруларының деңгейі. ДСМ-ның деректері бойынша 2023 жылы 100 мың балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту ауруларының саны 6214,3 болған.

Алдыңғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 2,2% ұлғайған (6 081,2-ден 6 214,3-ке дейін).

1.11-кесте. 100 мың балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны


Өңір	2022	2023	Динамика, %
ҚР	6 081,2	6 214,3	2,2
Абай	8 998,4	9 043,3	0,5
Ақмола	3 944,4	4 487,7	13,8
Ақтөбе	3 032,4	2 870,4	-5,3
Алматы	5 697,0	5 645,2	-0,9
Атырау	1 997,8	2 214,3	10,8
БҚО	4 611,1	4 408,7	-4,4
Жамбыл	4 758,2	5 302,7	11,4
Жетісу	6 089,0	3 851,6	-36,7
Қарағанды	5 844,1	4 906,9	-16,0
Қостанай	5 319,2	5 065,5	-4,8
Қызылорда	7 090,3	6 413,3	-9,5
Маңғыстау	5 902,5	5 779,4	-2,1
Павлодар	7 060,1	7 050,1	-0,1
СҚО	4 604,6	4 954,7	7,6
Түркістан	9 539,1	9 731,3	2,0
Ұлытау	4 674,5	4 822,5	3,2
ШҚО	6 147,8	6 196,7	0,8
Астана қ.	8 420,8	8 861,3	5,2
Алматы қ.	5 336,6	6 051,5	13,4
Шымкент қ.	7 343,4	6 663,1	-9,3

Дереккөз: ДСМ

10 өңірде жағдайдың жақсаруы байқалады. Есептік жылда балалар арасындағы ас қорыту мүшелері ауруларының саны бойынша Жетісу (-36,7%), Қарағанды (-16%) және Қызылорда (-9,5%) облыстарында деректердің көбірек төмендегені байқалды. 2023 жылы осы жас сегментіндегі асқазан-ішек ауруларымен

ауыратын балалардың ең аз саны Атырау (2214,3), Ақтөбе (2870,4) және Жетісу облыстарында (3851,6) тіркелді.

Диаграмма 1.6.100 мың балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны, 2023 жыл



Дереккөз: ДСМ

Түрлі өңірлердегі балалар арасындағы ас қорыту мүшелерінің аурулары туралы 2022 және 2023 жылдардағы мәліметтерді салыстыру 10 өңірде мұндай аурулардың көбейгенін көрсетеді.

Ең жоғары өсім Ақмола облысында (+13,8%), ал ең төмен өсім Абай облысында (+0,5%) тіркелді.

Балалардағы асқазан-ішек ауруларының көбеюінің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, экологияның өзгеруі, тамақтану әдеттерінің өзгеруі, дұрыс тамақтанбау сияқты мінез-құлық факторлары, ем қабылдау кезінде антибиотиктерді шамадан тыс қолдану, эмоционалдық стресс, физикалық белсенділіктің төмендігі және басқа факторлар.

Тамақтану адам денсаулығына айтарлықтай әсер етеді және асқазан-ішек ауруларының дамуына ықпал етуі мүмкін. Аурудың алдын алу – аурудың пайда болуын болдырмауға көмектесетін шаралар кешені. Бұл бағыттағы басты шаралардың бірі – әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан 1,6 миллионнан астам оқушы мен бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтік жағдайына қарамастан тегін тамақтандыру болды. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-4 сынып оқушыларының барлығы тегін тамақтанады. Өткен жылдары бастауыш сынып оқушыларының 56,6%-ы тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Балалар мен жасөспірімдердің күнделікті өміріне салауатты тамақтану және белсенді өмір салты қағидаларын енгізу – маңызды міндет.

Оқушылардың денсаулық көрсеткіштерін жақсарту, балалар, ата-аналар мен мектеп әкімшілігін салауатты өмір салтына баулу және зиянды әдеттерден қорғау мақсатында ОМ және ДСМ-нің бастамасымен ДДСҰ-ның «Денсаулықты нығайту мектебі» жобасы жүзеге асырылуда.

5. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған дене сымбаты бұзылған 0-14 жастағы балалардың үлесі

Баланың дене сымбаты ерте балалық шақта қалыптасып, өсу кезеңі аяқталғанда тоқтайды. Алайда ол дене бұлшық еттердің әлсіздігінен кез келген жаста бұзылуы да мүмкін.

2023 жылы 0-14 жастағы балаларды профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде балалардың 0,23%-ында дене сымбатының бұзылуы анықталған. Мұндай балалардың үлесі бұрынғы деректермен салыстырғанда 27,8% ұлғайған. 1.12-кестеде профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған дене сымбаты бұзылған балалар саны көрсетілген.

1.12-кесте. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған дене сымбаты бұзылған 0-14 жастағы балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	0,18	0,23	27,8
Абай	0,23	0,16	-30,4
Ақмола	0,16	0,14	-12,5
Ақтөбе	0,15	0,18	20,0
Алматы	0,17	0,58	241,2
Атырау	0,07	0,07	0,0
ШҚО	0,23	0,27	17,4
Жамбыл	0,06	0,03	-50,0
Жетісу	0,15	0,13	-13,3
БҚО	0,26	0,17	-34,6
Қарағанды	0,41	0,67	63,4
Қостанай	0,20	0,18	-10,0
Қызылорда	0,06	0,05	-16,7
Маңғыстау	0,07	0,06	-14,3


Өңір	2022	2023	Динамика
Павлодар	0,83	0,69	-16,9
СҚО	0,25	0,43	72,0
Түркістан	0,06	0,02	-66,7
Ұлытау	0,16	0,12	-25,0
Алматы қ.	0,21	0,26	23,8
Астана қ.	0,55	0,48	-12,7
Шымкент қ.	0,07	0,07	0,0

Дереккөз: ДСМ

2023 жылы Түркістан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының балалары дене сымбатының бұзылуы бойынша проблемаға ең аз тап болған. Бұл аймақтарда дене сымбатының бұзылуы сәйкесінше балалардың 0,02%, 0,03% және 0,05%-ында ғана болған.

Есептік жылда дене сымбаты бұзылған балалардың көпшілігі Павлодар (0,69%), Қарағанды (0,67%) және Алматы (0,58%) облыстарында анықталды. Алматы (3,4 есе), Солтүстік Қазақстан (+72%) және Қарағанды (+63,4%) облыстарында өсім байқалады.

Диаграмма 1.7. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған дене сымбаты бұзылған 0-14 жастағы балалардың үлесі, 2023 жыл, %



Дереккөз: ДСМ

Көп қозғалысы жоқ өмір салты дене сымбатының бұзылу проблемаларына әкеледі. Балалардағы дене сымбаты бұзылуының басқа ықтимал себептеріне майтабандық, физикалық белсенділіктің болмауы, нашар күнделікті режим және бос уақытын виртуалды әлемде өткізу жатады.

Дегенмен бұл мәселені шешуге болады. Балаға туғаннан бастап дұрыс дене тәрбиесін беру дене сымбаты бұзылуын алдын алуда маңызды. Ата-аналар мен педагогтер тарапынан қадағалау болуы қажет.

6. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың үлесі

Статистикаға сәйкес, бірінші сыныпқа баратын балалардың 5%-ы миопияға шалдыққан.

Дегенмен ДСМ мәліметі бойынша, кейінгі жылдары профилактикалық тексерулер нәтижесінде анықталған көру қабілеті төмендеген 0 мен 14 жас аралығындағы балалардың үлесі азайып келеді. 2022 жылы бұл көрсеткіш 1,26%, ал 2023 жылы 1,19% болды.

1.13-кесте. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың үлесі, %


Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	1,26	1,19	-5,6
Абай	1,19	0,91	-23,5
Ақмола	0,51	0,42	-17,6
Ақтөбе	1,59	1,28	-19,5
Алматы	0,51	0,44	-13,7
Атырау	2,09	2,61	24,9
ШҚО	1,62	2,27	40,1
Жамбыл	0,23	0,31	34,8
Жетісу	0,88	0,77	-12,5
БҚО	2,06	2,37	15,0
Қарағанды	2,99	3,14	5,0
Қостанай	1,03	0,93	-9,7
Қызылорда	1,95	1,95	0,0
Маңғыстау	1,18	0,64	-45,8
Павлодар	1,43	1,47	2,8
СҚО	2,30	2,73	18,7
Түркістан	0,38	0,18	-52,6
Ұлытау	0,77	1,24	61,0
Алматы қ.	1,42	1,33	-6,3
Астана қ.	3,99	2,22	-44,4
Шымкент қ.	0,80	0,73	-8,8

Дереккөз: ДСМ

Мұндай балалардың үлесі 3,14% құрайтын Қарағанды облысындағы, Солтүстік Қазақстан (2,73%) және Атырау (2,61%) облыстарындағы балалардың көру қабілетінің төмендеуі проблемасына ерекше назар аудару қажет. Басқа өңірлердегі көрсеткіштің динамикасы салыстырмалы түрде тұрақты, аздап төмендеу байқалады.

Ең жоғары жақсару қарқыны Түркістан (-52,6%), Маңғыстау (-45,8%) облыстарында және Астана қаласында (-44,4%) көрініс тапты.

Диаграмма 1.8. 2023 жылы профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың үлесі, %



Дереккөз: ДСМ

Балалар түрлі себепке байланысты нашар көре бастайды. Мысалы, бұл тұқым қуалаушылыққа, көздің құрылымына, жатыршілік инфекцияларға, А витаминінің жетіспеушілігіне, босану кезіндегі асқынуларға немесе мерзімінен бұрын босануға байланысты болуы мүмкін.

Сондай-ақ, миопия, алыстан көрмеу, астигматизм сияқты басқа да патологияларға байланысты көру өткірлігі төмендеуі мүмкін.

Көбінесе балалық шақта миопиямен күресуге тура келеді. Қазіргі заман балаларының көру қабілетінің нашарлау себептері генетикалық факторлардан бөлек сыртқы факторлардан да болуы мүмкін. Мысалы, оқу процесінің компьютерленуі, оқу жүктемесінің көптігі, таза ауадағы белсенділіктің шектелуі, бос уақытын пассивті өткізу, электрондық құрылғыларды шектен тыс көп қолдану және т.б

ДДСҰ жариялаған Көру проблемасы жөніндегі бүкіләлемдік бірінші баяндамаға (2019) сәйкес, ең кең тараған көз ауруларының негізгі факторлары мыналар:

- миопия (алыстан көрмеу),
- диабеттік ретинопатия,
- дер кезінде диагностикаламау.

Балалар таза ауада көбірек уақыт өткізіп, көзді ауыртатын әрекеттерге аз уақыт бөлер болса, бұл көз ауруларының дамуын болдырмауға көмектеседі. Осының арқасында миопия мен оның асқыну қаупі төмендейді. Көзді үнемі тексеру және қант диабетін дұрыс емдеу аурудың дамуын болдырмауға көмектеседі.

7. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі

ДСМ ұсынған деректер бойынша, профилактикалық тексерулер нәтижесінде анықталған 0-14 жас аралығындағы есту қабілеті төмендеген және сөйлеу кемістігі бар балалардың үлесі 30,8%-ға өсіп, 0,17%-ды құрады (2022 жылы – 0,13%).

1.14-кесте. Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі, %


Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	0,13	0,17	30,8
Абай	0,08	0,06	-25,0
Ақмола	0,07	0,05	-28,6
Ақтөбе	0,19	0,11	-42,1
Алматы	0,05	0,46	820,0
Атырау	0,09	0,13	44,4
ШҚО	0,36	0,17	-52,8
Жамбыл	0,04	0,03	-25,0
Жетісу	0,11	0,09	-18,2
БҚО	0,21	0,34	61,9
Қарағанды	0,39	0,43	10,3
Қостанай	0,07	0,05	-28,6
Қызылорда	0,28	0,37	32,1
Маңғыстау	0,10	0,04	-60,0
Павлодар	0,11	0,08	-27,3
СҚО	0,12	0,15	25,0

Өңір	2022	2023	Динамика
Түркістан	0,10	0,07	-30,0
Ұлытау	0,12	0,21	75,0
Алматы қ.	0,08	0,07	-12,5
Астана қ.	0,08	0,21	162,5
Шымкент қ.	0,19	0,16	-15,8

Дереккөз: ДСМ

Бұл көрсеткіш бойынша елдің 12 өңірінде жағдай жақсарды. Маңғыстау (-60%), Шығыс Қазақстан (-52,8%) және Ақтөбе (-42,1%) облыстарында көбірек төмендеу байқалады.

Диаграмма 1.9. 2023 жылы профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі, %



Дереккөз: ДСМ

2023 жылы есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балалар саны бойынша ең төменгі көрсеткіштер Ақмола, Қостанай, Маңғыстау және Жамбыл облыстарында тіркелді. Осы аймақтарда мұндай балалардың үлесі 0,05%-дан аз.

Профилактикалық тексерулер нәтижесінде анықталған есту қабілеті мен сөйлеу кемістігінің ең көп төмендеуі Алматы облысында (9,2 есе), Астана қаласында (2,6 есе) және Ұлытау облысында (75%) тіркелді.

Стресс деңгейі жоғары қалаларда тұратын балаларда (халықтың шамадан тыс тығыздығы, көлік) есту қабілетінің төмендеуі және сөйлеу ақаулары ауылдық жерлерден келген балаларға қарағанда жиі кездесетінін атап өткен жөн.

ДДСҰ-ның болжамы бойынша, 2050 жылға қарай 700 миллионға жуық адам оңалту көмегіне мұқтаж болады.

Сонымен қатар, баяндамада қоғамдық денсаулық сақтаудың тиімді шаралары әртүрлі жас топтарындағы адамдарда есту қабілетінің бұзылуын алдын алуға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Балалардағы есту қабілетінің бұзылу жағдайларының 60%-ға дерлігі иммундау, аналар мен жаңа туған нәрестелерге күтім сапасын жақсарту, скринингтік тексеру және уақытылы емдеу сияқты шаралар арқылы жоюға болатын себептерден туындайды.

8. 15-17 жастағы балалар арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сырқаттану көрсеткіші

Кейінгі бес жыл ішінде психоактивті заттарды қолдануға байланысты психикалық және мінез-құлық бұзылыстарынан зардап шегетін 15 пен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер санының тұрақты төмендеуі байқалады.

Психоактивті заттарды қолдануға қатысты психикалық мінез-құлық бұзылыстарының ең көп тараған себебі – алкогольді шамадан тыс тұтыну.

1.15-кесте. 100 мың балаға шаққанда 15-17 жастағы жасөспірімдер арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сырқаттану саны

Себептері	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Психоактивті заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстарының барлығы	49,6	33,4	24,1	17,2	11,8	10,7
Оның ішінде:						
алкоголь тұтыну	23,1	18,3	15,8	10,8	4,6	7,7
опиоид тұтыну	1,3	0,6	0,8	0,2	0,5	0,1
каннабиноидтарды тұтыну	5,7	0,8	1,8	2,5	1,1	1,0
галлюциногендерді тұтыну	0,7	0,0	0,0	0,0	0,0	
табак тұтыну	15,3	7,5	2,5	0,1	0,0	
ұшпа еріткіштерді тұтыну	1,6	5,2	1,8	1,9	3,7	1,3
есірткі және басқа да психоактивті заттарды біріктіріп қолдану	1,2	0,8	0,9	1,1	1,3	0,8
басқа	0,7	0,2	0,5	0,6	0,6	1,1

1.16-кестеде мұндай бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдердің саны берілген.

100 мыңға шаққанда 15-17 жас аралығындағы балалар арасында психоактивті заттарды қолдануға қатысты психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар аурулардың саны 9 облыста нөлдік межеге дейін төмендеді.


Бұл ретте психоактивті заттарды қолдануға қатысты психикалық мінез-құлық бұзылыстарының ең жоғары көрсеткіші Павлодар (100,3), Шығыс Қазақстан (90,25) және Қостанай (43,63) облыстарында байқалады. Ең жоғары өсім Ақтөбе (4,6 есе), Павлодар (3 есе), Алматы (+33,7%) облыстарында тіркелді.

1.16-кесте.100 мың балаға шаққанда 15-17 жастағы жасөспірімдер арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сыртқаттану саны

Өңір	2022	2023	Динамика, %
ҚР	11,78	10,70	-9,2
Абай	0,00	7,00	-
Ақмола	0,00	0,00	
Ақтөбе	2,50	11,58	в 4,6 раз
Алматы	2,85	3,81	33,7
Атырау	0,00	0,00	
ШҚО	192,25	90,25	-53,1
Жамбыл	9,69	4,43	-54,3
Жетісу	0,00	11,46	-
БҚО	3,63	0,00	-100,0
Қарағанды	2,20	0,00	-100,0
Қостанай	35,52	43,63	22,8
Қызылорда	2,41	2,20	-8,7
Маңғыстау	0,00	0,00	
Павлодар	27,37	100,30	в 3,7 раз
СҚО	0,00	0,00	
Түркістан	0,00	0,00	
Ұлытау	0,00	0,00	-
Алматы қ.	17,92	13,52	-24,6
Астана қ.	14,27	1,82	-87,2
Шымкент қ.	0,00	0,00	

Дереккөз: ДСМ

Диаграмма 1.10.100 мың балаға шаққанда 15-17 жастағы жасөспірімдер арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сыртқаттану саны



Дереккөз: ДСМ

ДСМ елімізде 20 жыл ішінде нашақорлықтан зардап шегетін адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтудың кешенді бағдарламасы сәтті жүзеге асырылып жатқанын атап өтеді. Бұл бағдарлама бірнеше кезеңді қамтиды: детоксикация, психотерапевтік және психокоррекциялық емдеу, сонымен қатар, әлеуметтік оңалту.

Есірткі және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстары анықталған жасөспірімдер диспансерлік-профилактикалық бақылаудан өтеді.

Психоактивті заттарға тәуелділікпен ауыратын науқастарды емдеу және оңалту тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіреді және амбулаториялық негізде жүзеге асырылады.

Абай, Ұлытау, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында нашақорлықпен ауыратындарға арналған медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелерін құру жоспарланып отыр.

Бүгінде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 296-бабына сәйкес, қоғамдық орындарда есірткілік заттарды пайдалану жазаға тартуға алып келеді. Сонымен қатар, Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы (құқық бұзушылық

профилактикасы саласында) бекітілді.*

Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз ету тұжырымдамасының 2024-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 14-18 жас аралығындағы мектеп оқушылары арасында психоактивті заттарды қолданудың таралуына тұрақты мониторинг жүргізу жоспарланған. Осы мақсатта алкоголь мен есірткі бойынша Еуропалық мектептік зерттеу жобасының (ESPAD) әдістемесі пайдаланылады. Мониторинг жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Нашақорлықтың бастапқы профилактикасын тиімді ұйымдастыру үшін жауапты орган тағайындау жоспарлануда. Бұл функционалдық талдау негізінде жасалады.

Сондай-ақ, үкімет жанынан нашақорлық пен есірткіге тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмысты үйлестіретін бірыңғай ведомствоаралық орталық құру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, аталған ведомствоаралық орталықтың базасында есірткіге қатысты бірыңғай ұлттық ақпараттық жүйе құрылады. Осы мақсатта БҰҰ халықаралық стандарттарына сәйкес деректерді жинау және талдаудың ережелері мен әдістемесі әзірленетін болады.

9. 100 мың балаға шаққанда балалар арасындағы суицид оқиғаларының саны

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид проблемасы – қауіпті әлеуметтік құбылыс. Балалардағы суицидтік мінез-құлық көбінесе әлеуметтік, экономикалық және психологиялық аспектілерді қоса алғанда, көптеген факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінен туындайды. Қазақстандағы балалар суицидінің себептері мен тенденцияларын түсіну және талдау жас ұрпақтың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған тиімді алдын алу және араласу стратегияларын әзірлеу жолындағы маңызды қадам саналады.

Республика бойынша балалар арасында бұл құбылыстың жиілігі тұрақты түрде жоғары болып отыр: 2020 жылы – 143 жағдай (әрекеттер – 306), 2021 жылы – 175 жағдай (әрекеттер – 373), 2022 жылы – 155 жағдай (әрекеттер – 309).

ҚСЖАЕК деректері бойынша, 2023 жылы Қазақстанда балалар суицидінің 204 және суицид әрекетінің 376 оқиғасы

* Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысы

тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өзіне-өзі қол жұмсау фактілері 49 жағдайға (155-тен 204-ке), ал қол жұмсауға оқталу 67 жағдайға (309-дан 376-ға) өсті.

Құрылымдық талдау кәмелетке толмағандар үшін суицидтің ең қауіпті жасы 13-16 жас аралығы екенін көрсетті. Өз-өзіне қол жұмсаған балалардың 66,1%-ы ұлдар, ал өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің басым бөлігі (63%) қыздарға тиесілі.

Кәмелетке толмағандар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудың жиі өлімге әкеп соғатын әдісі – асылу (75,4% – 154 факт). Суицидтік мінез-құлықтың бұл түрі жасөспірімнің өзіне және өзінің проблемаларына назар аудартуға, өмірлік жағдайлардан шығу қаншалықты қиын екенін көрсетуге ұмтылуына негізделген. Бұл көмек сұраудың бір түрі.

1.17-кесте. Өз-өзіне қол жұмсаған және суицид жасамақ болған балалардың саны

Өңір	Суицид фактісі болды			Суицид жасамақ болды		
	2022	2023	Динамика, %	2022	2023	Динамика, %
ҚР	155	204	31,6	309	376	21,7
Абай	3	8	166,7	10	12	20,0
Ақмола	4	4	0,0	13	11	-15,4
Ақтөбе	2	4	100,0	21	22	4,8
Алматы	14	22	57,1	18	14	-22,2
Атырау	4	11	175,0	14	35	150,0
ШҚО	5	7	40,0	15	28	86,7
Жамбыл	13	10	-23,1	5	5	0,0
Жетісу	7	10	42,9	3	7	133,3
БҚО	2	5	150,0	8	12	50,0
Қарағанды	5	8	60,0	13	7	-46,2
Қостанай	8	7	-12,5	5	5	0,0
Қызылорда	8	8	0,0	5	5	0,0
Маңғыстау	5	11	120,0	1	6	500,0
Павлодар	6	4	-33,3	22	19	-13,6
СҚО	5	3	-40,0	10	15	50,0
Түркістан	36	45	25,0	46	38	-17,4
Ұлытау	0	2	200	1	6	500
Алматы қ.	16	8	-50,0	15	35	133,3
Астана қ.	5	12	140,0	74	76	2,7
Шымкент қ.	7	14	100,0	8	16	100,0

Дереккөз: ҚСЖАЕК

Өңірлер бойынша жасалған талдау көрсеткендей, 2023 жылы балалар суицидінің саны бойынша Түркістан (45 бірлік), Алматы (22 бірлік) облыстары және Шымкент (14 бірлік) қаласы, суицид жасамақ болғандар саны Астана (76 бірлік) мен Алматы (35) қалаларында, Түркістан(38), Атырау (35) облыстарында көш бастап тұр.

Жалпы үш өңірде ғана балалар суицидінің 81 оқиғасы тіркеліп, Қазақстан бойынша 2023 жылғы мұндай жағдайлардың жалпы санының 40 пайызын құрайды.

1.18-кестеде балалар мен жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсау жағдайларының 2022-2023 жылдар аралығындағы динамикасын көруге болады.

Өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларының ең төменгі көрсеткіші Ақтөбе облысында (1,22), Алматы қаласында (1,22) және Ақмола облысында (1,79) тіркелді. Төмендеу динамикасы еліміздің 6 өңірінде, соның ішінде Алматы қаласында (-51,2%), Қостанай (-44,7%) және Солтүстік Қазақстан (-39,7%) облыстарында байқалады.

1.18-кесте. 100 мың балаға шаққандағы балалар арасындағы суицид оқиғаларының динамикасы

Өңір	2022	2023	Динамика, %
ҚР	2,1	3,00	42,9
Абай	1,6	4,24	165,0
Ақмола	1,8	1,79	-0,6
Ақтөбе	0,6	1,22	103,3
Алматы	2,8	4,18	49,3
Атырау	1,5	4,04	169,3
ШҚО	2,7	3,82	41,5
Жамбыл	2,8	2,15	-23,2
Жетісу	2,9	4,08	40,7
БҚО	0,9	2,31	156,7
Қарағанды	1,6	2,52	57,5
Қостанай	3,8	2,10	-44,7
Қызылорда	2,4	3,86	60,8
Маңғыстау	1,6	3,38	111,3
Павлодар	2,9	1,95	-32,8
СҚО	3,9	2,35	-39,7
Түркістан	4,0	4,88	22,0
Ұлытау	0,0	2,66	266

Өңір	2022	2023	Динамика, %
Алматы қ.	2,5	1,22	-51,2
Астана қ.	1,1	2,62	138,2
Шымкент қ.	1,5	2,86	90,7

Дереккөз: ҚСЖАЕК

Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу мәселелерін бірыңғай үйлестіруді ОМ жүзеге асырады.

Соңғы жылдары ОМ басқа да мемлекеттік органдармен бірлесе отырып кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша бірқатар бағдарламалық құжаттар мен бастамаларды жүзеге асыруда:

1. Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасы іске асырылуда.

2. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды. Бұл құжат ауқымды практикалық шаралар арқылы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары бекітілді. Орта білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің ережелері психологиялық қызметтегі мамандардың жұмысын жүйелеуге және нақтылауға, білім беру ұйымы әкімшілігінің жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді.

4. Әкімдіктердің бастамасымен 2023 жылы 7 өңірде (Қостанай, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары, Алматы, Астана қалалары) мектеп психологиялық қызметін үйлестіретін орталықтар/басқармалар құрылды. Осындай орталықтарды республика бойынша ашу жұмыстары басталды.

5. Министрлік «Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суицидті мінез-құлықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу» білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарын (80 сағат) өткізеді.

6. Бірқатар өңірлерде студенттер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламалары жүзеге асырылуда.

7. Өз-өзіне қол жұмсау қаупі бар адамдарға денсаулық сақтау жүйесінде психикалық денсаулық орталықтары (20), бастапқы психикалық денсаулық орталықтары (82), жастар денсаулық орталықтары (166), аудандық ауруханалар жанындағы психикалық

денсаулық кабинеттері (201) көмек көрсетеді.

Атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, мәселенің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы қосымша бірқатар жедел әрі жүйелі шараларды қабылдауды талап етеді.

Бірінші. Құзыреттіліктің анық бөлінуі

Педагог-психологтар оқушылардың оқу және даму процесін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге жауапты. Дегенмен, оларға суицидке бейім балаларды анықтау жауапкершілігі де жүктеліп жатады. Дәл осы тұста мұндай балаларды анықтау денсаулық сақтау жүйесіндегі клиникалық психологтардың міндеті саналады. Сондықтан суицидке бейім балаларға көмекті білікті медициналық мамандар – психиатрлар мен суицидологтар көрсетуі тиіс екенін нақты анықтау маңызды. Бұл мұндай балаларға дер кезінде кәсіби көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Екінші. Психологиялық қызметті жаңғырту

Білім берудегі психологиялық қызметтің алдында бұрынғы міндеттерден бөлек жаңа міндеттер тұр. Олар білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мұғалімдердің ерекше назарын қажет ететін балаларға қолдау көрсету, қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету, жедел психологиялық көмек жүйесін құру және т.б. Осы міндеттерді ескере отырып, білім беру жүйесінде психологиялық қызметтің жаңа моделін әзірлеу және енгізу өте маңызды.

Үшінші. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас

Құрылымдық талдау кәметке толмағандар арасындағы суицидтің ең қауіпті жасын – 13 пен 16 жас аралығын анықтауға мүмкіндік берді.

Жасөспірімді өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін көптеген себептер бар. Қатарластарымен жанжалдар, жауапсыз махаббат, өзін кем сезіну – мұның бәрі жасөспірімнің қиын жағдайдан шығар жолды көрмеуіне және жақындарының көмегі мен қолдауына жүгіне алмауына әкелуі мүмкін.

Кейде ата-аналар шектен тыс жұмысбастылықтың салдарынан балаларының өміріне қызығушылық танытпайды. Олар табыс көздерін табуға, жұмысқа орналасуға немесе отбасын қамтамасыз етуге байланысты басқа мәселелерді шешуге ден қоюы мүмкін. Бала тап болатын жанжалды жағдайларды реттеуге ата-ананың зейін қоймауы баланың суицидтік мінез-құлқын тудыруы мүмкін.

Айта кету керек, көп жағдайда балалар суицидiнiң себептерi белгiсiз күйiнде қалады. Отбасы да, достары да, бiлiм беру органдары мен полиция да мұндай қайғылы жағдайға не әкелгенiн түсiне алмайды.

Төртiншi. Әлеуметтiк желiлер

Қазiргi әлемде жасөспiрiмдердiң өз-өзiне қол жұмсауы туралы жаңалықтар БАҚ-та жиi жарияланады. Ашық дереккөздерден осы тақырып аясында Қазақстан бойынша 33 мыңға жуық мақала таба аласыз.

Бұл мәселенiң медиада кең хабарлануы Вертер эффектiсiне – суицид оқиғасы жаңалықтарда хабарланып немесе кiтапта яки фильмде сипатталған соң жасалған суицидтер санының артуына апаруы мүмкiн.

ДДСҰ-ның 2021 жылдың 17 маусымында жарияланған «Live Life» концепциясы суицид оқиғалары туралы жауапкершiлiкпен хабарлау үшiн БАҚ-пен байланысты күшейтудi ұсынады. Бұқаралық ақпарат құралдарында өз-өзiне қол жұмсау туралы хабарламалардың жариялануы елiктеп жасалған суицидтердiң өсуiне әкелуi мүмкiн. Сондықтан зиянды мазмұнды анықтау әрi жою хаттамаларын жақсарту, сонымен қатар ақпараттануды арттыру үшiн әлеуметтiк желiлерде ақпараттық-түсiндiру жұмыстарын жүргiзу маңызды.

Одан бөлек жасөспiрiмдердегi депрессиялық көңiл-күйдi анықтау үшiн әлеуметтiк желiлерде жұмысты күшейту қажет.

10. Өмiрге қанағаттану деңгейi жоғары 0-18 жастағы балалардың үлесi

Қазақстан Республикасындағы балалардың өмiрiне қанағаттану деңгейiнiң көрсеткiшi өскелең ұрпақтың эмоционалды-психологиялық жағдайын ғана емес, сонымен бiрге елдегi жалпы өмiр сапасын көрсететiн маңызды көрсеткiш саналады. 2023 жылы жүргiзiлген социологиялық зерттеу нәтижелерi өткен жылмен салыстырғанда көрсеткiштiң аздап төмендегенiне қарамастан, балалардың көпшiлiгi өз өмiрiне қанағаттанатынын көрсеттi.

«Жалпы, қазiр өз өмiрiңiзге қаншалықты қанағаттанасыз?» сауалнама сұрағына 10 мен 18 жас аралығындағы балалардың 85,2%-ы қазiргi өмiрiне қанағаттанатынын бiлдiрген. Сауалнамаға қатысқан балалардың 14,8%-ы көңiлi толмайтындығын мөлiмдеген.

2022 жылғы деректермен салыстырғанда қанағаттану деңгейі 0,43%-ға төмендеген. Өмірге қанағаттанудың ең жоғары көрсеткіштері Қостанай (89,3%) мен Түркістан (89,2%) облыстарында және Шымкент қаласында (88,8%) тұратын балалар арасында байқалды.

Ақмола (81%), Алматы (81,1%) және Маңғыстау (81,8%) облыстарында өз өміріне қанағаттанатын балалар аз.

1.19-кестеде өмірге қанағаттану деңгейі жоғары балалар саны көрсетілген.

1.19-кесте. Өмірге қанағаттану деңгейі жоғары 0-18 жастағы балалардың үлесі

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	85,63	85,2	-0,43
Абай	80,82	82,3	1,48
Ақмола	81,02	81,0	-0,02
Ақтөбе	88,05	88,1	0,05
Алматы	81,12	81,1	-0,02
Атырау	84,16	84,2	0,04
ШҚО	82,26	82,3	0,04
Жамбыл	88,01	88,0	-0,01
Жетісу	85,92	85,2	-0,72
БҚО	87,31	87,3	-0,01
Қарағанды	82,39	82,4	0,01
Қостанай	89,26	89,3	0,04
Қызылорда	88,65	88,7	0,05
Маңғыстау	81,84	81,8	-0,04
Павлодар	84,07	84,1	0,03
СҚО	84,63	84,6	-0,03
Түркістан	89,24	89,2	-0,04
Ұлытау	92,19	82,9	-9,29
Алматы қ.	82,85	85,2	2,35
Астана қ.	85,15	82,9	-2,25
Шымкент қ.	88,76	88,8	0,04

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

11. Жалпы білім беретін мектепте дос табу қиын емес 10–18 жастағы балалардың үлесі

Мектеп баланың әлеуметтену процесінде шешуші рөл атқарады, білім алатын орын ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік дағдыларды дамыту мен достық қарым-қатынас орнатудың

маңызды алаңы ретінде де әрекет етеді. Баланың мектеп ортасындағы жайлылығы мен әл-ауқаты оның сыныптастарымен оңай байланысу және достар табу қабілетіне тікелей байланысты, бұл мектеп өмірінің осы аспектісін жалпы даму үшін маңызды етеді.

Балалар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде мектеп оқушыларының 69,9%-ы мектепте достық қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға тап болмайтыны анықталды. Бұл оң көрсеткіш.

Мектеп оқушылары арасындағы достық қарым-қатынастың жоғары деңгейі Қызылорда және Қостанай облыстарында тіркелді, сәйкесінше бұл өңірлерде балалардың 80,3% және 78,2%-ы достық қарым-қатынас орнатудың жеңілдігін атап өтті. Бұл деректер білім беру ұйымдарында жағымды әлеуметтік атмосфераны сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

Алайда, Алматы (60,8%), Астана (60,3%) қалалары және Абай облысындағы (59,1%) төмен көрсеткіштерге назар аударған жөн, мұнда достық қарым-қатынас орнатуда қиындықтар байқамайтын бала саны аз. Бұл білім беру ұйымдары мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан әлеуметтік өзара іс-қимылды дамытуға және балалардың мектепте жайлылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін неғұрлым қолайлы жағдай жасауға қосымша күш салу қажеттігін көрсетеді.

1.20-кестеде мектепте досты қиналмай табатын балалардың үлесі көрсетілген.

1.20-кесте. Жалпы білім беретін мектепте дос табу қиын емес 10–18 жастағы балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	70,55	69,9	-0,65
Абай	59,09	59,1	0,01
Ақмола	66,67	66,7	0,03
Ақтөбе	76,47	76,5	0,03
Алматы	71,24	71,2	-0,04
Атырау	71,05	71,1	0,05
ШҚО	71,43	71,4	-0,03
Жамбыл	71,23	71,2	-0,03
Жетісу	69,57	69,6	0,03
БҚО	76,29	76,3	0,01
Қарағанды	62,20	62,2	0

Өңір	2022	2023	Динамика
Қостанай	78,18	78,2	0,02
Қызылорда	80,26	80,3	0,04
Маңғыстау	68,50	68,5	0
Павлодар	65,69	65,7	0,01
СҚО	66,22	66,2	-0,02
Түркістан	76,89	76,9	0,01
Ұлытау	68,75	68,8	0,05
Алматы қ.	60,82	60,8	-0,02
Астана қ.	60,26	60,3	0,04
Шымкент қ.	76,60	76,6	0

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Осы көрсеткіш бойынша сауалнама нәтижелерін талдау мектептегі психологиялық ахуалды бағалауға және осал оқушыларды қолдау шараларын қабылдауға көмектеседі.

12. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі

Балалардың құқықтық мәдениетінің деңгейі олардың құқықтық кеңістікте жөн табу және әрекет ету қабілетінің негізгі көрсеткіші саналады, сонымен қатар олардың қоғамдағы қауіпсіздігінің көрсеткіші болып есептеледі.

ОМ 10 мен 18 жас аралығындағы балалардың құқықтық қорғалу деңгейін анықтау мақсатында жыл сайын әлеуметтік зерттеу жүргізеді. Бұл зерттеу аясында ата-аналардың құқықтық сауаттылығы да зерттеледі. Қол жеткізген деректер Қазақстан Республикасындағы балалардың өмірінің әртүрлі аспектілеріндегі құқықтық сананың қазіргі жағдайын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуге мына маңызды құжаттар негіз болды:

- «Қазақстан-2050» стратегиясында «Балалар – біздің қоғамның ең осал және ең қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз қалмауы керек. Біздің жерімізде туған кез келген бала – қазақстандық және мемлекет оған қамқорлық жасауы керек» деп жазылған.

- БҰҰ Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада қабылдаған Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы 18 жасқа дейінгі әрбір балаға тиесілі және қорғалуы тиіс адам құқықтары бойынша 41 бапты қамтиды

- 2015 жылы ҚР БҒМ БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетіне Бала құқықтары туралы конвенцияның орындалуы туралы Қазақстанның төртінші мерзімдік баяндамасын ұсынды

(Женева қаласы, 2015 жылғы 16-17 қыркүйек).

70-сессияда БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитеті ұсынған Баяндаманы қарау қорытындысы бойынша елдегі балалар құқықтарын қорғау жағдайын жақсарту бойынша 32 ұсыным берілді. Соның бірі – балалар үшін ең маңызды мәселелерді анықтау, олардың өміріне әсер ететін отбасылық шешімдерге олардың көзқарастарын қосу және балалардың ұлттық және жергілікті деңгейде шешім қабылдауға әсер ететін арналарын анықтау мақсатында зерттеулер жүргізу. Тоғыз жыл бойы жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқан құқықтық сауаттылық пен балаларды қорғау деңгейіне қатысты әлеуметтік зерттеудің талдауы осы кезеңдегі көрсеткіштердің айтарлықтай өскенін көрсетті. 2015 жылы құқықтық қорғау деңгейі 58 пайызды құраса, 2023 жылға қарай 88,2 пайызға жетті.

- 2015 жыл – 58%;
- 2016 жыл – 63%;
- 2017 жыл – 72%;
- 2018 жыл – 75%;
- 2019 жыл – 78%;
- 2020 жыл – 81%;
- 2021 жыл – 86,4%;
- 2022 жыл – 87,1%;
- 2023 жыл – 88,2%.

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы балаларды құқықтық қорғау жақсарып, 1,1% оң өсу үрдісін көрсетті.

Сауалнамаға сәйкес, балаларды құқықтық қорғаудың ең жоғары деңгейі Қызылорда облысында (91,2%), Шымкент қаласында (91,1%) және Ұлытау облыстарында (90,4%) байқалады. Балаларды құқықтық қорғау туралы толық ақпарат 1.21-кестеде келтірілген.

1.21-кесте. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	87,1	88,2	1,1
Абай	87,2	87,5	0,3
Ақмола	87,6	87,6	0
Ақтөбе	85,7	85,7	0
Алматы	85,0	85,0	0
Атырау	89,1	89,1	0
ШҚО	89,2	89,2	0

Өңір	2022	2023	Динамика
Жамбыл	85,5	89,6	4,1
Жетісу	89,5	89,5	0
БҚО	88,3	87,2	-1,1
Қарағанды	91,1	85,7	-5,4
Қостанай	89,6	89,6	0
Қызылорда	87,2	91,2	4
Маңғыстау	85,7	88,5	2,8
Павлодар	89,6	87,2	-2,4
СҚО	91,2	89,5	-1,7
Түркістан	89,2	89,7	0,5
Ұлытау	89,7	90,4	0,7
Алматы қ.	89,5	85,5	-4
Астана қ.	90,4	88,3	-2,1
Шымкент қ.	87,5	91,1	3,6

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Әлеуметтік зерттеуге сәйкес, сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (48%) балалар құқықтарының бұзылуына кезікпегенін айтқан. Алайда, респонденттердің 25,8%-ы бостандығының шектелуі және олардың жеке өміріне араласу, 13,7%-ы қадір-қасиетті кемсіту мен қорлау жағдайларын, ал балалардың 12,5%-ы оларды елемейтінін атап өтті. Сонымен қатар, шамамен осынша бала өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігінің жоқтығын көрсетті, ал респонденттердің 9,1%-ы тұрғын үй, тамақ, медициналық қызмет көрсету, демалыс пен бос уақытты өткізу сияқты қалыпты дамуға жағдайдың жоқтығын айтты.

Құқықтық білім әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол өмірдегі түрлі жағдайларда бағдар табуға және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Қазіргі экономикалық, мәдени және саяси шындық жағдайында құқықтық тәрбие ерекше мәнге ие. Балалардың бойында заңды құрметтеу, өз құқықтарын білу және қиын жағдайда шешім таба білу қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру олардың қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуының маңызды қадамы саналады.

Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, Қазақстандағы балалар жалпы алғанда өз құқықтарын жақсы біледі. Респонденттердің 90%-дан астамы мынадай құқықтарға қатысты ақпараттанудың жоғары деңгейін көрсетті:

- тегін орта білім алу құқығы;
- өмір сүру құқығы;

- өз пікірін еркін білдіру құқығы;
- ата-анадан немесе мемлекеттен қамқорлық алу құқығы;
- аты мен тегін, ұлты мен азаматтығын алу құқығы;
- жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы;
- грант алған кезде конкурстық негізде колледжде немесе университетте тегін білім алу құқығы;
- жеке басын сақтау құқығы;
- тегін медициналық көмек алу құқығы;
- өз сенімін немесе дінін таңдау және өзгерту құқығы;
- ата-аналарға немесе қамқоршыларға әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер құқығы;
- тұрғын үйге құқық.

Балалардың құқықтық сауаттылық деңгейінің артуы олардың өз құқықтары мен міндеттерін білетінін, сонымен қатар, қоғамда өзін қалай ұстау керектігін түсінетіндігін көрсетеді. Олардың көпшілігі құқығы бұзылған жағдайда оны қорғауға дайын, бұл өскелең ұрпақтың құқықтық санасы мен мінез-құлық мәдениеті деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді.

13. Жалпы білім беретін мектептің білім алушыларының білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ) нәтижелерінің орташа көрсеткіші, балл

Балалардың хал-ахуал индексінің маңызды индикаторларының бірі – барлық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ).

Қазіргі уақытта ЭЫДҰ-ға мүше көптеген елдер мен ұлттық деңгейдегі серіктестер оқушылардың білім жетістіктеріне бағалау жүргізеді. Қазақстанда білім сапасына ұлттық мониторингтік зерттеулер 2005 жылдан бері жүргізіліп келеді.


Ұлттық бағалау құралдары айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұрын мектептер үшін қатаң құқықтық салдарға әкеліп соқтырған мемлекеттік аралық бақылау МАБ жүргізілсе, қазір ББМЖ пайда болды. Оның мақсаты – төмен нәтиже көрсеткен мектептерге атаулы қолдау көрсету.

2022 жылы енгізілген ББМЖ ұлттық білім беруді бағалау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. Оның мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаты мен құзыреттілік деңгейін бағалау.

ББМЖ оқушыларды сауаттылықтың үш саласы бойынша тестілеуді қамтиды: оқу, математика және жаратылыстану ғылымдары.

БМЖ-2023-ке 1 471 білім беру ұйымы қатысты, оның ішінде 4 республикалық, 82 жекеменшік мектеп болды. Тестілеуге 36 524 оқушы қатысты, оның ішінде 19 123 оқушы – 4-сынып, 17 401 оқушы – 9-сынып оқушылары.


Диаграмма 1.11. Ауыл-қала бөлінісінде БМЖ-2023 қатысушылары, 2023



Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

Кешенді талдау қорытындысы бойынша төртінші сыныпта 20 өңірдің алтауы ғана республикалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен. Ең жоғары балл Қарағанды облысында (максимум 30-дан 19,31), Абай облысында (18,34) және Алматы қаласында тіркелді (18,33). Ең төменгі көрсеткіш Ұлытау облысына (12,94) тиесілі.

Диаграмма 1.12. Өңірлер бөлінісі бойынша БМЖМ нәтижелері, 2 жылдағы динамика, 4-сынып, балл



Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

Тоғызыншы сынып оқушылары бойынша облыстардың жартысы республикалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті. Ең жақсы нәтиже Алматы (40,62 ұпай), Астана (40,34 балл) қалаларында және Қарағанды облысында (40,28 балл) тіркелді. Ең төменгі көрсеткіш Ұлытау облысында (29,42 балл) көрініс тапты.

Диаграмма 1.13. Өңірлер және 2 жылдағы динамика бойынша ББЖМ нәтижелері, 9-сынып, балл



Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

1.22-кесте. Тестілеу бағыттары және сыныптар бойынша ББЖМ-2023 нәтижелері, 2023 ж., балл, %


	4-сынып	9-сынып
Жалпы орташа балл	16,87 из 30	36,8 из 75
Оқу сауаты	60,30%	55,80%
Математикалық сауат	53,20%	48,20%
Жаратылыстану сауаттылығы	55,80%	43,10%

Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

2023 жылғы ББЖМ нәтижелерін талдау төртінші сынып оқушыларының былтырғыдан төмен балл жинағанын көрсетті.

4-сынып оқушыларының максималды жоғары 30 ұпайдан жинаған орташа баллы 16,87 баллды (56,2% дұрыс жауап) құрады. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 4,03 ұпайға аз.

Диаграмма 1.14. 4-сынып оқушылары бойынша БЖМ нәтижелері



Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

Республика бойынша 9-сынып оқушыларының жалпы орташа баллы максималды 75-тен 36,8 баллды (тапсырманы 49,1% орындау) құрады.

Диаграмма 1.15. БЖМ нәтижелері 2 жылдағы динамика бойынша, 9-сынып, балл



Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

Екі жыл динамикасында 2023 жылы 9-сынып оқушыларының орташа БЖМ көрсеткіші де төмендеді. БЖМ жалпы орташа баллының төмендеуі зерттеу үлгісінің өзгеруіне және тест тапсырмалары мазмұнының күрделенуіне байланысты.

1.23-кесте. ББМЖ-2022 және ББМЖ-2023 қатысушы-мектеп түрлері

Мектеп түрі	2022	2023
Жалпы білім беретін	1 187	687
Гимназиялар / МГ	171	81
Лицейлер / МЛ	83	79
ШЖМ	8	590
Арнайы	-	34

Дереккөз: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы

Сонымен қатар, шағын жинақты мектептер арасында қатысушылар саны айтарлықтай өсті. 2022 жылы сегіз ғана мектеп қатысса, 2023 жылы олардың саны 590-ға жетті.

Әдетте мұндай мектептерде білікті ұстаздар мен жақсы жабдықталған кабинеттердің жоқтығынан білім сапасы басқаларға қарағанда төмен.

Ұлттық бағалау жүйесін жетілдіру үшін ББМЖ-ны трансформациялау процесі басталды. Осы трансформацияның бөлігі ретінде ББМЖ бағалау шеңберлері, спецификациялар, тест тапсырмалары және цифрлық платформа әзірленді.

2024 жылы ББМЖ жаңа форматта өтеді және республикадағы 2471 күндізгі мектепті қамтиды.

14. ҰБТ-да шекті деңгейден өткен білім алушылардың үлесі

2023 жылы 139 646 талапкер ҰБТ тапсырды (2022 жылы – 154 106).

Тестілеу нәтижесі бойынша 117 864 талапкер (жалпы санының 84,4%) шекті балл жинады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 17,4% жоғары (2022 жылы шекті баллдан 103 349 адам, яғни 67% өткен).

21 782 адам шекті баллдан өте алмады, бұл жалпы көрсеткіштің 15,6% (2022 жылы 50 757 немесе жалпы тапсырушылардың 32,9%-ы өте алмаған).

Түлектердің шамамен 75,16%-ы қазақ тілінде тестілеуден өтті (2022 жылы – 76%).

1.24-кесте. Өңірлер бөлінісінде контингент және ҰБТ-да жинаған балл бойынша ақпарат

Өңір	Өтініш берушілердің саны	Тестілеуге қатысушылар		Шектік баллға жете алмағандар		Шектік баллдан асқандар	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%
ҚР	141540	139646	98,66	21782	15,60	117864	84,40
Абай	3 955	3 877	98,03	535	13,80	3 342	86,20
Ақмола	2 931	2 972	101,40	398	13,39	2 574	86,61
Ақтөбе	7 519	7 424	98,74	1 344	18,10	6 080	81,90
Алматы	6 997	6 729	96,17	1 069	15,89	5 660	84,11
Атырау	5 346	5 293	99,01	1 025	19,37	4 268	80,63
ШҚО	3 320	3 301	99,43	413	12,51	2 888	87,49
Жамбыл	9 382	9 353	99,69	1 180	12,62	8 173	87,38
Жетісу	5 902	5 723	96,97	757	13,23	4 966	86,77
БҚО	5 060	5 025	99,31	829	16,50	4 196	83,50
Қарағанды	6 471	6 431	99,38	940	14,62	5 491	85,38
Қостанай	3 369	3 322	98,60	413	12,43	2 909	87,57
Қызылорда	7 531	7 506	99,67	603	8,03	6 903	91,97
Маңғыстау	6 578	6 543	99,47	1 285	19,64	5 258	80,36
Павлодар	3 686	3 682	99,89	489	13,28	3 193	86,72
СҚО	2 147	2 131	99,25	204	9,57	1 927	90,43
Түркістан	15 708	15 363	97,80	3 478	22,64	11 885	77,36
Ұлытау	1 059	1 077	101,70	175	16,25	902	83,75
Астана қ.	10 248	9 904	96,64	1 164	11,75	8 740	88,25
Алматы қ.	15 827	15 747	99,49	1 782	11,32	13 965	88,68
Шымкент қ.	18 504	18 243	98,59	3 699	20,28	14 544	79,72

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ

Өңірлер бойынша шекті деңгейден өте алмаған балалардың ең жоғары үлесі Түркістан облысында (22,64%), Шымкент қаласында (20,28%) және Маңғыстау облысында (19,64%) байқалды.

Қызылорда (91,97%) және Солтүстік Қазақстан (90,43%) облыстарында үміткерлердің 90%-дан астамы ҰБТ-ның шекті балын еңсере алды.

1.25-кесте. Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) шекті деңгейінен өткен оқушылар үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	67,06	84,40	17,34
Абай		86,20	
Ақмола	69,99	86,61	16,62
Ақтөбе	64,98	81,90	16,92
Алматы	68,18	84,11	15,93
Атырау	61,25	80,63	19,38
ШҚО	67,33	87,49	20,16
Жамбыл	74,98	87,38	12,4
Жетісу		86,77	
БҚО	68,75	83,50	14,75
Қарағанды	66,98	85,38	18,4
Қостанай	68,70	87,57	18,87
Қызылорда	77,46	91,97	14,51
Маңғыстау	60,17	80,36	20,19
Павлодар	66,48	86,72	20,24
СҚО	73,76	90,43	16,67
Түркістан	60,98	77,36	16,38
Ұлытау		83,75	
Алматы қ.	71,19	88,68	17,49
Астана қ.	67,99	88,25	20,26
Шымкент қ.	61,64	79,72	18,08

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ

2023 жылы тестілеу бес пән бойынша өткізілді: үш міндетті және екі бейіндік. Тест тапсырмаларының саны – 120, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша – 20, математикалық сауаттылық бойынша – 15, оқу сауаттылығы бойынша – 15 және екі бейіндік пән бойынша 35 тапсырма. Тест ұзақтығы 4 сағат (240 минут). Ерекше білім алуды қажет ететін балаларға арналған қосымша 40 минут сақталды. Оларға сызбасыз және диаграммасыз сұрақтар әзірленді. Қабылданған шаралардың арқасында 2023 жылы ҰБТ-ға қатысқан ерекше қажеттіліктері бар балалардың саны 478 болды.

2023 жылы ҰБТ-дағы орташа балл 73,9-ды құрады, бұл өткен жылғы орташа баллдан (66 балл) 7,9 ұпайға жоғары.

Ең жоғары орташа балл Қызылорда облысында (79,78), Алматы қаласында (78,51) және Солтүстік Қазақстан облысында (77,29) тіркелді.

Ең төменгі көрсеткіштер Атырау облысында (69,41), Шымкент қаласында (70,33) және Түркістан облысында (70,49) байқалады.

1.26-кесте. ҰБТ орташа балы, 2023 жыл

Өңір	Орташа балл (140 баллдан)		
	5 пән бойынша	4 пән бойынша (халық. сертиф.)	2 пән бойынша (шығ. емт. есепке алғанда)
ҚР	73,94	63,29	22,39
Абай	74,34	65,26	22,76
Ақмола	74,19	65,40	23,15
Ақтөбе	71,31	62,42	22,65
Алматы	73,17	68,66	22,60
Атырау	69,41	61,94	22,29
ШҚО	74,85	64,55	23,42
Жамбыл	77,03	66,86	22,07
Жетісу	74,60	69,55	22,98
БҚО	74,72	67,02	23,03
Қарағанды	72,72	66,00	23,50
Қостанай	74,92	65,54	23,20
Қызылорда	79,78	67,79	23,55
Маңғыстау	70,98	59,41	22,33
Павлодар	75,02	66,24	23,17
СҚО	77,29	61,56	23,30
Түркістан	70,49	64,86	20,69
Ұлытау	75,34	64,85	23,70
Алматы қ.	78,51	62,12	23,30
Астана қ.	76,29	60,15	23,42
Шымкент қ.	70,33	62,61	21,07

Дереккөз: ҚР ҰЖБМ

15. «Бала» бағыты бойынша балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары

Балалардың хал-ахуалын бағалау және «Бала» бағыты бойынша мәндерді салыстыру үшін 14 индикатор қолданылды.

Мониторинг нәтижесіне сәйкес, бұл бағыт бойынша орташа балл 54,3-ті құрады. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш екі ұпайға төмендеді (2022 жылы 56,3 балл). Өңірлер арасында орташа көрсеткіші республикалық көрсеткіштен жоғары көшбасшылар анықталды.


Жамбыл (64,0), Қостанай (63,8) және Ақтөбе (56,6) облыстары

ең жақсы нәтиже көрсетті.

Екінші жағынан, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан сияқты облыстарда (орташа баллы – 51) басқа өңірлермен салыстырғанда ең аз ілгерілеушілік байқалды.

Әсіресе, Түркістан (49,9) және Жетісу облысында (49,9) нәтижелер төмен.

Диаграмма 1.16. «Бала» бағыты бойынша балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары, 2023 жыл



Балалардың хал-ахуалын бағалау және деректерді салыстыру нәтижелеріне сай «Бала» бағыты бойынша 18 өңір хал-ахуалдың орташа бағасына ие және «сары аймақта», 2 өңір «қызыл аймақта»*.

Алынған деректер негізінде балалардың хал-ахуалы индексінің деңгейін арттыру бойынша жұмыс жалғасуда.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Қорытындылар:

1. Кейінгі он үш жылда 18 жасқа дейінгі балалар саны 4,8 миллионнан 6,8 миллионға дейін өсті. Сонымен қатар, СЖРА ҰСБ болжамды деректері бойынша 2027 жылға қарай қазақстандық балалар саны 8 миллионға дейін артады деп күтілуде.

2. 2023 жылы республикада 388,4 мың бала дүниеге келді, бұл 2022 жылы туылғандар санымен салыстырғанда (403,9 мың адам) шамалы төмендегенін көрсетеді.

* Индекс нәтижелері бойынша өңірлер хал-ахуал деңгейіне қарай үш топқа бөлінеді: жоғары деңгей (75–100 балл), орташа деңгей (50–74 балл) және төмен деңгей (0–49 балл).

3. 1000 тірі туылған балаға шаққанда 5 жасқа дейінгі балалар өлімі 2022 жылмен салыстырғанда шамалы өсті (2023 ж. – 1000 тірі туылған балаға – 10,03 қайтыс болу, 2022 ж. – 9,88). Бұл ретте ұлдардың қайтыс болу көрсеткіші (11,24) қыздардың қайтыс болу көрсеткішінен (8,72) жоғары.

4. 2023 жылы сыртқы себептерден 0-18 жас аралығындағы балалар өлімінің көрсеткіштері өсіп (+7,3%), 100 мың балаға шаққанда 16,2 жағдайды құрады. Өлімнің негізгі себептері – жол-көлік оқиғалары, суға бату және тұншығу. Сыртқы себептерден болатын өлімнің ең жоғары көрсеткіші 0-14 жас аралығындағы балалар арасында (74,3%) тіркелді.

5. Балалар арасындағы семіздік мәселесі өзекті болып қала береді. Семіздікке шалдыққан балалар санының 4,1% артқаны байқалады. Балалар арасындағы ас қорыту мүшелері ауруларының саны бойынша көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 2,2%-ға өсті (6081,2-ден 6214,3-ке дейін). Бұл көрсеткішке тамақтану әдеті айтарлықтай әсер етеді.

6. Дене сымбаты бұзылған 0-14 жас аралығындағы балалардың үлесі 27,8%-ға өсті. Ең жоғары көрсеткіш Алматы облысында (0,58%), ең төмен көрсеткіш Түркістан облысында (0,02%) тіркелді. Қозғалысы аз өмір салты мен дұрыс емес күнделікті режим дене сымбаты нашар балалар санының артуына әкеледі.

7. Көру өткірлігі төмендеген балалардың үлесі 5,6%-ға төмендесе де, бірінші сыныпқа баратын балалардың шамамен 5%-ында қазірдің өзінде миопия бар. ДДСҰ есебіне сәйкес, көз ауруларының негізгі себептері: миопия, диабеттік ретинопатия, уақытылы диагностикаламау.

8. Есту қабілеті төмен және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жас аралығындағы балалардың үлес салмағының 30,8%-ға артқаны байқалады. Қалада тұратын балаларда ауылдық жерлерден келген балаларға қарағанда есту қабілетінің төмендеуі және сөйлеу ақаулары жиі кездеседі. Балалардағы есту қабілетінің жоғалу жағдайларының 60% дерлік иммундау, аналар мен жаңа туған нәрестелерге күтім көрсету сапасын жақсарту, скринингтік тексеру және құлақ ауруын уақытылы емдеу сияқты шаралар арқылы жоюға болатын себептерден туындайды.

9. Жасөспірімдер арасында психоактивті заттарды қолдануға байланысты психикалық мінез-құлық бұзылыстары 2022 жылмен салыстырғанда 9,2%-ға төмендеді. Кейінгі 5 жылда бұл көрсеткіш

68 пайызға азайған. Елімізде 20 жыл көлемінде нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтудың кешенді бағдарламасы сәтті жүзеге асырылып келеді.

10. Балалар арасындағы суицид мәселесі өзекті болып қала беруде. ҚСЖАЕК мәліметтері бойынша, 2023 жылы Қазақстанда 204 суицид және 376 суицидке оқталу әрекеті тіркелген. Құрылымдық талдау кәметке толмағандар үшін суицидтің ең қауіпті жасы 13-16 жас аралығы екенін көрсетті. Кәметке толмағандар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудың жиі өлімге әкелетін әдісі – асылу (77%). Жасөспірімдерді өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін көптеген себептер бар: қатарластарымен жанжалдар, жауапсыз махаббат, өзіне көңілі толмау, т.б. Жасөспірім қиын жағдайдан өз бетінше шыға алмайды, бірақ белгілі бір себептермен жақындарынан көмек пен қолдау сұрай алмайды.

11. Қазақстандағы балаларды құқықтық қорғауды қабылдау жалпы алғанда оң, құқықтық қорғау деңгейі 88,2%, өмірге қанағаттану деңгейі 85,2%. Балалардың елдегі өз құқықтарын қамтамасыз етуді қабылдауында оң динамика байқалады.

12. БМЖ-2023 қорытындысы бойынша өткен жылмен салыстырғанда төртінші және тоғызыншы сынып оқушыларының көрсеткіштері төмендегені байқалады. БМЖ жалпы орташа баллының төмендеуі зерттеу үлгісінің өзгеруіне және тест тапсырмалары мазмұнының күрделенуіне байланысты. Сонымен қатар, шағын жинақты мектептер арасында қатысушылар саны өсті. 2022 жылы сегіз ғана шағын жинақты мектеп қатысса, 2023 жылы олардың саны 590-ға жетті.

13. 2023 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы қатысушылардың жалпы санының 84,4%-ы шекті балл жинағанын көрсетті. Өткен жылмен салыстырғанда тестілеудің орташа балы 7,9 баллға өсті.

Ұсыныстар:

1. Бала тууды ынталандыру және көп балалы отбасыларды қолдау жүйесін реформалау, көп балалы отбасылардың беделі мен құрметін арттыру.

2. ДСМ-нің алдын алуға болатын балалар мен сәбилер өлімінің себептеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізуі.

3. ДСМ-нің жас категориясы, жынысы, жасы, оқиға болған жері бойынша сыртқы себептерден болатын өлім-жітімнің себептері

туралы егжей-тегжейлі статистикалық есеп жүргізуі.

4. ДСМ-нің профилактикалық іс-шаралар өткізуі және балалар арасында көруді тексеруі, скринингтік тексерулерді ұдайы жүргізуі. Сонымен қатар, таза ауада өткізілетін уақытты көбейту және көзге ауыртпалық түсіретін әрекеттерді азайтуды қарастырған жөн. Бұл көз ауруларының дамуын бәсеңдетуге және жоғары дәрежелі көз ауруы мен оның асқынуының даму қаупін азайтуға көмектеседі.

5. Дүниежүзілік көру есебінде қамтылған ұсынымдар негізінде, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, көздің саулығын сақтау жөніндегі табысты бағдарламаларды іске асыруды қарастыру.

6. ДДСҰ-ның «Денсаулықты нығайту мектептері» жобасының тұжырымдамаларымен және құралдарымен танысу және оларды қолдануға жәрдемдесу.

7. Балаларға арналған мәзірді жасау кезінде дененің өсуі мен дамуына, қоршаған орта жағдайларының өзгеруіне және физикалық немесе эмоционалды стресстің жоғарылауына байланысты қажеттіліктерді ескеру керек. Оңтайлы тамақтану жүйесі маңызды қоректік заттардың түсуі мен жұмсалуды арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге тиіс. Мұны іске асыру үшін тиісті зерттеу деректерін басшылыққа алу, дәлелденген сапалы өнімдер мен заманауи пісіру технологияларын пайдалану қажет.

8. ҒЖБМ-ның Қазақстан Республикасындағы балалар арасындағы суицид факторларын анықтау бойынша ғылыми зерттеу жүргізуі.

9. ОМ-ның Қазақстан Республикасында психологиялық қызмет әрекетінің жаңа үлгісін енгізуі.

10. МАМ-ның балалар қауіпсіздігі тақырыптарын дұрыс хабарлау тұжырымдамасын әзірлеуі және енгізуі.

11. ОМ-ның оқушылар мен мектеп бітірушілер қалып қойған тақырыптар бойынша ББМЖ және ҰБТ нәтижелерін талдап, кешенді жұмыс жүргізуі және оларды педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының мазмұнын жоспарлау, педагогтердің сабақтарында қалыптастырушы және жиынтық бағалаулар өткізу кезінде, оқулықтардағы оқу тапсырмаларын әзірлеуде және т.б. ескеруі.

12. Өңірлік деңгейде мамандандырылған мектептердің, гимназиялар мен лицейлердің шағын жинақты және пәндер бойынша тереңдете оқытылмайтын толық мектептермен өзара

іс-қимылын күшейту. Мықты мектептердің атаулы қолдауды қажет ететін мектептерге осындай қамқорлығы білім беру жетістіктерін халықаралық бағалау нәтижелеріне сәйкес білім сапасының алшақтығын азайтуға мүмкіндік береді.

13. Қолданыстағы пәндер шеңберінде балалар қауіпсіздігі тақырыптарын біріктіру арқылы осы салада оқушылардың сауаттылығын белсенді түрде арттыру.

14. ОМ-ның білім беру ұйымдарында әлеуметтік-эмоционалды оқыту бағдарламаларын енгізуі.



2-ТАРАУ.
ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

2-ТАРАУ. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Еркіндік – бұл белсенді жан-жақты қызмет. Бала алған өнегені мектептен тыс уақытта ұстанатын болса, тәрбие діттеген мақсатына жетті деген сөз.
Жүсіпбек Аймауытұлы

Мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі – ана мен әкені және баланы қорғау. Балалар мен балалы отбасылар әлеуметтік саясаттың басты бағыты саналады. Бұл елдің болашақ дамуын қамтамасыз ететін адами капиталға инвестиция салу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Көптеген зерттеулер өмір сүру деңгейі, тамақтану, денсаулық және балалық шақта білімге қол жеткізу адамның болашақтағы әлеуметтік және экономикалық әлеуетіне айтарлықтай әсер ететінін растайды.

Отбасы бала тәрбиесінің басты факторы ретінде өскелең ұрпақтың толыққанды өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір бала бақыт, махаббат және түсіністік атмосферасында өсуі керек. Қазіргі күрделі әлемде адамның өмірге төзімділігі хал-ахуалды субъективті қабылдауымен анықталады. Бала отбасында сүйіспеншілік пен қолдауға қол жеткізбеген болса, онда агрессия, қорқыныш және оқшаулану арқылы ортаға шығатын эмоционалдық күйзеліс күйінде дамиды. Ал бұл, зерттеушілердің пікірінше, адам есейген шақта да онымен бірге жүреді.

Зерттеушілер ата-ананы баланың дамуы мен тәрбиесінің негізгі көзі ретінде қарастырады, оларға баланың мектеп өмірінде және әлеуметтенуінде, баланың өз өмірін өз бетінше басқаруға қажет дағдыларды меңгеруінде ең маңызды рөл береді.

1. Ата-аналарымен өз проблемаларын ашық талқылай алатын 10–18 жастағы балалардың үлесі

Балалар мен ата-аналар арасындағы ашық және сенімді өзара әрекеттестік өскелең ұрпақтың эмоционалдық және психологиялық денсаулығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олардың проблемаларын талқылау, қолдау және кеңес алу мүмкіндігі балаларға қиындықтарды жеңуге, күйзеліске төзімділікті арттыруға және отбасылық байланыстарды нығайтуға

көмектеседі.

Сауалнамаға сәйкес, өз мәселелерін ата-аналарымен ашық талқылай алатын 10–18 жас аралығындағы балалардың үлесі жалпы республика бойынша 90,6% құрады. Еліміздің 14 өңірінде балалардың үлесі жалпы республикалық көрсеткіштен жоғары. 2022 жылмен салыстырғанда өсім динамикасы 17,3%-ды құрады.

Ең жақсы көрсеткіш Ұлытау өңірінде байқалады, сауалнамаға қатысқан балалардың 96,9%-ы ата-аналарына не толғандыратынын ашық айтады (2022 жылы 72,8%). Алдыңғы жылмен салыстырғанда үздік динамикалардың бірін көрсеткен Алматы қаласы (95,1%, 2022 жылы 68,6%) және Астана қаласы (93,9%) да 17,1% динамикамен көш бастап тұр.

2.1-кесте. Ата-аналарымен өз проблемаларын ашық талқылай алатын 10–18 жастағы балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	73,3	90,6	17,3
Абай	72,8	76,7	3,9
Ақмола	65,2	80,1	14,9
Ақтөбе	76,2	92,3	16,1
Алматы	72,2	90,3	18,1
Атырау	77,1	91,7	14,6
ШҚО	79,0	91,0	12,0
Жамбыл	72,8	92,7	19,9
Жетісу	62,4	90,4	28,0
БҚО	62,4	90,7	28,3
Қарағанды	72,8	86,9	14,1
Қостанай	70,9	92,7	21,8
Қызылорда	79,2	93,4	14,2
Маңғыстау	77,2	92,1	14,9
Павлодар	72,2	91,7	19,5
СҚО	67,1	79,7	12,6
Түркістан	80,4	93,6	13,2
Ұлытау	72,8	96,9	24,1
Алматы қ.	68,6	95,1	26,5
Астана қ.	76,8	93,9	17,1
Шымкент қ.	75,5	91,5	16,0

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Кейінгі екі жылдағы сауалнама нәтижелерін талдауға сәйкес, сенімді қарым-қатынасқа ұмтылатын отбасылардың саны артып келеді. Проблемаларды балалармен талқылау олардың дамуында және қиын жағдайларды шешу дағдыларын меңгеруінде басты рөл атқарады.

Отбасылық құндылықтарды сақтау және гендерлік кемсітушілікке жол бермеу Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында басымдықтар ретінде белгіленген.

2018 жылдан бастап «бір терезе» қағидаты бойынша психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсететін Отбасын қолдау орталықтары жұмыс істейді. Елімізде осындай 68 орталық бар. 2025–2027 жылдары олардың санын 200-ге жеткізу жоспарлануда. Аудандар мен қалаларда жергілікті атқарушы органдардың жанынан халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі орталықтар құрылады. Отбасын қолдау орталықтары үшін бірыңғай Тұжырымдаманың жобасы әзірленді. Орталықтардың тиімділігін арттыру үшін онлайн платформаға қосылу арқылы бизнес-процестерді оңтайландыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары ашылды.

Орталықтар отбасын нығайтуға және отбасы мен қоғамдық тәрбиенің байланысына мүдделі ата-аналар қауымының өкілдерін, әкімшілік және педагогика қызметкерлерін біріктірді.

Орталықтардың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған.

Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланы, оның қажеттіліктерін, талаптарын, мінез-құлқын терең түсіну, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Позитивті ата-ана – бұл достық қарым-қатынасқа, қолдауға, баланың жеке басының күшті жақтарына және балалар мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығына негізделген тәрбиелеу стилі.

Орталықтардың қызметі ата-аналар мен балалардың басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Орталықтарда ата-аналар интерактивті режимде балаларымен жағымды қарым-қатынас жасаудың нақты дағдыларын алады, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйренеді, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің тамырына балта шабады.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалардың әл-ауқатының теориялық іргетасына негізделіп, олардың дамуының жас ерекшеліктерін ескереді.

2. Отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетініне толық келісетін 10–18 жастағы балалардың үлесі, %

Қазіргі қоғамда отбасы хал-ахуалының маңызды көрсеткіштерінің бірі – шешім қабылдау кезінде баланың пікірін ескеру. Бұл процесс ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста кемелдік пен үйлесімділікті дәлелдеумен қатар, тәуелсіз және жауапты тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Жас шағында бала әлемнен өз орнын іздеп, өз-өзін көрсету және өз орнын бекітуге мұқтаждық сезінсе, өз пікірін білдіру және отбасында оны тыңдау мүмкіндігі оның эмоционалдық және интеллектуалдық дамуына негіз болады.

Балалары дауыс беріп, пікір білдіре алатын отбасы өзін және өзгелерді құрметтеуге тәрбиелейді, оларды саналы шешім қабылдауға, өз әрекеттерінің салдарын қарастыруға және басқалардың пікірімен санасуға үйретеді. Үлкендер балаларын мұқият тыңдағанда, олардың ойлары мен сезімдері маңызды екенін, олар отбасының толық мүшесі екенін, пікірі маңызға ие екенін көрсетеді. Бұл отбасыда сенім мен түсіністікті қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар, балаларды ересек өмірге дайындайды, олар өз ұстанымдарын сенімді қорғай алып, басқалардың пікірін құрметтейді.

Қазақстан өңірлері бойынша 10–18 жас аралығындағы балалардың отбасылық шешім қабылдау кезінде пікірім ескеріледі деп есептейтіндерінің пайыздық үлесі әртүрлі, бірақ 75%-дан төмен түспейді. 2022 жылға арналған сауалнама деректерімен салыстырғанда оң динамика байқалады. Өткен есепті жылы бұл көрсеткіш 13,3%-ға төмен болған.

Индикатор бойынша көшбасшылар:

- Ұлытау облысы – 95,3%. Көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда 24,7%-ға жақсарды, былтыр 70,6%-ды құраған еді;
- Шымкент қаласы – 88,6%;
- Түркістан облысы – 87,9%.

Батыс Қазақстан (+24,1%) мен Жетісу (+20,4%) облыстарында жақсы серпін байқалады.

Аталған индикатор бойынша ең төменгі көрсеткіш келесі өңірлерде тіркелді:

- Ақмола облысы – 75%;
- Абай облысы – 78,4%;
- Алматы облысы – 78,5%;

Дегенмен, республиканың барлық басқа өңірлерінде байқалғандай, бұл облыстарда да оң динамика көрініс табады.

2.2-кесте. Отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетініне толық келісетін 10–18 жастағы балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	70,8	84,1	13,3
Абай	71,4	78,4	7,0
Ақмола	62,6	75,0	12,4
Ақтөбе	72,1	86,4	14,3
Алматы	69,8	78,5	8,7
Атырау	76,0	84,2	8,2
ШҚО	73,6	83,8	10,2
Жамбыл	71,4	86,8	15,4
Жетісу	63,5	83,9	20,4
БҚО	63,5	87,6	24,1
Қарағанды	70,6	79,6	9,0
Қостанай	67,5	87,7	20,2
Қызылорда	77,5	87,2	9,7
Маңғыстау	71,6	80,7	9,1
Павлодар	69,0	83,3	14,3
СҚО	64,9	83,1	18,2
Түркістан	79,3	87,9	8,6
Ұлытау	70,6	95,3	24,7
Алматы қ.	70,5	81,6	11,1
Астана қ.	71,9	82,7	10,8
Шымкент қ.	71,0	88,6	17,6

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

3. Жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесі

Өмір қарқыны барған сайын артып жатқан қазіргі әлемде ата-аналардың балаларына бөлетін уақытының жетіспеушілігі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Толығымен зейін қоюды талап ететін жұмыс көп жағдайда жеке өмірге, әсіресе отбасымен қарым-қатынасқа теріс ықпал етеді.

Бала үшін ата-ана тек материалдық қолдау көзі немесе міндеттемелерді орындаушы ғана емес. Балалар ата-ананы үлгі тұтады, ата-ана әлемдегі басты тәлімгер және бағыттаушы ретінде қызмет етеді. Ата-аналар баланың өмірінен тыс болған сәтте, тіпті бұл еңбек қажеттіліктеріне байланысты болса да, балалар өзін тастанды сезінуі мүмкін, бұл олардың эмоционалдық хал-ахуалына, өзін-өзі бағалауына және болашақта қарым-қатынас құру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін. Ата-ананың көңіл бөлмеуі бөтендік сезімін, сонымен қатар, әлеуметтік бейімделу проблемаларын тудыруы мүмкін.

Жұмыс пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті сақтау барған сайын қиындап барады, бұл көптеген сұрақ тудырып, мемлекеттік деңгейде шешуді талап етеді.


Бұл мәселе өмір сапасын жақсартуы үшін ата-ананың өз мансабына көп уақыт пен күш салуын қажет ететін Қазақстанда да өзекті.

Сауалнама деректеріне сәйкес, елдегі ата-аналардың шамамен 13,4%-ы жұмысқа байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайды. 2022 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш екі есеге жуық өсті.

Солтүстік Қазақстан облысында жұмыстан қолы босамайтын, балаларына жеткілікті көңіл бөле алмайтын ата-аналар көп. Сауалнамаға қатысқан ересектердің 18,1%-ы уақыт жеткіліксіз екенін мойындады. Алайда, мұндай ата-аналар 26%-ды құраған өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, жағдай жақсарған. Дәл осындай жағдай Алматы қаласы (17%) мен Қостанай облысында (16,4%) да қалыптасып отыр.

Балаға уақыты жетпейтін ата-аналардың саны ең аз облыс – Шығыс Қазақстан облысы (8,7%). Мұнда көрсеткіш 22%-ға төмендеп, оң динамика байқалды. Ата-аналардың назары негізінен жұмысқа ауатындардың үлесі Атырау (9,5%) және Жетісу (11%) облыстарында да төмен.

Диagramма 2.1. Жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесі, %



Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Ғылыми зерттеулер ата-аналардың балаларының өміріне белсенді араласуы балалардың оқу нәтижесіне оң әсер ететінін растайды. Ата-анасының қолдауы мен қамқорлығын сезінетін балалар үздік оқу үлгерімін көрсетіп, оқуға деген ынтасы мен өзіне деген сенімділігі артады.

Қазақстан отбасы құндылықтарының маңыздылығын түсіне отырып, оларды ұлттық деңгейде нығайту шараларын қолға алуда. 2023 жылы жаңа екі мемлекеттік мереке белгіленді: мамырдың екінші жексенбісінде тойланатын Аналар күні және маусымның үшінші жексенбісінде аталып өтетін Әкелер күні. Бұл мерекелер ата-ана рөлінің маңыздылығын атап өтуге және отбасылық дәстүрлерді дамытуға ынталандыруға арналған. Жергілікті атқарушы органдар мен білім беру ұйымдары ата-аналарды балаларының өміріне тартуға, туыстық байланысты нығайтуға көмектесетін түрлі іс-шараларды өткізе отырып, осы датаны атап өтеді.

Сонымен қатар, қазіргі қарбалас жағдайда, ата-аналардың балаларымен толыққанды қарым-қатынас жасауға жиі уақыты жетпейтін сәтте, оларды әйтеуір үлгеруге болатын азын-

аулақ уақытты тиімді пайдалануға көмектесетін ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету ерекше маңызды. Осыған орай, Ата-ана чат-боты – Өркен ГИД әзірленіп, «Адамның үйлесімді дамуының Ұлттық институты» сайтына орналастырылды. Бұл онлайн-нұсқаулық ата-аналарға балаларды тәрбиелеудің, оқытудың және дамытудың әртүрлі аспектілері бойынша материалдарға ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Чат-бот көптеген тақырыптарды қамтиды, оның ішінде балалардың қауіпсіздігі, ата-ана мен бала құқықтары, психологиялық кеңес беру және т.б. мәліметтер бар.

Ата-ана чатботы ата-аналарға балаларды тәрбиелеу мен дамытуға қатысты маңызды сұрақтарға тез жауап табуға көмектеседі және шектеулі уақыт жағдайында таптырмас көмекшіге айналады. Осылайша, үлкен жүктеме жағдайында да ата-аналар балаларымен тығыз және сенімді қарым-қатынаста бола алады, олардың хал-ахуалы мен табысты болашағының негізін құрайтын отбасылық құндылықтарды сақтайды және береді.

4. Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық өміріне қатысатынына толық келісетін 10–18 жастағы балалардың үлесі

Оқушылардың қоғамдық өмірге қатысуы олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуында басты рөл атқарады. Волонтерлік жобаларға қатысатын оқушылардың болашақта өз қоғамының белсенді мүшесі болу ықтималдығы жоғары екені ғылыми дәлелденген*. Сонымен қатар, бұл олардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырып, психологиялық саулығына әсер етеді, әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Қазақстандық жастарды азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу қазіргі қоғамның маңызды міндеті болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін оқушылардың өзін-өзі басқару тетіктері мен пікірталас қозғалысы арқылы мектеп оқушыларының қоғамдық өмірге қатысуына мол мүмкіндіктер жасалған.

Бұл бастамалар оқушыларды белсенді қоғамдық қызметке тартады және құқықтық мәдениетті ғана емес, азаматтық жауапкершілікті, қоғамдық белсенділікті, шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

* Flanagan, C., & Levine, P. (2010). Civic engagement and the transition to adulthood. *The Future of Children*, 20(1), 159–179. <https://doi.org/10.1353/foc.0.0043>

2023 жылғы ҰББД деректері бойынша Қазақстанда 5 050 пікірсайыс клубы белсенді жұмыс істеп, оларға 121 346 мектеп оқушысы қатысады. Сонымен қатар, 4241 мектептік, аудандық, қалалық және облыстық парламенттерге 360 954 оқушы қатысады.

Мұндай ұйымдарға қатысу жастарға шиеленістерді дипломатиялық жолмен шешуге, өз позициясын қорғауға және ымыраға келуді үйренуге көмектеседі – бұлар ересек өмір үшін маңызды дағдылар.

Қазақстандағы мектеп оқушылары арасындағы пікірсайыс қозғалысы жастарды тәрбиелеудің әлемдік тәжірибесінің бір бөлігі болып саналады. Халықаралық пікірсайыс білім беру қауымдастығы (IDEA) 84 елден 1500-ден астам клуб пен 4000-нан астам қатысушыларды біріктіреді. Бұл жаһандық бастамаға қазақстандық мектеп оқушыларының қосылуы тәжірибе алмасуға және халықаралық байланысты нығайтуға септігін тигізеді.

Елімізде балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қорғауға бағытталған волонтерлік жобалар да жүзеге асырылуда. Бұл жобаларға балалар белсене қатысады.

Мысалы, «Менің бауғұт» жобасы еліміздің әр түрлі университеттерінен келген 3000 студент еріктілерді біріктіреді. Олар балаларға қамқорлық пен қолдау көрсету арқылы көмектеседі.

Балалардың мұндай жобаларға қатысуы олардың ізгілік, адамгершілік, мейірімділік сияқты маңызды тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Олар басқаларға көмектесуді үйреніп, қоғамға қызмет етеді әрі білімге, өзін-өзі дамытуға ұмтылады.

Қоғамдық өмірге белсене қатысу мектеп оқушыларын өз елінің жетілген және саналы азаматы етеді.


Зерттеу көрсеткендей, 2023 жылы сауалнамаға қатысқан балалардың жартысы (51,2%) өз мектебінің қоғамдық өміріне қатысатынына толық сенімді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда екі есе көп.

Оқушылардың мектептің қоғамдық өміріне қатысуы Қостанай (65,5%), Батыс Қазақстан (60,8%) және Қызылорда (60,2%) облыстарында көбірек байқалады. Төмен көрсеткіш халық саны көп қалалар Алматы мен Астанада байқалды – сәйкесінше 38,6% және 41%. Алматы облысында балалардың 41 пайызы ғана белсенді.

Үздік динамика Батыс Қазақстан (46,9% өсім), Қостанай

(45,5% өсім) және Ақтөбе (34,2% өсім) облыстарында байқалды.

Диagramма 2.2. Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық өміріне қатысатынына толық келісетін 10–18 жастағы балалардың үлесі, %



Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметінше, өңірлерде балалар мен жастарды қамтитын бес негізгі республикалық ұйым белсенді жұмыс істейді:

- «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы – 1 394 707 қатысушы;
- «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы – 1 158 034 қатысушы;
- Скауттық қозғалыс – 501 қатысушы;
- Дебат қозғалысы – 121 942 қатысушы;
- Мектеп парламенттері – 80 714 қатысушы.

Балалар қозғалысына барлығы 2,7 млн (72,1%) оқушы қатысады.

Республикада балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамыту үшін мыналар бекітілді:

- Мектептер мен колледждерде студенттердің пікірсайыс қозғалысы мен өзін-өзі басқаруын дамытудың 2023 жылға арналған республикалық жоспары;

- «Дебаттар: бұқаралық пікірсайыс жүргізу теориясы мен тәжірибесі негіздері», «Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару – білім алушыларды әлеуметтендірудің тиімді құралы» біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары;

- барлық деңгейдегі дебаттық турнирлерге арналған 100 қарар тізімі;

- облыстық және республикалық пікірсайыс турнирлері мен жас көшбасшылар слеттерінің күнтізбесі;

- мектеп парламенттеріне сайлау өткізу ережелері.

Бірыңғай білім беру бағдарламасы аясында білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер қозғалысының әрбір бағытының мазмұны пысықталды.

Республикалық және аймақтық деңгейде 15 жобалық кеңсе мен пікірсайыс және өзін-өзі басқару штабы, 20 мектептік және студенттік пікірсайыс лигасы құрылды.

Сондай-ақ, пікірсайыс клубтарының жетекшілері, жаттықтырушылар, төрешілер, мұғалімдер, мектеп және оқушыларды басқару органдарының үйлестірушілерін қоса алғанда, 3500 қосымша білім беру мұғалімдерінің біліктілігі арттырылды.

Оған қоса, 288 баланың қатысуымен Республика күніне орай мектеп әкімшілігі басшылары мен пікірсайысшылардың митингі өтті.

Алматы қаласындағы Халықаралық бизнес академиясының колледжінде республиканың 121 колледжінен 242 студенттің қатысуымен «Мен кәсіпкермін» атты республикалық пікірсайыс турнирі өтті.


2023 жылы Дүниежүзілік балаларды қорғау күні қарсаңында «Бала құқығы – адам құқығы» атты мектеп парламенттерінің отырыстары өтті.

«Пікірсайыс қозғалысы/Дебатное движение» Telegram арнасы (4 919 оқырман) үшін және білім беру ұйымдарының мамандары мен пікірсайыс қозғалысының үйлестірушілері үшін WhatsApp чаттары ұйымдастырылды, әлеуметтік желілер мен БАҚ-та пікірталас қозғалысын дамытуға қоғам назарын аударту үшін 12 мыңнан астам жазба мен мақала, мектеп парламенттерінің қызметіне қатысты 7 мыңнан астам жарияланымдар шықты.

5. Бір аптада көше ойындарына арналған күн саны (10- 18 жастағы балалар) немесе аптасына ашық ауада өткізілетін сағат саны (аптасына 4 және одан да көп сағат)

Баланың үйлесімді даму үшін дұрыс тамақтану және басқа да маңызды шарттарымен қатар, балалар ашық ауада дене шынықтырумен айналысуы қажет. 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалар күніне кемінде үш сағат қозғалуға тиіс, ал 5 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер күніне кемінде 60 минут орташа және қарқынды физикалық белсенділікпен айналысуы керек. Ойын бала өмірінің маңызды бөлігі болғандықтан, БҰҰ тіпті Бала құқықтары туралы конвенцияға ойын құқығын да енгізген.

Диаграмма 2.3. Бір аптада көше ойындарына арналған күн саны (10- 18 жастағы балалар) немесе аптасына ашық ауада өткізілетін сағат саны (аптасына 4 және одан да көп сағат)



Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Табиғаттағы күнделікті ойындар балалардың қозғалысты үйлестіру, кеңістікте және уақытта бағдарлау сияқты маңызды дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл дағдылар оларға өмір бойы пайдасын тигізеді, олардың қоршаған әлемге бейімделуіне және табысты әлеуметтенуіне көмектеседі.

Қазақстанда орта есеппен 10–18 жас аралығындағы балалар

аптасына 3–4 күнін ашық ауада өткізеді. Өңірлерде көрсеткіш әртүрлі. Мәселен, Ұлытау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында 10–18 жас аралығындағы балалар орташа есеппен кеміне 4 күн ашық ауада болады. Көрсеткіш Түркістан (2,6), Маңғыстау (2,8), Жамбыл (2,9) облыстарында және Шымкент қаласында (2,9) салыстырмалы түрде төмен.

2022 жылмен салыстырғанда жалпы республика бойынша балалардың далада ойнайтын апталық күндерінің саны аздап азайды (2022 жылы 3,7 күн және 2023 жылы 3,4 күн).

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі Қазақстандық балалардың жартысында үнемі бос уақыты болатынын көрсетті. Басқалары оқумен қатар, үй жұмыстарымен, үй шаруасымен немесе секциялар, үйірмелермен айналысады. Көбінесе бұл мектептен/колледжден тыс тегін сабақтарды, мектептегі/колледждегі ақылы сабақтарды, сонымен қатар мектептегі/колледждегі тегін үйірмелер мен секцияларды қамтиды. Студенттердің 30%-ы мұндай сабақтарға қатыспайды. Олардың көпшілігі қосымша сабақтардың үйге жақын жерде болмауына байланысты бас тартып жатады. Осылайша аула клубтарының жұмыс істеуі қажеттілігі туындайды.

6. Жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі балалардың үлесі

Халықаралық PISA зерттеуі балаға арналған жеке бөлменің болуын баланың табысты дамуы мен оқуына әсер ететін маңызды фактор ретінде таныған. Осыған орай, зерттеу аясында оқушылардың өмір сүру жағдайлары да қарастырылды.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, 2023 жылы Қазақстандағы балалардың тек 22,1%-ында бір тұрғынға 15 шаршы метрге тең немесе одан асатын жеке бөлме немесе тұрғын үй алаңы болған (2022 жылы бұл көрсеткіш 21,1%). Бұл еліміздегі әрбір бесінші бала ғана сарапшылар ұсынатын тұрғын үй жағдайларына қол жеткізген деген сөз.

Көрсеткіштер өңірлер бойынша айтарлықтай құбылады. Абай және Ақмола облысында жеке бөлмесі немесе жеткілікті тұрғын үй алаңы бар балалардың үлесі орташадан жоғары және сәйкесінше 29,9% және 28,0%-ды құрайды. Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай және Ұлытау облысында кем дегенде әрбір төртінші бала ұсынылған стандарттарға сәйкес жағдайда өмір сүреді.

Ең төменгі көрсеткіштер Алматы қаласында (11,5%), Қызылорда (14,8%) және Атырау (15,8%) облыстарында тіркелді. Бұл деректер балалардың тұрғын үй жағдайында елеулі аймақтық айырмашылықтар бар екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, сауалнамаға сәйкес отбасылардың 84%-ы жеке баспанада тұрса, 11,9%-ы пәтер немесе үй жалдап тұрады, ал қалған отбасылар саяжайларда, достарымен, туыстарымен немесе жатақханаларда тұрады. 2022 жылы тұрғын үйді жалдап тұратын балалы отбасылардың үлесі республика бойынша 8,7%-ды құрады.

Отбасылардың экономикалық мүмкіндіктерінде де айтарлықтай айырмашылықтар бар. Шамамен 13% отбасы тұрғын үй сатып алуға, 45% отбасы – үлкен тұрмыстық техника сатып алуға, 21% отбасы – азық-түлік пен киімге ғана қол жеткізе алады, ал үлкен тұрмыстық техниканы сатып алу мүмкіндігі ұзақ мерзімді перспективада ғана мүмкін.

2.3-кесте. Жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	21,1	22,1	1,0
Абай	29,9	29,9	
Ақмола	28,0	28,0	
Ақтөбе	27,2	27,2	
Алматы	24,7	24,7	
Атырау	15,8	15,8	
ШҚО	18,6	18,6	
Жамбыл	23,7	23,7	
Жетісу	21,7	21,7	
БҚО	24,2	24,2	
Қарағанды	25,6	25,6	
Қостанай	26,4	26,4	
Қызылорда	14,8	14,8	
Маңғыстау	19,3	19,3	
Павлодар	22,6	22,7	0,1
СҚО	21,6	21,6	
Түркістан	17,9	18,0	0,1
Ұлытау	25,0	25,0	
Алматы қ.	11,0	11,5	0,5
Астана қ.	23,7	24,7	1,0
Шымкент қ.	19,9	19,9	

2004 жылдың маусымынан бастап халықтың барлық топтарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету Қазақстандағы үкіметтің басым бағыттарының біріне айналды. Сол кезде 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытудың бірінші мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

2023 жылдың наурызында Үкімет «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті. Бұл тұжырымдаманың басым бағыттарының бірі – тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру.

2023 жылдың қарашасында Қазақстан Республикасының Мәжілісі Үкімет ұсынған тұрғын үй саясатын реформалау туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Бұл заң жобасы назарға алған негізгі өзекті мәселе – халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету.

Заң жобасы мыналарды қарастырады:

1. Тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша мемлекеттік қолдау шараларын және тұрғын үйге қажеттілік критерийлерін айқындау.
2. Тұрғын үй кезегін сақтау механизмін жетілдіру.
3. «Отбасы Банк» АҚ-ға тұрғын үйді беру, есепке алу және бөлу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бере отырып, оны ұлттық даму институтына айналдыру.
4. «Тұрғын үй орталығы» электрондық деректер базасын қалыптастыру мен жүргізу және басқа да бастамалар.

7. Үйде қосымша оқуға арналған кітаптары бар 10–18 жастағы балалардың үлесі

Баланың жан-жақты дамуы үшін үйде кітап болуының маңызы зор. Бұл көптеген ғылыми зерттеулермен расталады.


Кітап оқу баланың оқу сауаттылығын арттырып, сыни және аналитикалық ойлауын дамытады. Көркем әдебиет балалардың эмпатия мен эмоционалды интеллектісін дамытуға көмектеседі.

Сауалнама нәтижелері қосымша білім алу үшін барлық баланың үйінде кітап бар деуге келмейтінін көрсетті. Балалардың 31,3%, яғни әрбір үшінші баланың дерлік үйінде қосымша білім алуға кітаптары жоқ. Қосымша білім беруді кітаппен қамтамасыз етудің ең төменгі көрсеткіші Атырау (59,2%), Маңғыстау (61%) және Қызылорда (62,8%) облыстарында байқалады.

Қостанай, Жетісу және Павлодар облыстарында жағдай жақсырақ, балалардың 75%, 74,3% және 74%-ы үйінде қажет әдебиеттермен қамтылған.

Теріс динамика Солтүстік Қазақстан (-8,8%), Қарағанды (-2,9%), Шығыс Қазақстан (-2,2%) облыстарында байқалады. Үздік динамика Павлодар (13,7%), Ақмола (11,6%) облыстарында және Астана қаласында (11,6%) көрініс тапты.

Диаграмма 2.4. Үйде қосымша оқуға арналған кітаптары бар 10–18 жастағы балалардың үлесі, %



Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Қазақстан Республикасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру шаралары жүргізіліп келеді, бұл кітап оқуды қолдау және қоғам мәдениетін дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың дәлелі.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 22 қазандағы Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасына сәйкес, 2021 жылдан бастап «Оқитын мектеп» жобасы іске қосылды.

Жоба аясында көптеген кітапханаларда оқырмандар үшін қолайлы жағдай жасалып, материалдық-техникалық базасы жақсарып, кітапханалардың негізгі салалық қорлары жаңа әдебиеттермен толықты.

Мектеп кітапханасы оқырмандарының саны өсті: 2021–2022 оқу жылы – 2 904 140; 2022–2023 оқу жылы – 3 155 683 оқырман.

Жобаға қатысқан оқушылар саны артты: 2021–2022 оқу

жылы – 1 001 046; 2022–2023 оқу жылы – 1 209 186 оқушы.

«Оқитын мектеп» жобасының оқушыларды қамтуы 30 пайыздан асты.

Мектеп кітапханалары: 2021–2022 оқу жылында – 2,4 млн дана кітап; 2022–2023 оқу жылында – 1,3 млн дана кітап сатып алды.

2022–2023 оқу жылында Coworking-орталықтарын құру арқылы 1656 білім беру ұйымдары кітапханаларының материалдық-техникалық базасы жақсарды. Компьютерлер, сканерлер, принтерлер және басқа да техника түрлері сатып алынды. Бірқатар кітапханаларға жаңа кітап сөрелері мен басқа да кітапхана жиһаздары орнатылып, мектеп кітапханаларындағы оқу залдары жұмсақ жиһаздармен жабдықталды.

Бұл жұмыс Мемлекет басшысының 2023 жылғы 17-18 маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық Құрылтай отырысында сөйлеген сөзінен кейін жандана түсті. Президент: «Смартфон баланың қолындағы кітаптың орнын баспауы қажет. Қазір еліміздегі мектеп кітапханаларында 130 миллионнан астам кітап бар. Бірақ ондағы көркем әдебиеттің үлесі мардымсыз. Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады», – деп айтқан еді.

Мемлекет басшысы «Балалар кітапханасы» жаңа бағдарламасын жүзеге асыра бастауды тапсырды. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдері мен жанрларын қамтитын кітаптардың арнайы тізімін жасауды ұсынды. Бұл жұмыстар барлық балаға қолжетімді болуы керек.


Қазіргі уақытта 1770 атауды қамтитын ұсынылатын әдебиеттер тізімі құрастырылды. Бұл тізім Қазақстан Республикасындағы кітап бизнесінің қажеттіліктері үшін құрылған Bookfund.gov.kz ақпараттық жүйесінде қолжетімді.

8. Оқуға арналған компьютерлік техникасы бар 10–18 жастағы балалардың үлесі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарқынды дамыған дәуірде компьютерлер балалардың әртүрлі ақпарат көздеріне ыңғайлы қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Бұл оларға цифрлық дағдыларды, сыни және аналитикалық ойлауды дамытуға көмектеседі.

Сауалнамаға сәйкес, еліміздегі балалардың 28 пайызының үйінде компьютері жоқ. Дегенмен өткен жылмен салыстырғанда оң динамика байқалады.

Диagramма 2.5. Оқуға арналған компьютерлік техникасы бар 10-17 жастағы балалардың үлесі, %



Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

2022 жылы балалардың 63,7%-ында қосымша білім алу үшін компьютер болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 8,3%-ға өсті.

Компьютерлік техникамен қамтылған балалардың ең аз үлесі Батыс Қазақстан (63,9%), Жамбыл (64,4%) облыстарында және Астана қаласында (66%).

Павлодар облысында жағдай жақсы: мұнда респонденттердің 83,3 пайызы компьютермен қамтамасыз етілген. Бұл өңірде оң динамика да байқалады: өткен жылы көрсеткіш 51%-ды құраған.

Қарағанды облысында респонденттердің 81,7%-ында оқуға арналған компьютерлер бар, бірақ мұндағы динамика бәсең – 3,9% ғана.

Маңғыстау облысында да жағдай жақсара түсті: өткен жылмен салыстырғанда үйде компьютерлік техникасы бар балалар 29,6%-ға көп (78%).

Дербес компьютерлерге қойылатын талаптар үнемі артып келеді, біраз уақыттан кейін тіпті ең заманауи үлгідегі компьютерлер де ескіреді. Сондықтан заман талабына сай компьютерді таңдау маңызды.

9. Жоғары жылдамдықты интернетке қосылған елді мекендердің үлесі

Елді мекендерде жоғары жылдамдықты интернетке қосылуды қамтамасыз ету өңірлерді дамытуға, экономиканы қолдауға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Білім беру жүйесінде жылдам және сенімді интернетке қосылу заманауи білім беру ресурстарына қол жеткізудің міндетті шартына айналып отыр. Бұл оқу үдерісінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Көптеген зерттеу жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізе алатын студенттердің оқуда жақсы нәтижеге қол жеткізетінін көрсетеді. Сонымен бірге олардың жан-жақты дамуына көмектесетін өз бетінше білім алу мүмкіндігі мол*.

ЮНЕСКО-ның 2023 жылға арналған зерттеулері мен сауалнамасына сәйкес, әлемде бастауыш мектептердің 40%-ы және орта мектептердің 65%-ы ғана интернетке қосылған, бұл осы көрсеткішті жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңыздылығын көрсетеді. Өз кезегінде бұл тұрғыдан Қазақстан әлемдік стандарттардан айтарлықтай озып кетті.

2023 жылы ОМ ЦДИАӨМ-пен бірлесіп мектептерді Интернетпен қамтамасыз етудің жаңа стандарттарын белгіледі (ОМ-ның 2023 жылдың 4 сәуіріндегі № 85 және ЦДИАӨМ-ның 2023 жылдың 17 сәуіріндегі № 153/нқ бірлескен бұйрығы). Енді 400 оқушыға дейінгі мектептер үшін интернеттің ең төменгі жылдамдығы 20 Мбит/с, ал үлкен мектептер үшін әрбір 20 оқушыға қосымша 1 Мбит/с болуы керек. Бұл қадам мемлекеттің орналасқан жеріне қарамастан барлық оқушыға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге деген ұмтылысын көрсетеді.

2.4-кесте. Күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерді интернет желісіне қосу динамикасы, 2021–2023 жж., %

Год	Интернетке қосылған мектептер саны	
	барлығы	%
2021	6 930	99,8
2022	6 889	99,7
2023	6 888	99,7

Дереккөз: ҰБДҚ


* Zheng, G., Terry, J., Belgrader, P. et al. Massively parallel digital transcriptional profiling of single cells. Nat Commun 8, 14049 (2017). <https://doi.org/10.1038/ncomms14049>

2023 жылы жоғары жылдамдықты интернетке қосылған елді мекендердің саны 59,7%-ға жетті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда (47,9%) айтарлықтай көп.

Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалалар қазірдің өзінде 100 пайыз қамтылған. Дегенмен, кейбір өңірлерде, мысалы, Ұлытау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш 50 пайыздан төмен күйінде қалып отыр.

Жоғары жылдамдықты интернетке деген сұраныстың артуы мемлекет тарапынан инфрақұрылымды одан әрі дамытуға қажеттілікті көрсетеді. Бұл барлық азаматты әлемдік стандарттарға сәйкес тең мүмкіндіктер және құқықтармен қамтамасыз етеді.

Диаграмма 2.6. Жоғары жылдамдықты интернетке қосылған елді мекендердің үлесі, %



Дереккөз: ҚР ЦДИАӨМ

10. Күн сайын көкөністер мен жемістер тұтынатын балалардың үлесі

Балалардың жаңа піскен көкөністер мен жемістерді тұтынуы олардың физиологиялық және когнитивті дамуы үшін маңызды. Жаңа піскен көкөністер мен жемістер балалардың қалыпты дамуы мен иммундық жүйесін нығайтуға көмектесетін маңызды дәрумендер және минералдармен қамтамасыз етеді. Күніне бес порциядан артық жемістер мен көкөністерді жейтін балаларда семіздік пен басқа созылмалы аурулардың даму қаупі айтарлықтай төмендейді*.

Сауалнамаға қатысқан балалардың 27,3%-ы ғана жемістер мен көкөністерді күнделікті жейді. Сауалнамаға сәйкес, Абай облысындағы (19,3%), сондай-ақ Қызылорда (21,4%) және Атырау (21,5%) облыстарындағы балалар көкөністер мен жемістерді аз жейді. Ең жоғары көрсеткіштер Павлодар (37,7%), Ақмола (34,7%) облыстарында және Жетісу облысында (33%) тіркелді.

2022 жылы республикалық көрсеткіш 26,9%-ды құрады.

Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, Қазақстан қоғамында жемістер мен көкөністерді күнделікті тұтынудың тағамдық әдеті нашар көрініс тапқан. Ересек адам үшін оны жеке таңдау деп қарастыруға болар, ал бала үшін бұл дененің дамуына қажет пайдалы және қоректік тамақтанудың маңызды элементтерінің бірі.

2.5-кесте. Күн сайын көкөністер мен жемістер тұтынатын балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	26,9	27,3	0,4
Абай	19,3	19,3	
Қызылорда	21,4	21,4	
Атырау	20,4	21,5	1,1
Түркістан	23,1	23,1	
Жамбыл	23,5	23,5	
БҚО	24,2	24,2	
Ақтөбе	24,6	24,6	
ШҚО	26,2	26,2	
Астана қ.	25,2	26,3	1,1
Маңғыстау	25,3	26,4	1,1

* Avery et al., 2018

Өңір	2022	2023	Динамика
Ұлытау	25,4	26,6	1,2
Алматы	27,0	27,0	
Шымкент қ.	27,9	28	
Алматы қ.	29,6	29,6	
СҚО	29,7	29,7	
Қостанай	30,9	30,9	
Қарағанды	31,8	32,9	1,1
Жетісу	32,6	33,0	0,4
Ақмола	33,5	34,7	1,2
Павлодар	36,6	37,7	1,1

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

ДДСҰ-ның Қазақстандағы кеңсесінің ДНЫМ жобасын іске асыру аясында ОМ ДСМ-мен бірлесіп «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2024-2026 жылдарға арналған бірлескен бұйрыққа қол қойды.

Өз кезегінде ДНЫМ жобасы мен жоспарда педагогтер мен балаларды салауатты өмір салты дағдыларына үйрету бойынша іс-шаралар қамтылған.

Жоба әртүрлі топтарды біріктіреді: мұғалімдер, асхана қызметкерлері, студенттер, олардың отбасылары, мектеп директорлары, мектеп медбикелері мен әлеуметтік қызмет мамандары.

2023 жылы денсаулықты нығайтатын мектептер саны 1677-ге жетті.

Жоба артық салмақтан зардап шегетін балалардың санын азайтып, темекі шегудің алдын алу бағдарламаларын тиімдірек етеді, сонымен қатар, балалардың жалпы денсаулығын жақсартады деп күтілуде.

11. 1000 балаға шаққанда өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар саны

Елімізде балалардың, оның ішінде өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың құқықтарын қорғауға және қамтамасыз етуге үлкен көңіл бөлініп келеді. Қиындыққа тап болған балалар қиыншылықтарды жеңіп, қоғамға ойдағыдай енуі үшін оларға ерекше қамқорлық пен қолдау қажет.

2023 жылдың 20 сәуірінде Мемлекет басшысы азаматтардың туғаннан бастап көрілікке дейінгі негізгі әлеуметтік құқықтарын

айқындайтын маңызды құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне қол қойды.

Кодекс 2023 жылдың 1 шілдесінде күшіне еніп, азаматтардың хал-ахуалын жақсартуға, сондай-ақ жүйені профилактикалық шараларға және әлеуметтік қауіптердің алдын алуға қарай қайта бағдарлауға бағытталған.

Кодексте «Өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (отбасы)» терминінің орнына «Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адам (отбасы)» термині қолданылады. Бұл ұғым қиын жағдайда қалған және қосымша қолдау мен көмекті қажет ететін балаларды да қамтиды.

Кодекстің 133-бабына сәйкес, қандай да бір себептермен өмірлік қиындықтарды өз бетінше жеңе алмайтын адамдардың арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға құқығы бар. Бұл себептерге мыналар жатады: жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы, кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуы, мүгедектік, зорлық-зомбылық және адам өміріне теріс әсер ететін басқа да факторлар.


Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың саны өңірге байланысты өзгеріп, 1000 балаға шаққанда 60,4-тен бастап, 98,3-ке дейін жетеді.

2023 жылы ең төменгі көрсеткіштер мына өңірлерде көрініс тапты:

- Алматы қ. – 60,4;
- Астана қ. – 65,2;
- Маңғыстау облысы – 66,6;
- Қарағанды облысы – 69.

2023 жылы ең жоғары көрсеткіш Түркістан облысында (98,3 адам), Шымкент қаласында (92,7 адам) және Шығыс Қазақстан облысында (92,4 адам) тіркелді.

Диagramма 2.7. 1000 балаға шаққанда өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар саны



Айта кетерлігі, бірқатар өңірде өмірлік қиын жағдайдағы балалардың саны (1000 балаға шаққанда) айтарлықтай өскен. Сөз Солтүстік Қазақстан облысы (80,5-тен 88,1 адамға дейін), Шымкент қаласы (88,3-тен 92,7 адамға) және Батыс Қазақстан облысы (80,1-ден 84,3 адамға) жөнінде болып отыр.

Қазақстанда қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға қолдау көрсететін КБО және БҚО-лар бар.

БҚО отбасылық проблемаларды ерте анықтауға, арнайы әлеуметтік қызметтердің кешенді пакетін ұсынуға және баланы туған отбасында сақтауға бағытталған. Арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балалар қосымша психологиялық жарақат алмау үшін КБО және БҚО-ға жеткізіледі.

КБО өз кезегінде көшедегі және қараусыз қалған, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды немесе зорлық-зомбылық құрбандарын қабылдауды, уақытша орналастыруды, бейімдеуді және кейіннен орналастыруды қамтамасыз етеді.

2023 жылы елде 10 КБО және 35 БҚО жұмыс істеді. 2820 кәмелетке толмаған бала КБО-ға жеткізілді, бұл 2022 жылмен

салыстырғанда 27,9%-ға көп, ал БҚО-ға 3055 бала жеткізілген, бұл да 2022 жылмен салыстырғанда 8,4%-ға көп.

КБО және БҚО-ға жеткізілген қиын өмірлік жағдайдағы балалар санының ең көп ұлғаюы Шымкент қаласы, Түркістан және Қарағанды облыстарында, ал балалар санының азаюы Ақтөбе, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады.

2.6-кесте. КБО және БҚО-ға жеткізілген балалар саны

Өңір	КБО		БҚО		Жалпы		
	2022	2023	2022	2023	2022	2023	Динамика, %
ҚР	2204	2820	2818	3055	5022	5875	17
Абай	359	507	0	48	359	555	54,6
Ақмола			135	41	135	41	-69,6
Ақтөбе			143	29	143	29	-79,7
Алматы			0	36	0	36	
Атырау	104	96			104	96	-7,7
ШҚО	249	158	129	82	378	240	-36,5
Жамбыл			501	497	501	497	-0,8
Жетісу	132	137	55	35	187	172	-8,0
БҚО			198	234	198	234	18,2
Қарағанды	209	343	45	167	254	510	100,8
Қостанай	181	223	138	125	319	348	9,1
Қызылорда	372	294			372	294	-21,0
Маңғыстау	409	385			409	385	-5,9
Павлодар			253	267	253	267	5,5
СҚО			187	210	187	210	12,3
Түркістан			54	191	54	191	253,7
Ұлытау			0	20	0	20	
Алматы қ.			595	642	595	642	7,9
Астана қ.			385	405	385	405	5,2
Шымкент қ.	189	677	0	26	189	703	272

Дереккөз: ҰБДҚ

12. 1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жастағы балалар саны

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар халықтың ең осал санаттарының қатарына жатады. Кейінгі жылдары олардың өмір сүру жағдайын жақсарту, құқықтарын қорғау, отбасылық тәрбиемен және қоғамға кірігуін қамтамасыз ету бағытында көптеген жұмыстар атқарылды.


2023 жылдың соңында мұндай 21 387 бала тіркелген. Оның 17 660-ы отбасында тәрбиеленсе, 3727-сі арнайы мекемелерде. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 3%-ға аз (ол кезде 22 081 еді).

Бұл балалардың 9561-і жетім, 11 826-сы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Олардың 10 782-сі – ұл, 10 605-і – қыз бала.

Ұлты бойынша: 10 081 қазақ, 8 243 орыс, 3 063 өзге ұлт балалары.

Жасы бойынша 14 пен 18 жас аралығындағы балалар басым (10 100 бала). Одан кейін 7-13 жас (8986), 4-6 жас (1467), 0-ден 3 жасқа дейін (794) және 18 жастан асқан (40) балалар.


Диаграмма 2.8. 1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жастағы балалар саны



Дереккөз: ҰБДК

Кейінгі бес жылда елімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы саны азайған.

Диаграмма 2.9. 5 жастан асқан жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны



Дереккөз: ҰБДК

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында 115 ұйым жұмыс істейді, оның 77-сі білім беру жүйесіне, 20-сы денсаулық сақтау жүйесіне және 18-і әлеуметтік қорғау жүйесіне қарасты.

Диаграмма 2.10. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік қолдау көрсететін ұйымдардың саны



Дереккөз: ҰБДК

2023 жылы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жас аралығындағы балалардың көрсеткіші ел бойынша 1000 балаға шаққанда 3,2-ні құрады. Десек те аймақтардағы жағдай айтарлықтай ерекшеленеді. Кейбір өңірде, мысалы, Ұлытау (11,3), Солтүстік Қазақстан (8,5), Қостанай (8,1) облыстарында бұл көрсеткіш республикалық орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары.

Жалпы республика бойынша ілгерілеу бар: 2022 жылы бұл көрсеткіш 1000 балаға шаққанда 4,5 болса, 2023 жылы 3,2-ге дейін төмендеді. Ең оң динамика Шығыс Қазақстан облысында байқалды, онда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны 1000 балаға шаққанда 12,2-ден 7,1-ге дейін төмендеді.

Ал Абай облысында бұл көрсеткіш керісінше 1000 балаға шаққанда 3,2-ден 4,2-ге өсті. Солтүстік Қазақстан облысында да 0,5 өсім тіркелді.

Ең төменгі көрсеткіштер Жетісу, Маңғыстау және Түркістан облыстарында (1000 балаға 1,5), сондай-ақ Шымкент (1,8), Астана (1,9) және Алматы (1,9) қалаларында байқалды.

Диаграмма 2.11. 1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-17 жас аралығындағы балалар саны

Өңірлер	2022	2023	Динамика
Ақмола	6,3	5,7	-0,6
Ақтөбе	2,6	2,4	-0,2
Алматы	4,8	3,1	-1,7
Атырау	2,0	1,8	-0,2
ШҚО	12,2	7,1	-5,1
Алматы қ.	2,0	1,9	-0,1
Астана қ.	2,0	1,9	-0,1
Шымкент қ.	1,8	1,8	0,0
Жамбыл	2,7	2,6	-0,1
БҚО	3,6	3,4	-0,2
Қарағанды	7,4	6,3	-1,1
Қостанай	8,5	8,1	-0,4
Қызылорда	2,4	2,3	-0,1
Маңғыстау	1,4	1,5	0,1
Абай	3,2	4,2	1,0
Жетісу	2,5	1,5	-1,0
Ұлытау	11,3	11,3	0,0
Павлодар	7,4	7,2	-0,2
СҚО	8,0	8,5	0,5
Түркістан	1,6	1,5	-0,1
ҚР	4,5	3,2	-1,3

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тиімді қорғап, оларға дер кезінде әлеуметтік және материалдық қолдау көрсету мақсатында түрлі шаралар атқарылып келеді.

2017 жылдан бастап жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық деректер банкі жұмыс істейді. Бұл балаларды отбасына орналастыру тәртібін барынша ашық және айқын етуге мүмкіндік берді.

2023 жылы патронаттық тәрбиешілердің жалақысы көтерілді. Қазір оның мөлшері 35 АЕК. Жалақы 2023 жылдың маусым айына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысына сәйкес төленіп келді және орташа есеппен 58 мың теңгені құрады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың балалар үйіне қайта оралуына жол бермеу үшін әлеуетті асырап алушы ата-аналар бала асырап алу және қамқоршылыққа алу алдында психологиялық дайындықтан өтуге міндеттелді. Бұл тренинг тегін жүргізіледі. 2023 жылы оны 49 мемлекеттік ұйым мен «Ана үйі» қоғамдық қоры жүзеге асырды.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұратын ұйымдар үшін де типтік ережелер әзірленді. Балаларды қолдау орталықтарының қызметкерлеріне арналған әдістемелік ұсыныстарда әр бағыттың қалай жұмыс істейтіні егжей-тегжейлі сипатталған.

Сонымен қатар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға баспана алу кезегіне тұру уақыты екі есе қысқарды. Бұрын алты ай болса, қазір бұл мерзім үш ай ғана.

Мемлекет басшысының кәсіби патронаттық отбасын құру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, тиісті заңнамалық өзгерістер әзірленді.

Кәсіби патронаттық отбасылар – балаларды бірден кәсіби дайындықтан өткен тәрбиешілердің отбасына уақытша орналастыру мүмкіндігі. Бұл тәсіл ұйымдардағы травмалық жағдайларды болдырмауға және бауырлар арасындағы байланысты сақтауға мүмкіндік береді.

Жеке тұрғын үйі бір адамға кемінде 15 шаршы метрді құрайтын 30 жастан 63 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары патронаттық тәрбиеші бола алады. Патронаттық отбасыларға берілген балаларды алып жүруді және артынан бақылауды балаларды қолдаудың мамандандырылған орталықтары және қорғаншылық органдары жүзеге асырады.

2023 жылдың 20 қыркүйегінде заң жобасы енгізіліп, Парламент Мәжілісінде қарастырылуда.

13. Тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың кезекте тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы санындағы үлесі


Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге басым құқығы бар. Бұл құқық оларға көп балалы отбасылармен және Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен тең дәрежеде қолданылады.

Оларға тұрғын үй коммуналдық тұрғын үй қорынан беріледі немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалдайды. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бөлінген тұрғын үйлердің жалпы санының кемінде 20 пайызын иеленуі тиіс.

Кейінгі он жылда 8458 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала баспаналы болды. 2022 жылы 673 бала, 2023 жылы 811 бала баспанаға қол жеткізді.

Дегенмен, Қазақстанның көп өңірінде тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалардың үлесі төмен күйінде қалып отыр. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында ол небәрі 0,02%, Жамбыл облысында – 0,13%, Батыс Қазақстан облысында – 0,19%. Ең жоғары көрсеткіштер Шымкент қаласы (6,82%), Ұлытау (4,06%) және Павлодар облыстарында (2,86%) байқалады.

Диagramма 2.12. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалардың үлесі, %



Дереккөз: ҚР ӨҚМ

Жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй кезегіне 652 049 астам адам тіркелген, оның 62 516-сы жетім немесе ата-анасыз қалған балалар.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметі бойынша, бүкіл кезең ішінде 78 137 азаматқа, оның ішінде 9 578 жетім және ата-анасыз қалған балаларға жалға берілетін тұрғын үй берілді.

2023 жылы 8 585 жалдамалы пәтер пайдалануға берілген, оның 813-і жетім балаларға арналған.

Азаматтардың баспана мәселесін шешудің тағы бір жолы – «Отбасы банкінен» 2% және 5% мөлшерлеменен жеңілдікті несиелену. 2019-2023 жылдар аралығында 709 млрд теңгеге 71 468 осындай несиелену берілді.

Оның ішінде 348 несиелену жетім балаларға берілді. 2% мөлшерлеменен – 88 несиелену, 5% мөлшерлеменен – 260 несиелену берілген.

Қолданыстағы тұрғын үй заңнамасын жетілдіру бойынша

жұмыстар жүргізіліп жатыр. Парламент Мәжілісінің қарауына Тұрғын үй саясатын реформалау туралы заң жобасы ұсынылды.

Бұл заң жобасына сәйкес, азаматтардың жекелеген санаттары, соның ішінде жетім балалар мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуда басым құқыққа ие болады. Бұл оларға жалпы қолжетімді баспананың 70 пайызы бөлінеді деген сөз.

Тұрғын үйді әділ бөлуді қамтамасыз ету үшін заң жобасының тұжырымдамасында тұрғын үй бірінші кезекте тіркеу мерзіміне қарай беріледі деген қағида қамтылды.

Сонымен қатар, заң жобасына сәйкес, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында тұрғын үй кезегіне тұруды қалайтын жетім балаларды үш жылдық тіркеу талабы алынып тасталды.

Жергілікті атқарушы органдар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау бойынша кешенді жоспарларды жүзеге асыруда. Бұл жоспарларда бюджеттен тыс және демеушілік қаражат есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету шаралары бар.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері «Отбасы банкінде» депозиттік шот аша алады. Бұл шоттар асыраушысынан айырылу және мүгедектік бойынша жәрдемақы, алимент, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер мен бизнес құрылымдардың аударымдары есебінен толықтырылады.

2016-2023 жылдар аралығында демеушілердің қолдауымен «Отбасы Банк» АҚ арқылы Ақтөбе облысында – 65, Шығыс Қазақстан облысында – 43, Солтүстік Қазақстан облысында – 4, Павлодар облысында – 15, Қостанай облысында – 1, Абай облысында – 1 пәтер берілді.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға, оның ішінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жеңілдікті ипотекалық несие беріледі.

Несие шарттары:

«2-10-20»: жылдық мөлшерлеме 2%, бастапқы жарна 10%, мерзімі 20 жылға дейін;

«5-10-20»: жылдық мөлшерлеме 5%, бастапқы жарна 10%, мерзімі 20 жылға дейін.

2023 жылы «2-10-20» бағдарламасына 32,2 млрд теңге, «5-10-20» бағдарламасына 39,7 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар,

халықтың әлеуметтік осал топтары, оның ішінде жетім балалар үшін жалға берілетін пәтерлерді сатып алуға республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. 2023 жылы осы мақсатқа 102,7 млрд теңге бағытталды.

14. Қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға/жәбірлеуге ұшыраған 10–18 жастағы балалардың үлесі

Жәбірлеуге ұшыраған балалардың физикалық, эмоционалдық және психикалық денсаулығына терең және ұзақ мерзімді зақым тиеді. Бұл өзіне деген сенімділіктің төмендеуіне, әлеуметтік оқшаулануға, академиялық мәселелерге және тіпті физикалық ауруларға әкелуі мүмкін. Жәбірлеудің ұзақ мерзімді салдары ересек жаста психикалық аурудың даму қаупінің жоғарылауын қамтиды.

«Жәбірлеу (буллинг)» термині алғаш рет заңнамада 2022 жылы ресми түрде бекітілді. Бұл ретте баланы жәбірден қорғау құқықтары белгіленді және білім беру саласындағы уәкілетті органның қорлаудың алдын алу қағидаларын бекіту құзіреті, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің қағидаларын бекіту құзыреті белгіленді. Бұл ережелердің негізгі мақсаты – білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге жағдай жасау және жәбірлеуге мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру.

Әлеуметтік сауалнамаға сәйкес, 2023 жылы жәбірлеудің ел бойынша орташа көрсеткіші 15,3-ті құрап, 2022 жылмен (15,2) салыстырғанда іс жүзінде өзгеріссіз қалды.

Ең жоғары көрсеткіштер Алматы қаласында (20,3%), Алматы облысы мен Шымкент қаласында (әрқайсында 19,9%) кездесті. Бұл ретте жәбірлеу бойынша ең төменгі көрсеткіш Қостанай (7%), Павлодар (9,5%) және Ақмола облыстарында (10,2%) тіркелді. Осы аймақтарда жәбірлеу фактілерінің де айтарлықтай төмендеуі байқалады: Қостанай облысында 2022 жылғы 21%-дан 2023 жылы 7%-ға дейін, Павлодар облысында – 17%-дан 9,5%-ға дейін, Ақмола облысында – 17%-дан 10,2%-ға дейін төмендеген.


Сауалнама деректеріне сәйкес, балалардың құқықтарына ең үлкен қауіп олардың құрдастарынан (33,2%) және бейтаныс адамдардан (33%) төнеді. Қауіп көзі ретінде ұстаздар, туыстар мен полицейлер азырақ айтылады. Жасөспірімдердің пікірінше,

көбінесе жасөспірімдер жәбірлеуге тап болады, ол мінез-құлықтың белгілі бір формалары арқылы, мысалы, топтан шеттету (16%) арқылы көрініс табады. Физикалық зорлық-зомбылық азырақ кездеседі.

Ұлдар қыздарға қарағанда жәбірлеу құрбанына көбірек айналады. Жәбірлеуге ұшырағандардың 66%-ы – ұл балалар, 44%-ы – қыз балалар. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі мектеп оқушылары қалалық оқушыларға қарағанда жәбірлеу оқиғалары туралы көбірек хабарлайды (60% және 40%).

Балаларды жәбірлеудің алдын алуда құқықтық сауаттылық маңызды рөл атқарады. Сауалнамаларға сәйкес респонденттердің 60,7%-ы өз құқықтарын толық білетінін, ал 27,6%-ы негізгі аспектілерді білетінін жеткізді. Бала құқықтары туралы ақпараттың негізгі көзі – Интернет, одан кейін ата-аналар жиналысы, теледидар, радио және мерзімдік басылымдар. Ақпарат көздері арасында соңғы орында полиция (6,7%) тұр.

Диаграмма 2.13. Қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға/жәбірлеуге ұшыраған 10–18 жастағы балалардың үлесі, %



Кейінгі бір жыл ішінде интернетте кибербуллингке куә болған балалардың көпшілігі (52,1%) көргені жайлы ешкімге айтпаған. Балалар Интернетте көргені туралы біреумен сөйлесер болса, әдетте оны бөтен біреуге емес, өз достарына айтады. Балалардың 24,4%-ы не көргенін достарына айтса, 23,5%-ы ата-анасына немесе қамқоршыларына болған оқиға туралы айтып берген.

Кибербуллинг бетпе-бет қарым-қатынас кезіндегі буллингтен гөрі кеңірек тараған деп қабылданса да, деректер буллингтің басқа түрлеріне қарағанда жеке қарым-қатынас кезінде жәбірлеу жиірек кездесетінін дәйекті түрде көрсетеді.

Балалардан өткен жылы желідегімен салыстырғанда біреудің жеке басын (бетпе-бет) қаншалықты жиі қорлағаны немесе онымен дәрекі қарым-қатынас жасағаны сұралды. Өзара әрекеттесу жиілігіне қарамастан өткен жылы желіде ұқсас тәжірибелер туралы хабарлағандармен салыстырғанда, шынайы өмірде жәбір немесе қатыгездік көргенін хабарлаған балалардың саны сәл көбірек болды. Тәжірибе неғұрлым кең таралған болса, онлайн және офлайн тәжірибелер арасындағы айырмашылық соғұрлым жоғары болды.

Жалпы алғанда, өткен бір жыл ішінде әрбір оныншы бала (10,7%) жеке жәбірлеуге ұшыраса, балалардың 9,1%-ы онлайн жәбірлеуге тап болған. Балалардың 5,4%-ы жеке жәбірлеуге, 3,4%-ы онлайн жәбірлеуге кем дегенде айына бір рет ұшырайды.

Балалар әдетте жәбірлеуге белсенді және пассив әрекеттердің қосындысы арқылы реакция білдірді. Кибербуллингті бастан өткергендердің әрбір үштен бірі (33,8%) өзін қорлаған адамды бұғаттаған, ал төрттен бір бөлігі бұл мәселені елемей, ол өздігінен жойылады деп үміттенген және/немесе хабарламаларды жойған (тиісінше 23% және 22,9%). Тек әр оныншы бала ғана қолданбаның немесе контактілерінің құпиялық параметрлерін өзгертіп, жәбірлеу жасауын тоқтатқан. Әр оныншы адам жәбірлеу кездескен браузерді немесе қолданбаны жауып тастады, ал оннан бір бөлігі жәбірлеу тоқтайды деген үмітпен интернет пайдалануды біраз уақытқа шектеді.

2023 жылы балаларды жәбірлеудің алдын алу мақсатында ОМ буллингке қарсы KiVa бағдарламасын енгізу жұмысын бастады.

Сондай-ақ білім беру ұйымдарында оқушыларды жәбірлеудің алдын алу бойынша отандық «ДосболLike» бағдарламасы әзірленді.

Мектеп ұжымы жүргізетін жәбірлеудің алдын алу бойынша

жұмыс осы құбылысқа төзбеушілік және оның құрбаны болғандарды қолдау қағидаттарына негізделген.

Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар мен мектеп ұжымы – осылардың барлығы оң орта құру және зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін тәрбиелеу үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек.

Бұл жұмысты жәбірлеудің алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыратын Антибуллинг тобы үйлестіреді.

Жәбірлеу белгілері анықталса, мектеп командасының әрбір мүшесі дереу белгілі бір әрекеттер алгоритмін орындауы керек.

Пилоттық жобаның нәтижесінде балалар әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытып, жанжал жағдайында сындарлы жауап беруге үйренеді. Бұл оқушылар арасындағы агрессивті және дұшпандық реакциялардың төмендеуіне, тұлғааралық және топаралық қарым-қатынастардың жақсаруына, балалардың субъективті хал-ахуал деңгейінің жоғарылауына әкеледі.

15. «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша балалар халахуалы индексінің қорытындылары

«Отбасы және қоғам» бағыты 14 индикаторды (4 статистикалық және 10 сауалнама) қамтиды.


2023 жылдың қорытындысы бойынша «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша индекстің орташа мәні 55,1 балды құрады.

Өңірлерде көрсеткіш 46,6-дан 67,6 балға дейін ауытқиды.

Индекстің ең жоғары мәндері Павлодар (67,6 балл), Қостанай (65,6 балл) және Ұлытау облысында (63,9 балл) тіркелді.

Еліміздің Қарағанды (46,6 балл), Алматы (48,2 балл) және Абай (48,8 балл) сияқты облыстарында индекстің ең төмен көрсеткіштері көрініс тапты.

Диаграмма 2.14. «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары, 2023 жыл



Қорытындылар мен ұсыныстар:

Қорытындылар:

1. Сауалнамаға сәйкес, ата-анасымен өз мәселелерін ашық талқылай алатын 10–18 жас аралығындағы балалардың үлесі жалпы ел бойынша 90,6% құрады. Еліміздің 14 өңірінде балалардың үлесі орташа республикалық көрсеткіштен жоғары. 2022 жылмен салыстырғанда динамика 17,3% құрады. Ата-аналарға жағдай жасалып, мемлекеттік қолдау шаралары қабылданып жүр.

2. Қазақстанда 10–18 жас аралығындағы балалардың отбасылық шешімдер қабылдау кезінде олардың пікірі ескеріледі деп есептейтіндердің пайызы өңірлер бойынша өзгереді, бірақ 75%-дан төмен түспейді. 2022 жылғы сауалнама деректерімен салыстырғанда оң динамика байқалады. Алдыңғы есептік жылы бұл көрсеткіш 13,3%-ға төмен болды.

3. Сауалнамаға сәйкес, елде әрбір жетінші ата-ана жұмыста жұмыс істегендіктен балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайды. 2022 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш екі есеге жуық жақсарды.

4. Зерттеу көрсеткендей, 2023 жылы сауалнамаға қатысқан балалардың жартысы (51,2%) өз мектебінің қоғамдық өміріне қатысатынына толық сенімді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда екі есе көп. Елімізде балаларды мектептің қоғамдық өміріне тартуға

бағытталған жобалар белсенді дамып келеді.

5. Сауалнамаға қатысқан отбасылардың абсолютті көпшілігі (84%) өз пәтерінде немесе үйінде тұрады. Тұрғын үйді жалға алатын балалы отбасылардың үлесі салыстырмалы түрде төмен – 11,9%.

6. Жеке бөлмесі бар немесе үйде бір тұрғынға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы бар балалардың үлесі 2023 жылы 22,1%-ды құрады. Яғни әрбір бесінші баланың ғана сарапшылар ұсынатын тұрғын үй жағдайлары бар.

7. Мектептердің 99,7%-ы Интернет желісіне қосылған.

8. Елдегі балалардың тек 1/4 бөлігі көкөністер мен жемістерді күнделікті жейді. Абай (19,3%), Қызылорда (21,4%) және Атырау (23,1%) облыстарындағы балалардың рационында жемістер мен көкөністер ең аз кездеседі.

9. 1000 балаға шаққанда өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың саны Қазақстан өңірлерінде 60,4-тен 98,3 адамға дейін құбылады. Балаларды бауырластарының отбасыларына қайтаруға бағытталған БҚО жұмысы қайта құрылды.

10. 2023 жылы елде 10 КБО және 35 БҚО жұмыс істеді. КБО-ға 2820 кәмелетке толмағандар жеткізілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 27,9%-ға ұлғайды, ал БҚО-ға жеткізілгендер саны 3055 болды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 8,4%-ға өсті. Балалар ұйымдарында жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың санын азайту және оларды отбасы құрылымы нысандарымен қамту бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде.

11. Елде кәсіби патронаттық отбасы институтын заңнамалық тұрғыдан енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

12. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қамқорлық көрсетудің негізгі көріністерінің бірі – оларды баспанамен қамтамасыз ету. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етудің теріс динамикасы байқалады. Сонымен қатар, қайырымдылық акциялары есебінен тұрғын үймен қамтамасыз етудің баламалы тәсілдері дамып келеді.

13. Жәбірлеуге, қорлауға ұшыраған балалардың, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жәбірленген балалардың үлесі өте жоғары. Ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласы (20,3), Алматы облысы және Шымкент қаласында (әрқайсында 19,9) тіркелген.

Ұсыныстар:

1. Балалардың өз құқықтарынан хабардар болу көрсеткіші өте жоғары болуы мүмкін, бірақ олар құқығын қорғауды әрдайым жүзеге асыра бермейді. Патриархалдық-авторитарлық типтегі отбасылық қатынастар, зорлық-зомбылық тақырыбына тыйым салу арқылы ата-аналар өздері балалардың құқықтық санасының өсуіне және олардың мүддесін қорғауына кедергі келтіреді. Осының салдарынан баланың отбасыда әрқашан дауыс беру құқығы, таңдау құқығы бола бермейді әрі оның құқықтарын ата-анасы бұзуы мүмкін. Осыған байланысты педагогтармен және балалармен ғана емес, ата-аналармен де белсенді ағартушылық, әлеуметтік, ақпараттық, психологиялық жұмыс жүргізу қажет.

2. Тәрбие жұмысының әртүрлі нысандарын пайдалана отырып, бала құқықтарына қатысты құқықтық ағарту жұмыстарын жалғастыру қажет. Жұмысты өзара қолайлы әрекеттесуге жағдай жасай отырып, нақты жағдайлар мысалында құру маңызды.

3. Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік қолдауды күшейту қажет. Жетім балаларды мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамтамасыз етудің төмен көрсеткіштерін ескере отырып, осы мәселені шешудің бүгінгі күні қолданылып жүргеннен бөлек қосымша нұсқаларын қарастыру қажет.

4. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғын үй бөлу квотасының 20%-ы сақталмайтын өңірлерге шаралар қолдану керек.

5. Тиімді өзара іс-қимыл және шешім қабылдау технологияларын пайдалана отырып, қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің қызмет сапасын арттыру бойынша жұмыс жүргізу.

6. Балалардың тамақтану мәдениетін қайта қарау бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу, өйткені балалар рационында жемістер мен көкөністердің жетіспеушілігі байқалады.

7. Мемлекеттік органдар тарапынан балалар мен жастар арасындағы идеологиялық құрамдас бөлік бойынша жұмысты күшейту керек. Жұмыс белсенді оқушылармен ғана емес, назар аударуды қажет ететіндермен де жүргізілуі үшін олардың қызметінің тиімділігіне назар аударған жөн.

8. Бұдан басқа, балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында:

1) республикалық балалар-жасөспірімдер қозғалысын

дамыту жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесін құру;

2) барлық волонтерлік жобалар мен мектептегі өзін-өзі басқару жобаларын жалғастыру;

3) тәлімгерлердің, балалар қозғалысының көшбасшы-педагогтерінің, ұйымдастырушы-педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын жалғастыру.



**3-ТАРАУ.
МЕМЛЕКЕТТИК САЯСАТ**

3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

Қоғамның әл-ауқатын мақсат ететін кез келген реформа қоғам қажеттіліктері мен құралдарын білгенде ғана діттеген мақсатына әртүрлі кездейсоқ жағдайларға тап болмай жете алады.

Шоқан Уәлиханов

Мемлекеттік саясат балалардың жағдайына айтарлықтай әсер етіп, олардың өмірінің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және құқықтық қорғау салаларын қамтиды. Мемлекеттік саясаттың бұл бағыттары балалардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Тиімді саясат барлық балаға тең мүмкіндік сыйлап, олардың құқықтарын қорғайды.

Денсаулық сақтау саясаты балаларға тегін және қолжетімді медициналық көмек көрсетуді, вакцинация бағдарламаларын, аурудың алдын алу және арнайы медициналық көмекке қол жеткізуді қамтиды. Әлеуметтік қолдау саясаты жәрдемақы, бала күтімі бойынша көмек, аз қамтылған отбасыларға қолдау және басқа да қолдау түрлері арқылы отбасылардың материалдық жағдайына әсер етеді. Бұл балалар кедейлігін айтарлықтай төмендетіп, олардың өмір сүру жағдайларын жақсартады.

Мәдениет және демалыс саласындағы саясат балалардың шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытып, мәдени және ойын-сауық іс-шараларына қол жеткізуіне бағытталған бағдарламаларды іске асырады. Бұл үйлесімді дамуға және әлеуметтік интеграцияға ықпал етеді.

Халықтың білім деңгейі – адами капиталды дамытудың маңызды көрсеткіштерінің бірі. Халықтың жоғары білім деңгейі экономикалық өсуге, инновациялық белсенділікке, әлеуметтік тұрақтылыққа, елдің тұрақты өсуіне ықпал етеді. Ел дамуының барлық саласына үлес қоса алатын жас ұрпақтың қалыптасуы білім сапасына байланысты. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуге құйылған инвестиция – Қазақстанның болашағына, құбылмалы әлемге еркін әрі жеңіл бейімделе алатын бәсекеге қабілетті әрі сауатты азаматтарға инвестиция болып саналады. Білім беру жүйесін дамытудың басымдықтары Қазақстан Республикасының

2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрініс тапқан.

1. Жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататын 10–18 жастағы балалардың үлесі

Мектептегі қолайлы және жайлы жағдай балалардың тиімді оқуы мен дамуына негіз болады. Әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, жас қазақстандықтардың көпшілігі мектепте оқуды ұнатады. Сауалнамаға қатысқандардың 72,4%-ы білім беру үдерісіне қанағаттанатынын білдірді, бұл 2022 жылғы көрсеткішпен (71%) салыстырғанда 1,4%-ға артық.

Ақмола (61,6%), Солтүстік Қазақстан (65,5%) және Қарағанды (66,1%) облыстарының оқушыларында мектепте оқудан қанағаттану көрсеткіші төмен. Ал қанағаттанған оқушылардың ең көп үлесі Қызылорда (83,8%), Ұлытау (81,6%) және Қостанай облысында (81,4%) тіркелді.

Оқу процесіне қанағаттанудың оң динамикасы Қостанай, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында да байқалады, бұл өңірлерде өсім тиісінше 11,7%, 10,6% және 8,8%-ды құрады.

Атырау облысында қанағаттанған оқушылардың үлесі 2022 жылғы 77,6%-дан 2023 жылы 71,1%-ға дейін төмендеді. Қанағаттанушылықтың төмендеуі Қарағанды облысында (2022 жылғы 77,1%-дан 2023 жылы 66,1%-ға дейін) және Түркістан облысында (2022 жылғы 80,8%-дан 2023 жылы 77,5 -ға дейін) байқалды.

3.1-кесте. Жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататын 10–18 жастағы балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика, %
ҚР	71,0	72,4	1,4
Абай		71,2	0
Ақмола	62,5	61,6	-0,9
Ақтөбе	69,3	79,9	10,6
Алматы	69,8	68,5	-1,3
Атырау	77,6	71,1	-6,5
ШҚО	73,5	72,0	-1,5
Жамбыл	69,2	76,0	6,8
Жетісу		73,0	

Өңір	2022	2023	Динамика, %
БҚО	66,8	75,6	8,8
Қарағанды	71,1	66,1	-5,0
Қостанай	69,7	81,4	11,7
Қызылорда	79,9	83,8	3,9
Маңғыстау	64,3	67,6	3,3
Павлодар	69,2	69,0	-0,2
СҚО	66,4	65,5	-0,9
Түркістан	80,8	77,5	-3,3
Ұлытау		81,6	
Алматы қ.	72,5	70,7	-1,8
Астана қ.	70,3	68,8	-1,5
Шымкент қ.	73,5	76,1	2,6

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Жалпы алғанда, балалардың мектептегі оқу процесіне қанағаттануын зерттеу білім беру процесін бағалау мен жақсартудың, барынша ыңғайлы әрі қолдайтын орта құрудың, білім берудің жалпы тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып саналады.

Елде оқушыларды ынталандыру оқушылардың мотивациясын, қызығушылығы мен жетістіктерін арттыруға бағытталған түрлі тәсілдер мен әдістерді қамтиды.

Мектептерде интерактивті тақталар мен білім беру платформаларын енгізу оқушыларға ойындар мен мультимедиялық презентациялар арқылы оқу материалымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқытуды қызық әрі қолжетімді етеді, сөйтіп оқу процесіне қызығушылықтың артуына ықпалын тигізеді.

Білім ұйымдарында робототехника, журналистика, көркем шығармашылық сияқты қызығушылықтар бойынша үйірмелер өткізіледі. Мысалы, робототехника үйірмесі балаларға өз роботын жасауға және жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылығы мен мотивациясын дамытады, сонымен қатар олардың қызығушылығы мен қай салада қабілетті екенін табуға көмектеседі.

Оқуда жетістікке жетіп, конкурстар мен олимпиадаларға қатысатын оқушылар үнемі марапатқа ие болады.

2023 жылы Қазақстанның кейбір мектептерінде облыстық және аудандық деңгейлерде марапаттау үшін жаңа номинациялар қалыптасты.

Оқушылардың жетістіктері танылған кезде, бұл оларды оқуға және қосымша іс-шараларға белсенді түрде қатысуға ынталандырады. Марапаттар материалдық та, моральдық та болуы мүмкін.

«Ғылым апталығы» аясында мастер-кластар, дәрістер мен ғылыми жоба көрмелері өткізіледі. Мысалы, Астана мектептерінде оқушылардың назарын ғылыми пәндерге аударатын іс-шаралар өтуде.

Сонымен қатар, ата-аналардың жиналысы, мұғалімдермен кездесулер ұйымдастырылады. Олар оқушылардың жетістіктері мен мәселелерін, одан бөлек ата-аналардың мектеп іс-шараларын ұйымдастыруға қатысуын талқылайды.

Қарағанды мектептерінде ата-аналарға оқу процесін қолдау мәселелері бойынша семинарлар үнемі өткізіліп тұрады. Ата-аналардың белсенді қатысуы қолдау көрсететін білім беру ортасын құруға және оқудағы бірлескен күш-жігер арқылы оқушылардың ынтасын арттыруға көмектеседі.

2. Ата-аналар мен мектептің өзара іс-қимыл деңгейі

Ғылыми зерттеулер ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы балалар мен жасөспірімдердің академиялық нәтижелеріне оң әсер ететінін дәлелдейді. Осыған байланысты әлеуметтік сауалнама шеңберінде қазақстандық ата-аналардың мектеппен өзара іс-қимыл дәрежесі зерделенді.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, ата-аналардың 76,1%-ы балаларының мектеп өміріне қатысады. Өзара іс-қимыл нысандарына ата-аналар жиналыстарына қатысу, ата-аналар чаттарындағы өзекті мәселелерді талқылау және сынып жетекшілерімен үнемі өзара әрекеттесу жатады.

Көрсеткіш барлық аймақта бірдей дерлік мәнді көрсетеді. Ең төменгі мән Абай облысында (71,0%), Астана (71,7%) қаласында және Ұлытау (71,9%) облысында тіркелсе, ал ең жоғарысы – Атырау (81,4%), Павлодар (79,6%) облыстарында және Шымкент қаласында (78,7%) көрініс тапты. Бұл ретте өткен есепті кезеңмен салыстырғанда (2022 жылы 73,3%) Атырау облысында мәннің ең жоғары өсімі байқалады.

Жағдайдың нашарлауы Солтүстік Қазақстан облысында анықталды. 2022 жылы осы аймақтағы ата-аналардың 84,9%-ы мектептермен белсенді қарым-қатынас жасаса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 75,7%-ға дейін төмендеді.

3.2-кесте. Ата-аналар мен мектептің өзара іс-қимыл деңгейі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	78,0	76,1	-1,9
Абай	78,9	71,0	-7,9
Ақмола	75,4	75,1	-0,3
Ақтөбе	80,7	74,1	-6,6
Алматы	78,9	74,5	-4,4
Атырау	73,3	81,4	8,1
ШҚО	81,0	76,4	-4,6
Жамбыл	77,5	76,5	-1,0
Жетісу	78,6	77,4	-1,2
БҚО	78,9	72,0	-6,9
Қарағанды	78,6	78,0	-0,6
Қостанай	79,0	73,1	-5,9
Қызылорда	76,2	78,2	2,0
Маңғыстау	78,7	77,8	-0,9
Павлодар	81,2	79,6	-1,6
СҚО	84,9	75,7	-9,2
Түркістан	78,5	76,5	-2,0
Ұлытау	79,0	71,9	-7,1
Алматы қ.	74,5	74,4	-0,1
Астана қ.	72,9	71,7	-1,2
Шымкент қ.	76,6	78,7	2,1

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі мектептің рөліндей маңызды. Әлемдік қауымдастық ата-аналардың оқу процесінде шешуші рөл атқаратынын мойындайды. Ата-аналардың қатысуын қолдау және ынталандыру бойынша мемлекеттік деңгейде шаралар қабылдануда. Осыған байланысты ата-аналардың бала мен мектеп өміріне қатысуын арттыруға назар аударған жөн.

Ата-аналар мен білім беру ұйымы арасындағы сәтті қарым-қатынас балалардың толық әлеуетін ашып, табысқа жетуіне қолайлы оқу ортасын қалыптастырады.

Ата-аналардың республикалық қоғамдық кеңесінің қызметін әдіснамалық сүйемелдеу мақсатында кешенді жоспарды орындау шеңберінде елде «Отбасы – мектеп», «Мектептегі бір күн» ұзақ мерзімді жобалары іске асырылуда.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында жас ұрпақты

идеологиялық тәрбиелеу бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Өскелең ұрпақты идеологиялық тәрбиелеу шеңберінде «Білім-инновация» лицей-интернаттары мен «НЗМ» ДББҰ білім алушыларын тәрбиелеу және оқыту жүйесінің тәжірибесі кеңінен таратылады.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу, ата-аналардың мектептердегі оқу-тәрбие процесіне қатысуын қамтамасыз ету мақсатында «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аталар мектебі» ата-аналар қауымдастығын құру, дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, Павлодар облысының мектептерінде 522 ата-аналар комитеті, 231 әкелер кеңесі, 249 аналар кеңесі, 10 отбасылық тәрбие академиясы, 125 әжелер кеңесі, 27 аталар кеңесі мен 49 түрлі типтегі кеңестер жұмыс жүргізуде, жалпы қамту 18 мыңнан астам ата-ананы құрайды.

Шығыс Қазақстан облысының барлық мектептерінде Әкелер мен аналардың кеңестері құрылып, табысты жұмыс істеуде. Әкелер кеңесінің мүшелері «Жасөспірім», «Мектепке жол», «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн», «Түнгі қаладағы балалар» рейдтеріне қатысады.

«Құзыретті ата-ана» клубы жұмыс істейді, онда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту, отбасылық құндылықтар, бос уақытты ұйымдастыру, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек көрсету мәселелері қаралады.

Қалған өңірлерде жұмыс жалғасуда.

3. Мектепке дейінгі білім берумен қамтылған 1-6 жастағы балалардың үлесі

Мектеп жасына дейінгі балалардың білімі мен тәрбиесі олардың одан әрі дамуының негізін белгілейді, олардың жас және ересек өміріндегі білім беру, психологиялық және экономикалық перспективаларына әсер етеді.

Ерте жастағы балалардың оңтайлы дамуын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі білім берудің кешенді тәсілін қолдану қажет. Бұл тәсіл балалардың танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық және физикалық дамуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасы балалардың академиялық үлгерімі мен мектепке дайындығына оң әсер етеді. Мектепке дейінгі сапалы білім оларды одан әрі оқытуға берік іргетас болады.

Қазақстан қолжетімді ғана емес, сонымен қатар сапалы МДБ қамтамасыз етуге қажет қадамдардың барлығын жасауда. МДБ-ді жақсарту мақсатында Қазақстан мектепке дейінгі ұйымдардың тиімділігін, сапасы мен қолжетімділігін арттыруға баса назар аударады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, сондай-ақ «Қазақстан-2050» стратегиясында түйінді мәнге ие болды. Осы міндеттің маңыздылығы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған, оның басты міндеттерінің бірі барлық балаға МДБ-нің тең әрі сапалы қолжетімдігін қамтамасыз ету болып саналады. Елдің жас балаларды дамыту, күтім жасау және мектепке дейінгі оқытудың сапалы жүйелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге деген ұмтылысы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар желісі белсенді түрде кеңеюде. Бұл балабақшалар санын көбейту мен шағын орталықтар санын азайту арқылы жүзеге асады.


Мектепке дейінгі ұйымдар желісін зерттеу оның 2021 жылдан 2023 жылға дейін қарқынды дамып келе жатқанын көрсетті. 1991 жылдан 2023 жылға дейін Мектепке дейінгі ұйымдардың саны өзгеріп отырды: 1990 жылдардың басында айтарлықтай құлдырап, 2005 жылдан бастап айтарлықтай өсіп, 2023 жылы шыңына жетті.

2021 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдардың саны шамамен 4,4%-ға ұлғайды. 2023 жылы МДБ желісінде 11 346 ұйым болды, бұл 2022 жылмен (11 104) салыстырғанда 242-ге көп.

Мектепке дейінгі балалар ұйымдарының жалпы санының 72,95%-ын балабақшалар, ал 27,05%-ын шағын орталықтар құрайды. Елдегі МДБ орталықтарының 43,24%-ы немесе 4 906-сы қалада (2021 жылы – 4 401, 2022 жылы – 4 638), ал ауылдық жерлерде – 56,76%-ы немесе 6 440 МДБ орналасқан (2021 жылы – 6 470, 2022 жылы – 6 466).

МДБ орталықтары Түркістан (1406), Алматы (1148) облыстарында және Алматы қаласында (947) көп орналасқан. Бұл осы аймақтардағы халықтың жоғары тығыздығына байланысты.


Диаграмма 3.1. МДБ желілерінің қала-ауыл бөлінісі бойынша даму динамикасы, 2021–2023 жж.



Дереккөз: ҰБДК

2023 жылы МДБ желілерінде 984 940-қа жуық бала білім алды. 2021 жылы 922 400, ал 2022 жылы 965 204 бала білім алған еді.

Диаграмма 3.2. МДБ контингентінің қала-ауыл айырмашылығы бойынша өсу динамикасы, 2021–2023 жж.



Дереккөз: ҰБДК

Мектепке дейінгі біліммен қамтылған 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың үлесі 2021 жылдан 2023 жылға дейін жоғары болып қала береді. 2023 жылы көрсеткіш 98,5%-ды құрап, өткен жылдармен салыстырғанда шамалы құбылғанын көрсетті: 2021 жылы – 98,9%, 2022 жылы – 98,4%.

Алайда, кейбір аймақта балалар мектепке дейінгі біліммен толық қамтылмаған. Мәселен Алматы (94,3%), Қостанай (99,9%), Түркістан (99,7%), Жетісу (96,0%) және Ұлытау (85%) облыстарында, сондай-ақ Алматы (94,2%) және Астана (99,2%) қалаларында бұл көрсеткіш 100%-ға жетпейді.


Бұл айырмашылықтар өңірлік ерекшеліктер, халықтың тығыздығы, көші-қон, туудың жоғары деңгейі, сонымен бірге ата-аналардың отбасылық тәрбие түрлерін таңдаудағы қалауы сияқты түрлі факторларға байланысты.

Балаларды тәрбиелеу ұйымдарында екі жастағы балаларға арналған орындар саны біртіндеп артып келеді. 2022 жылы 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды ерте даму және оқыту бағдарламаларымен жалпы қамту 89,4% болса, ал 2023 жылы 90,6%-ды құрады. Бұл осындай бағдарламаларды іске асырудағы оң динамикадан хабар береді.

Түркістан (98,67%), Шығыс Қазақстан (98,36%) облыстарындағы және Шымкент қаласындағы (97,39%) 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды МДБ-мен қамтудың ерекше жоғары көрсеткіштерін атап өткен жөн.

Өңірлерде түрлі тенденция байқалады. Мысалы, Ақмола облысында қамту пайызы 86,05%-дан 92,33%-ға дейін өссе, Ұлытау облысында бұл көрсеткіш 82,58%-дан 77,93%-ға дейін төмендеген. Бұл әр аймақта қолданылатын шаралардың өзіндік ерекшеліктері, тиімділігі әр түрлі болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Диаграмма 3.3.2-6 жас аралығындағы балаларды МДБ ұйымдарымен қамту үлесі, 2022–2023 жж., %



3.3-кесте. МДБ-ге кезекте тұрған балалардың жасы бойынша ақпарат, 2023 жыл

	МДБ-ге кезекте тұрған 0-6 жас аралығындағы балалардың саны	Оның ішінде 1-6 жас аралығындағы балалар	Оның ішінде 2-6 жас аралығындағы балалар	Оның ішінде 3-6 жас аралығындағы балалар
ҚР	258 288	215 011	117 949	14 535
Қала	204 252	167 728	94 371	9 243
Ауыл	54 036	47 283	23 578	5 292

Дереккөз: ҰБДҚ

2022 және 2023 жылдары бала туу деңгейі жоғары болды, балабақшалардағы балалар санының одан әрі өсуі күтіледі. Осы жылдары туылған балалардың 19,3%-ы мектепке дейінгі балалар мекемелеріне барады. Бұл ретте 1 жастан 2 жасқа дейінгі балалардың 80%-ға жуығы әзірге МДБ-мен қамтылмаған, бұл мұндай қызметтерге халықтың қажеттіліктерін көрсетеді.

3.4-кесте. 1–2 жас аралығындағы, оның ішінде МДБ-мен қамтылған балалар саны, 2023 жыл, %


Жасы	ҚР балалар саны	оның ішінде МДБ-мен қамтылғаны	Қамту, %
1 жас	441 517	13 780	3,1
2 жас	423 451	152 898	36,1
Барлығы	864 968	167 061	19,3

Дереккөз: ҰБДҚ

Қазақстанда Мектепке дейінгі білім беруге мемлекеттік тапсырыс меншік нысанына, ведомстволық тиесілілігіне, мектепке дейінгі ұйымның типі мен түріне қарамастан беріледі. Заңнамаға сәйкес МДБ-ні жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жүйесі жұмыс істейді.

Мысалы, 2023 жылы бір тәрбиеленушіге жан басына шаққандағы қаржыландырудың орташа мөлшері қалалық жерлерде 53 230 теңгені және ауылдық жерлерде 59 387 теңгені құрады.

Диаграмма 3.4. МДБ-дегі бір тәрбиеленушіні жан басына шаққандағы қаржыландырудың орташа нормативі, 2021–2023 жж., теңге



Дереккөз: Қаржылық орталық

4. Мектепте тамақтандыру сапасына көңілі толатын 10–18 жастағы балалардың үлесі

Мектептегі тамақтану сапасы балалардың физикалық және психикалық саулығы, олардың академиялық жетістіктері және салауатты әдеттерін қалыптастыруда өте маңызды.

Балалардың мектептегі тамақтану сапасына қанағаттану мәселесі әлеуметтік зерттеуге қатысқан балаларды субъективті бағалау арқылы зерттелді.

Сауалнамаға қатысқандардың 72,2%-ы мектептегі тамақтану сапасына риза.

Оң динамика барлық өңірде байқалып, пайыздық көрсеткіш 63,1%-дан 85,3%-ға дейін құбылады.

3.5-кесте. Мектепте тамақтандыру сапасына көңілі толатын 10–18 жастағы балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	71,52	72,2	0,68
Абай	65,91	65,9	-0,01
Ақмола	64,81	64,8	-0,01
Ақтөбе	76,47	76,5	-0,03
Алматы	63,09	63,1	0,01
Атырау	74,56	74,6	0,04
ШҚО	73,33	73,3	-0,03

Өңір	2022	2023	Динамика
Жамбыл	76,26	76,3	0,04
Жетісу	72,17	72,2	0,03
БҚО	70,1	70,1	
Қарағанды	73,78	73,8	0,02
Қостанай	81,82	81,8	-0,02
Қызылорда	76,32	76,3	-0,02
Маңғыстау	64,57	64,6	0,03
Павлодар	85,29	85,3	0,01
СҚО	70,27	70,3	0,03
Түркістан	70,48	70,5	0,02
Ұлытау	78,13	78,1	-0,03
Алматы қ.	67,76	67,8	0,04
Астана қ.	64,1	64,1	
Шымкент қ.	75	75,0	

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Мектептегі тамақтану сапасын тиімді бақылау үшін Қазақстан өңірлерінде асханаларды бейнебақылау камераларымен жарақтандыру жөніндегі шаралар кешені іске асырылып келеді. Бақылау камерасы орнатылған мектептегі ас блоктарының саны бүгінгі күнге дейін шамамен 3500 бірлікті құрайды. Шымкент, Алматы, Астана қалаларында, Атырау, Қарағанды облыстарында және Ұлытау облысында көрсеткіш жоғары. Бұл аймақтардағы асханалардың 80-100%-ына бейнебақылау жүргізіледі.

Мектеп асханаларындағы тамақтануды жетілдірудің бір жолы – ұлттық тамақтану бағдарламасын енгізу, оның негізгі ұстанымдары мынадай:

- қоректік заттардың энергиясын тұтынудың бекітілген физиологиялық нормаларын ескере отырып, теңдестірілген тамақтану принципі;

- аймақтық ерекшеліктер мен тағамдық артықшылықтарды есепке алу принципі. Мәселен, оңтүстік аймақтарда – күріш, батыста – балық, солтүстікте – картоп жегенді жөн көреді;

- мектептегі тамақтану жүйесіндегі рационның әртүрлілігіне ұлттық тағамдар мен отандық тамақ өнімдерінің кейбір рецептерін енгізу принципі;

- дұрыс тамақтану мәдениетін дамыту және тамақтанудағы ұлттық дәстүрлерді сақтау принципі.

Мектепте тамақтандыруға ұлттық компонентті қосу – балалардың денсаулығы үшін маңызды қадам. Сонымен

қатар, дәрігерлердің көпшілігі өңірде өсетін көкөністер, жемістер мен дәнді дақылдар пайдалырақ деген пікірді ұстанады.

Өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтандырудың ұлттық моделін құру бойынша «Ұлттық мектеп асханасы» жобасы балаларды пайдалы, дәмді және сапалы тамақпен қамтамасыз ету мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Бұл жоба Ұлттық салауатты тамақтану орталығының жетекшілігімен Астана және Алматы қалаларында жүзеге асырыла бастайды.

5. Оқу-тәрбие процесіне және қосымша білім беруге қанағаттанатын ата-аналардың үлесі

Ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне және қосымша білімге қанағаттануы сауалнама арқылы зерттелді. Жалпы, ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қанағаттану деңгейі 91,2%-ды құрайды. Салыстыра кетсек, 2022 жылы бұл көрсеткіш 75,6% болған.

Ата-аналардың 8,8%-ы оқу-тәрбие процесіне қанағаттанбаған.

Өңірлер бойынша оқу-тәрбие үдерісіне қанағаттанудың жоғары деңгейі Астана қаласында (100%), Ақмола (97,8%) және Павлодар (97,2%) облыстарында байқалады. Ал Жамбыл (57,3%), Түркістан (59,7%) және Ұлытау облыстарында (66,1%) ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне және қосымша білімге қанағаттануы төмен. Астанада қанағаттану көрсеткіші 2022 жылғы 84%-дан 2023 жылы 100%-ға дейін өсті. Ақмола облысында 9% оң динамика байқалса, Алматы қаласында балалардың алған біліміне қанағаттанатын респонденттердің үлесі 5,4%-ға ұлғайған.

Көрсеткіштің ең қатты құлдырауы Жамбыл облысында байқалады (2022 жылғы 91,3%-дан 2023 жылы 57,3%-ға дейін). Қанағаттанған респонденттер санының азаюы Ұлытау (30,8%-ға) және Түркістан облысында (28,8%-ға) да байқалды.

3.6-кесте. Оқу-тәрбие процесіне және қосымша білім беруге қанағаттанатын ата-аналардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика, %
ҚР	75,6	91,2	15,6
Абай	93,1	79,6	-13,5
Ақмола	88,8	97,8	9
Ақтөбе	94,9	96,3	1,5
Алматы	90,1	79,8	-10,3

Өңір	2022	2023	Динамика, %
Атырау	93,9	69,2	-24,7
ШҚО	92,4	89,3	-3,1
Жамбыл	91,3	57,3	-34,0
Жетісу	93,9	76,7	-17,2
БҚО	86,6	85,7	-0,9
Қарағанды	95,1	78,0	-17,1
Қостанай	92,7	90,3	-2,5
Қызылорда	91,4	91,2	-0,2
Маңғыстау	92,9	77,3	-15,6
Павлодар	98,0	97,2	-0,9
СҚО	87,8	82,5	-5,4
Түркістан	88,6	59,7	-28,8
Ұлытау	96,9	66,1	-30,8
Алматы қ.	91,4	96,9	5,4
Астана қ.	84,0	100,0	16,0
Шымкент қ.	89,9	80,7	-9,2

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық кеңестің 2023 жылғы 17 маусымдағы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» отырысында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесінің мазмұны айқындалды, 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бекітілді. Бұл бағдарлама 2023 жылдың қыркүйегінен бастап барлық мектепке дейінгі білім беру, орта білім беру, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесіне енгізілді.

Бағдарламаның мақсаты – Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Білім беру үдерісі субъектілерінің бірлескен ынтымақтастық тетігі, тұтас тәрбие үдерісін ұйымдастыру және іске асыру тетіктері, сонымен қатар барлық білім алушылардың тұлғалық даму және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру үдерісіне тартылуы айқындалды.

Бірлескен профилактикалық іс-шаралар мен білім беру мәселелері бойынша кешенді шараларды жүргізуге қатысты мүдделі мемлекеттік органдармен тұрақты өзара іс-қимыл және ынтымақтастық қарастырылған. Осыған орай, Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2023-2026 жылдарға арналған

мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс жоспары бекітілді.

Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері пәндік оқу бағдарламаларына және орта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының мазмұнына енгізілді.

6. Қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі

Қосымша білім беру балалардың дамуында, олардың дүниетанымын кеңейтуде және таланттарын анықтауда маңызды рөл атқарады. Білім мен дағдылар табыстың негізгі факторлары саналатын қазіргі әлемде қосымша білім беру бағдарламалары балаларға өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға және болашақ мансабы мен жеке өмірі үшін пайдалы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Қосымша білім берудің ерекшелігі оның ведомствоаралық сипатында жатыр. Ол тек қосымша білім беру ұйымдарында (ҚББҰ) ғана емес, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында, сондай-ақ мәдениет, спорт ұйымдарында және жекеменшік мекемелерде де ұсынылады.


ҚББҰ-да балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған әртүрлі бағыттар қарастырылған: көркемдік-эстетикалық, музыкалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, техникалық, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық және балалар-жасөспірімдер қозғалысы.

Кейінгі бес жылда республикада ҚББҰ желісінің тұрақты өсуі байқалады. Қосымша білім беру ұйымдарының саны 1256-дан 1713-ке дейін өсті, бұл 457 ұйымды құрайды. Оның ішінде 735 ұйым (43%) ауылдық жерлерде шоғырланған.

ҚББҰ желісінің кеңеюі қосымша білім беру бағдарламаларына қол жетімділіктің артқанын және ата-аналар мен қоғам тарапынан қызығушылықтың өскенін көрсетеді.

Мұндай ұйымдардың көпшілігі Ақмола, Ақтөбе облыстарында және Алматыда орналасқан.

Диagramма 3.5. Өңірлер бойынша қосымша білім беру ұйымдарының желісі, 2023 ж.



Дереккөз: ҰБДК

2023 жылы 9 оқушылар сарайы пайдалануға берілді. 2025 жылға дейін республиканың ауылдық жерлерінде мектептен тыс ҚББҰ-ның 1000 қоғамдастық орталығын ашу жоспарланып отыр. 2023 жылы тағы да 468 орталық ашылды.


2023 жылдың қорытындысы бойынша елде 3,1 млн (81,1%) бала қосымша біліммен қамтылған. Соңғы 3 жылда қосымша біліммен қамтылған балалар саны 14%-ға өсті (2022 ж. – 75,5% немесе 2,8 млн адам. 2023 ж. – 81,1% немесе 3,1 млн адам).

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген 2023 жылы қосымша біліммен қамту мақсатына қол жеткізілді

2022 жылмен салыстырғанда ҚББҰ-ға баратын балалар саны 25 777 адамға артып, жалпы саны 1 113 008 оқушыға жетті. Оның ішінде қалалық жерлерде – 674 964 адам, ауылдық жерлерде – 438 044 адам.

Өңірлер бөлінісінде ҚББҰ-ға баратын балалардың ең көп саны Түркістан (99 517 адам), Жамбыл (95 522 адам) және Батыс Қазақстан (76 849 адам) облыстарында байқалады.

Диаграмма 3.6. Өңірлер бөлінісінде қосымша білім беру ұйымдары контингентінің динамикасы, 2022–2023 жж.



Дереккөз: ҰБДК

3.7-кесте. Қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	71,8	81,1	9,3
Абай	80,3	79,6	-0,7
Ақмола	70,8	97,8	27,0
Ақтөбе	83,7	96,3	12,6
Алматы	54,4	79,8	25,4
Атырау	55,1	69,2	14,1
ШҚО	84,1	89,3	5,2
Жамбыл	52,5	57,3	4,8
Жетісу	59,3	76,7	17,4
БҚО	60,2	85,7	25,5
Қарағанды	65,5	78,0	12,5
Қостанай	76,0	90,3	14,3
Қызылорда	67,5	91,2	23,7
Маңғыстау	37,9	77,3	39,4

Өңір	2022	2023	Динамика
Павлодар	69,8	97,2	27,4
СҚО	60,3	82,5	22,2
Түркістан	53,5	59,7	6,2
Ұлытау	58,5	66,1	7,6
Алматы қ.	61,6	96,9	35,3
Астана қ.	72,7	100,0	27,3
Шымкент қ.	62,0	80,7	18,7

Дереккөз: ҰБДҚ

Балаларды қосымша біліммен қамту динамикасын өңірлер бойынша талдау көрсеткендей, жалпы ел бойынша бұл көрсеткіш 2022 жылғы 71,8%-дан 2023 жылы 81,1%-ға дейін өсті.

Елордада барлық бала қосымша біліммен қамтылған (2022 жылы 72,7%). Сондай-ақ Ақмола (97,8%) және Павлодар (97,2%) жоғары нәтижелер көрсетті.

Абай облысында қосымша біліммен қамтылған балалар саны шамалы төмендегені байқалды. 2022 жылы бұл көрсеткіш 80,3% болса, 2023 жылы 79,6%-ды құрады.

Қалған өңірлерде оң динамика байқалады.

ҚБҰ балаларға жаңа білім мен дағдыларды беріп қана қоймай, сонымен қатар, олар өздерін қауіпсіз және сенімді сезінетін ортаны қалыптастырады. Бұл оларға қоғамдық өмірге жақсы бейімделуге және арнайы кәсіби дағдыларды сәтті игеруге көмектеседі.

Дегенмен, балаларды қосымша біліммен қамтуды кеңейтумен қатар, оның сапасын жақсарту да маңызды. Бұл бағытта қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жақсарту, балалардың дамуына ықпал ететін бағыттардың спектрін кеңейту, сонымен қатар, қосымша білім беру қызметтерін ұсынатын жеке секторды қолдау бойынша жұмыстар атқаруға болады.

7. Психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі

2023 жылы республикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар 218 мыңнан астам бала бар, бұл 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы санының 3,1%-ы. Мұндай балалар арнайы білім беру ұйымдарымен қамтылған.


Қазақстан Республикасы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының 8-бап, 3-тармағына сәйкес, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерінің шешімімен ПМПК құрылады. Олар

балалар саны 50 мыңға дейін жететін облыстық маңызы бар қалалар мен аудан орталықтарында орналасады.

Жыл сайын 100 мыңнан астам ерекше бала ПМПК кабинеттерінен өтеді. 2023 жылы республикамызда тұратын 0-ден 18 жасқа дейінгі 175 527 бала ПМПК-да кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруден өтті. Зерттеудің мақсаты физикалық және психикалық дамудағы ерекшеліктерді, сондай-ақ балалардың мінез-құлқындағы ауытқуларды уақытылы анықтау.

Мүгедектігі бар, оқуда қиындықтары бар немесе басқа да ерекше қажеттіліктері бар балалар өздерін қоғамның толыққанды өкілі ретінде сезіну үшін қолдауды қажет етеді. Олардың қатарластарынан оқшауланбағаны маңызды. Мұндай балалар айналасына өз үлесін қосып, дами алуы керек.

Диаграмма 3.7. Арнайы ұйымдарға баратын ЕБҚ бар балалардың үлесі, 2023 ж., %



Дереккөз: ҰБДҚ

Жалпы алғанда, елдегі арнайы мектептердің желісі тұрақты, бірақ оқушылар санының өсу үрдісі байқалады. Елде 100 арнайы ұйым бар, оның 89-ы қалалық жерлерде, 11-і ауылдық жерлерде.

Бірнеше жыл бойы бұл көрсеткіш тұрақты болып келеді. Арнайы мектептердің көпшілігі, атап айтқанда 53-і ақыл-есі кем балаларға арналған.

Жыл сайын арнайы мектептерде оқитын ЕБҚ бар балалардың саны артып келеді. 2023 жылы мұндай мектептерде 16 044 бала оқыды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 228 адамға көп (15 816 бала).

Елде 100 арнайы мектеп (2022 жылы – 99), 98 ПМПК (2022 жылы – 92) жұмыс істейді. Сонымен қатар, 234 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (2022 жылы – 208), 14 оңалту орталығы (2022 жылы – 16) және 10 аутизм орталығы бар.

Мектептерде 600-ден астам инклюзияны қолдау кабинеті және 2000-ға жуық логопедиялық пункт ашылды.

3.8-кесте. Арнайы мектептер желісі мен контингенті, 2023 ж., адам

Ұйым түрі	Желі	Оның ішінде ауылдық жерде	Сыныптар саны	Контингент	Бір сыныпта білім алушылардың орташа саны	Мүгедектігі бар балалардың үлесі
Арнайы мектептердің жалпы саны:	100	11	2 047	16 044	7,8	-
оның ішінде көру қабілеті нашарларға арналғаны	11	0	235	1 541	6,6	9,6%
оның ішінде есту қабілеті нашарларға арналғаны	18	0	334	1 868	5,6	11,6%
оның ішінде сөйлеу қабілеті нашарларға арналғаны	7	1	170	1 278	7,5	8,0%
оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылғандарға арналғаны	4	0	71	658	9,3	4,1%
ақыл есінде кемістігі бар балаларға арналғаны	53	9	1 129	9 798	8,8	61,1%
психикалық дамуын тежелген балаларға арналғаны	6	1	104	836	8,0	5,2%
эмоционалдық-еріктік және мінез-құлық бұзылыстары бар балаларға арналғаны	1	0	4	65	16,3	0,4%
күрделі мүгедектігі бар, соның ішінде керең балаларға арналғаны	0	0	0	0	0,0	0,0%

Дереккөз: ҰБДҚ

ҰББД-ның мәліметтері бойынша, 2023 жылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына ел бойынша 11 849 бала барды. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 252 балаға көп (11 597 бала).

Республикада барлық баланы тең мүмкіндікпен қамтамасыз етуге бағытталған инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп келеді. ҰББД деректеріне сәйкес, жалпы білім беретін мемлекеттік мектептердің 76,2%-ы немесе 5971-і инклюзивті білім беруге жағдай жасады, онда 50 971 адам білім алады.

3.9-кесте. Мүгедектігі бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	74,9	75	0,1
Абай	72	73	1
Ақмола	98,6	97	-1,6

Өңір	2022	2023	Динамика
Ақтөбе	78	74	-4
Алматы	87	88	1
Атырау	76	76	
ШҚО	62	61	-1
Жамбыл	60	63	3
Жетісу	75	72	-3
БҚО	57	52	-5
Қарағанды	69	74	5
Қостанай	49	60	11
Қызылорда	80	82	2
Маңғыстау	81	77	-4
Павлодар	76	65	-11
СҚО	92	89	-3
Түркістан	66	75	9
Ұлытау	63	65	2
Алматы қ.	89	87	-2
Астана қ.	81	72	-9
Шымкент қ.	87	96	9

Дереккөз: ҰБДҚ

2023 жылы ерте түзету мен арнайы психологиялық-педагогикалық көмекті алатын мүгедектігі бар балалардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда біршама артып, 75%-ды құрады. 2022 жылы бұл көрсеткіш 74,9% деңгейінде болған.

Ең жоғары нәтижелерге Ақмола облысында (97%), Шымкент қаласында (96%) және Солтүстік Қазақстан облысында (89%) қол жеткізілді.

Сонымен қатар, Батыс Қазақстан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында көрсеткіштер орташа деңгейден төмен болды: тиісінше 52%, 60% және 61%.

Қазақстанда мүгедектігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесін жақсарту үшін кешенді шаралар қабылданып келеді. Жүйе қолжетімді әрі тиімді бола түсуде. Білім беру ұйымдарын жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру нормалары күшейтіліп жатыр.

Мүгедектігі бар балаларға көмек көрсетудің қолжетімділігін кеңейту үшін ПМПК ашу нормативі 60 мыңнан 50 мың балаға дейін төмендетілді. Балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру жөніндегі нормалар бекітілді. Бұл психологиялық-педагогикалық түзету


кабинеттері мен оқалту орталықтарының желісін кеңейтуге қосымша бюджеттік шығындарсыз жеке сектор мен үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін пайдалана отырып, балаларды қолдаумен қамту көрсеткішін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

8. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы үш ауысымда оқытатын жалпы білім беретін мектептердің үлесі

Мектеп ауысымдарын білім беру инфрақұрылымында орын алған кемшіліктердің салдары деуге болады. Зерттеулер көп ауысымды оқыту режиміндегі мектептердің өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін көрсетеді. Бір жағынан, олар білімді қолжетімді етуге және ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, шектеулі уақыт пен ресурстар оқыту сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

Республикада үш ауысымды мектептер саны жыл сайын азайып келе жатқанына қарамастан, жаңа оқу орындарын салу қарқыны халық санының өсуі мен көші-қон процестерінен қалыс қалып отыр. Кейінгі үш жылда осындай мектептердің саны 169-дан 112-ге дейін азайды. Бұған мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде қол жеткізілді.

Диаграмма 3.8. Үшінші ауысымда сабақ өткізетін күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер желісі мен контингентінің динамикасы, 2021-2023 жж



Дереккөз: ҰБДҚ

Елде мектептердің 67%-ы екі ауысымды оқыту жүйесі бойынша жұмыс істейді. Бұл ретте үш ауысымды мектептердің үлесі күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің жалпы санынан 2%-ды құрайды. 2023 жылғы жағдай бойынша

еліміздің сегіз өңірінде оқушылар екі ауысымда білім алады (Абай, Ақмола, Жетісу, Қостанай, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы мен Шымкент қалалары). Алайда, үлкен көші-қонға байланысты болашақта аталған өңірлерде үш ауысымды мектептердің пайда болу қаупі бар.

Үш ауысымды мектептердің ең көбі Алматы облысында орналасқан – 44 бірлік немесе үш ауысымды мектептердің жалпы санынан – 39%.

Апатты және үш ауысымды мектептерді жою үшін 2023 жылы 137 070 орындық 165 мектеп пайдалануға берілді. Оның ішінде 117 мектеп Инфрақұрылымды қолдау қоры есебінен салынды: ауылдық жерлерде 47 631 оқушыға арналған 81 мектеп және қалалық жерлерде 47 000 орынға 36 мектеп. Осылайша, 12 апатты және 29 үш ауысымды мектептің мәселелері шешілді.

Сонымен қатар, 2100 мектеп жеті бағыт бойынша жаңғыртылды: ғимараттарға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілді, пәндік кабинеттер мен қауіпсіздік жүйелеріндегі жабдықтар жаңартылды, кітапханалар мен асханалар жақсартылды, сондай-ақ жиһаз ауыстырылды. Оның ішінде 1008 мектеп ауылдық жерлерде орналасқан және олардың 230-ына күрделі жөндеу жүргізілді.

3.10-кесте. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы үш ауысымда оқытатын жалпы білім беретін мектептердің үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	2,6	1,4	-0,7
Абай	0,0	0,00	
Ақмола	0,5	0,00	-0,5
Ақтөбе	0,9	0,69	-0,2
Алматы	11,6	8,54	-3,1
Атырау	5,0	4,80	-0,2
ШҚО	0,0	0,00	
Жамбыл	1,0	0,77	-0,2
Жетісу	0,0	0,00	
БҚО	2,1	2,64	0,5
Қарағанды	0,2	0,23	
Қостанай	0,0	0,00	
Қызылорда	1,8	0,00	-1,8
Маңғыстау	9,1	7,65	-1,5

Өңір	2022	2023	Динамика
Павлодар	0,0	1,88	1,9
СҚО	0,3	0,65	0,4
Түркістан	5,1	0,47	-4,7
Ұлытау	0,0	0,00	
Алматы қ.	0,0	0,00	
Астана қ.	4,8	4,57	-0,3
Шымкент қ.	2,0	0,00	-2,0

Дереккөз: ҰБДҚ

Өткен жылмен салыстырғанда динамика бойынша жағдайдың жақсаруы Ақмола және Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласында байқалды.

Үш ауысымды оқыту мәселесін шешуде Алматы (8,54) және Маңғыстау (7,65) облыстары ерекше назар аударуды талап етеді.

Үш ауысымды мектептер мәселесін жаңа ғимараттар салу мен қолданыстағы ғимараттарды жаңарту арқылы ғана емес, сонымен қатар жеке ұйымдармен серіктестікті нығайту арқылы шешуге болады. Одан бөлек мектептерге оқу бағдарламасында көбірек икемділік беру маңызды.

Мысалы, АҚШ-та мектептер қосымша оқу кеңістігін құру үшін жеке компаниялармен белсенді жұмыс істейді. Бұл мемлекеттік мектептердегі жүктемені азайтуға көмектеседі. Ал Жаңа Зеландия оқушыларға әртүрлі уақытта білім алуға мүмкіндік беретін икемді оқу бағдарламаларын енгізіп жатыр.

Мемлекет жаңа мектептер салуға, оларды жаңғыртуға және жаңартуға қомақты инвестицияларды тартуды жүзеге асырады. Апатты және үш ауысымды мектептерді жою, сондай-ақ орта білім беру мекемелеріндегі оқушы орындарының тапшылығын қысқарту мақсатында Мемлекет басшысының 2022 жылдың 30 қарашасындағы тапсырмасымен «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық пилоттық жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №963 Қаулысы қабылданды. Бұл жоба заманауи жабдықтармен, ыңғайлы жиһаздармен және балаларға тиісті қауіпсіздік шарттарымен мектептер құруға бағытталған.

Ұлттық жобаның бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ. Жоба шеңберінде жаңа мектептер салу және дайын ғимараттарды жеке инвесторлардан (9 мектеп) сатып алу, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік серіктестік (МЖС) шеңберінде оқу орындарын құру көзделген.

2023-2025 жылдарға арналған жоспарға сәйкес, барлық

өңір мен республикалық маңызы бар қалада 740 мың оқушы орнын қамтамасыз ететін 369 мектеп салу жоспарлануда. Осы мектептердің 44%-ы ауылдық жерлерде, ал 56%-ы қалалық жерлерде салынады. 2023 жылы мердігерлермен 182 жайлы мектеп салуға келісімшарттар жасалды. 2024 жылы 208 мектеп, ал қалған 151 мектеп 2025 жылы пайдалануға беріледі деп күтіліп отыр.

9. Ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханамен және қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің үлесі

Негізгі тамақтану, баспана, күтім және қауіпсіздік қажеттіліктері қанағаттандырылмаған балалардың физикалық, әлеуметтік, когнитивті және эмоционалдық дамуы төмен болады.

Қазақстандағы білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар бойынша, білім беру ұйымдары жылы санитариялық тораптарды, ауыз су режимін сақтауды, қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етуді, медициналық кабинеттің болуын, мектепте сапалы тамақтануды және т. б. қоса алғанда, оқу процесіне қажет шарттарды жасауға тиіс.

Алайда, бұл талаптар барлық мектеп ұйымдарында орындала бермейді. Мұны әлеуметтік сауалнама деректері растайды. Орта есеппен Қазақстанда ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханамен және қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің үлесі 4,4% деңгейінде.

Ақмола және Қарағанды облыстарында мәселе түбегейлі шешілді. 2022 жылы бұл көрсеткіш сәйкесінше 19,9% және 13,2% болған еді. Сонымен бірге Ұлытау және Абай облыстарындағы балалар ауыз судың негізгі көздері, жылы дәретханалар және қол жууға арналған құралдарға қатысты проблемаларды бастан кешірмейді. Бұл мәселе Түркістан (21,4%), Атырау (15,6%) және Ақтөбе (14,1%) облыстарында шешуді талап етеді.

2022 жылмен салыстырғанда мектеп ұйымдарының ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханалармен және қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етілмеу көрсеткіші 3 есе төмендеді. 2022 жылы көрсеткіш 13,1%-ға тең болған.

3.11-кесте. Ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханамен және қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің үлесі, %


Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	13,1	4,4	-8,7
Абай	13,2	0,0	-13,2
Ақмола	19,9	0,0	-19,9
Ақтөбе	17,8	14,1	-3,8
Алматы	14,4	2,2	-12,2
Атырау	11,3	15,6	4,4
ШҚО	13,9	0,3	-13,7
Жамбыл	18,4	3,5	-14,9
Жетісу	19,6	7,8	-11,8
БҚО	17,8	1,1	-16,6
Қарағанды	13,2	0,0	-13,2
Қостанай	19,6	10,4	-9,1
Қызылорда	12,4	0,3	-12,1
Маңғыстау	18,6	1,4	-17,2
Павлодар	13,5	0,3	-13,2
СҚО	16,2	2,4	-13,9
Түркістан	15,6	21,4	5,8
Ұлытау	12,4	0,0	-12,4
Алматы қ.	0,0	1,7	1,7
Астана қ.	0,0	0,2	0,2
Шымкент қ.	0,0	0,2	0,2

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Сонымен қатар, ресми статистикаға сәйкес, аула дәретханаларының немесе санитарлық-аула қондырғыларының саны 1 010 бірлікке дейін азайып, 162 бірлікті құрады (2020 ж. – 1 172 бірлік). Түркістан облысында жылы дәретханалары жоқ (тек ауладағы дәретханалардың болуы) МДБ мәселесі (148 бірлік) әлі де жойылмай отыр. Деректерді талдауға сәйкес, кейінгі үш жылда Түркістан (86 бірлікке), Алматы (6 бірлікке) облыстарында мұндай МДБ ұйымдарының саны айтарлықтай қысқарды, ал Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстарында, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларында аула дәретханалары мәселесі толығымен шешілді. Сонымен қатар, жылы және ауладағы дәретханалары бар

МДБ-лардың саны 3 049 бірлікті құрайды (2022 ж. – 3 161 бірлік).

Диаграмма 3.9. МДБ ұйымдарын әжетханамен қамтамасыз ету динамикасы, 2020-2023 жж.



Дереккөз: ҰБДҚ

Республикада мектептердің 18%-ында әрі жылы әрі ауладағы дәретханалар бар, 81,6%-ында тек жылы дәретханалар, ал 0,4%-ында тек ауладағы дәретханалар бар. Тек ауладағы дәретханасы бар мектептер негізінен алты өңірдегі ауылдық жерлерде (24 бірлік), ал қалалық жерлерде – 6 бірлік орналасқан. Ауылдық жерлерде ауладағы дәретханаларды жою негізінен орталық кәріз, сумен жабдықтау және ассенизаторлық жабдық проблемаларына байланысты шешілмей отыр.

3.12-кесте. Өңірлер бойынша санитарлық-гигиеналық құралдармен қамтамасыз етілген барлық мектептердің желісі, 2023 ж.

Өңір	Барлығы	Жылы және ауладағы әжетханасы бар		Тек ауладағы әжетханасы бар		Тек жылы әжетханасы бар	
		қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
ҚР	7 833	157	1 258	6	24	2 399	3 989
Абай	319	2	5	0	0	88	224
Ақмола	554	0	0	0	0	109	445
Ақтөбе	431	10	131	0	0	140	150
Алматы	477	17	176	0	2	39	243
Атырау	229	6	44	0	1	92	86
ШҚО	363	3	6	0	0	100	254
Жамбыл	521	6	29	1	2	129	354
Жетісу	347	4	70	0	0	64	209
БҚО	378	2	244	0	1	75	56
Қарағанды	434	1	4	0	0	200	229

Өңір	Барлығы			Жылы және ауладағы әжетханасы бар		Тек ауладағы әжетханасы бар		Тек жылы әжетханасы бар	
		қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
Қостанай	466	1	41	0	0	106	318		
Қызылорда	337	18	164	0	0	76	79		
Маңғыстау	194	2	5	0	1	77	109		
Павлодар	372	1	3	0	0	98	270		
СҚО	463	1	0	0	0	62	400		
Түркістан	1 050	61	333	5	17	518	116		
Ұлытау	88	0	3	0	0	40	45		
Алматы қ.	358	6	-	0	-	352	-		
Астана қ.	175	0	-	0	-	175	-		
Шымкент қ.	277	16	-	0	-	261	-		

Дереккөз: ҰБДҚ

Мектеп нысандарының инфрақұрылымы білім беру нәтижелерінің қалыптасуына әсер етеді. Оқу бағдарламасы, педагогтердің біліктілігі және мектептің беделі үлкен мәнге ие болғанымен, қауіпсіз және жайлы оқу ортасы оқушылардың физикалық және эмоционалдық дамуы үшін өте маңызды.

Дүниежүзілік Банктің зерттеуі атап өткендей, сапалы инфрақұрылым тиімді оқу процесі мен табысты білім беру жетістіктеріне ықпал етеді. Сонымен қатар, оның болмауы оқушылардың мотивациясын төмендетіп, олардың оқу үрдісіне белсене қатысуын нашарлатуы мүмкін.

10. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында қаржылық және материалдық көмекпен қамтылған балалардың үлесі

Мемлекет көмекке мұқтаж балаларға қамқорлық жасап, олардың қолайлы дамуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. «Жалпы білім қорынан» атаулы әлеуметтік көмек (АЭК) алатын отбасылардан шыққан балаларға, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде шұғыл көмекке мұқтаж отбасыларда тұратын және сондай отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетіледі. Білім алушылардың өзге санаттарына да қосымша көмек көрсетілуі мүмкін, оны білім беру ұйымының алқалы органы айқындайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, білім беру

ұйымының алқалы органы қосымша қолдау алуға құқығы бар білім алушылардың санаттарын айқындайды.

Ол үшін отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізіледі. Тексеруді ата-аналар, заңды өкілдер немесе кәмелетке толған білім алушылардың өздері бастауы мүмкін.

2023 жылы киім-кешек пен оқу құралдарын сатып алуға материалдық көмек көрсетудің жаңа тетігі енгізілді. Бұл қадам оң әлеуметтік-экономикалық нәтижеге жетуге мүмкіндік берді.

Енді әр оқушыға бөлінуі керек қаражаттың минималды мөлшері белгіленді. Бұл мөлшер инфляцияны ескеретін ең төменгі күнкөріс деңгейінен кем болмауы керек. 2023 жылы ол 40 567 теңгені құрады.

Осы өзгерістердің арқасында ата-аналар киім-кешек пен оқу құралдарын өз бетінше таңдауға мүмкіндік алды. Бұл сапасыз тауарларды жеткізу ықтималдығын жояды.

Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде Жалпы білім қоры аясында 465 148 оқушыға көмек көрсету үшін 65 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 35,4%-ға мол (2022 ж. – 475 991 балаға 48 млрд теңге бөлінген). Жалпы білім қорынан мектептерді ұстауға жұмсалатын шығыстар сомасының ең жоғары үлес пайызы Шымкент қаласында (6,6%), Жамбыл (6%) және Маңғыстау (4,7%) облыстарында көзделген, ал ең азы Түркістан, Солтүстік Қазақстан (екі облыста 1,5%-дан) және Батыс Қазақстан облысында (1,8%).

3.13-кесте. Материалдық көмек көрсету шығындары

Өңірлер	Жеке санаттағы балалардың жалпы саны	Жалпы білім қорына қарастырылған (млн теңге)	Мектептерді ұстауға арналған шығыстар сомасының %	Тамақтану	Мектеп формасы мен кеңсе тауарлары карта есепшоттары- бір оқушыға көмек на бөлінген жалпы көлемі (мың. тг) сомасы (млн. теңге)	
ҚР	465148	65854,3	3,1	43078,1	19022,8	41,1
Абай	23 158	3 478,5	4	2 302,4	940,2	40,6
Ақмола	17 137	3 247,4	2,6	2 372,9	695,2	40,6
Ақтөбе	15 168	2 340,1	2,8	1 528,1	615,8	40,6
Алматы	52 677	6 989,5	2,5	1 750	2 136,9	40,6
Атырау	16 723	1 578,5	2,4	863,5	678,4	40,6
ШҚО	22 055	2 870,5	4	1 801,3	894,7	40,6
Жамбыл	48 536	5 716,9	6	2 003,8	1 969	40,6
Жетісу	23 426	3 512	3,3	2 042,2	950,3	40,6
БҚО	8 722	1 335,5	1,8	933,3	353,8	40,6
Қарағанды	9 094	1 328,8	1,9	667,8	368,9	40,6
Қостанай	13 500	2 544	2,3	1 369,2	547,7	40,6
Қызылорда	37 000	5 160,5	2,8	3 469	1 501	40,6
Маңғыстау	36 698	3 912,6	4,7	640,9	1 488,7	40,6

Өңірлер	Жеке санаттағы балалардың жалпы саны	Жалпы білім қорына қарастырылған (млн теңге)	Мектептерді ұстауға арналған шығыстар сомасының %	Тамақтану	Мектеп формасы мен кеңсе тауарлары	
					карта есепшоттары- на бөлінген жалпы сомасы (млн. теңге)	бір оқушыға көмек көлемі (мың. тг)
Павлодар	12 514	2 134,9	2,1	1 501,2	591,9	47,3
СҚО	9 560	1 381,7	1,5	1 002	387,8	40,6
Түркістан	32 455	6 113,3	1,5	5 694,5	1 316,6	40,6
Ұлытау	3 186	447,9	2,7	210,1	130,5	40,9
Алматы қ.	15 126	2 980,7	4,4	1 886,6	650,4	43
Астана қ.	13 676	588	2	734,1	560,7	41
Шымкент қ.	54 737	8 192,9	6,6	10 305,2	2 244,2	41

Дереккөз: ОМ, МАМ

Өңірдің экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты әр балаға орта есеппен 41,1 мың теңге бөлінді. Мәселен, Павлодар облысында барынша қарастырылған сома 47,3 мың теңгені құраса, Алматы қаласында – 43 мың теңге.

Ата-аналар мына заттарды сатып алуға қаражат жұмсады:

- мектеп формасы – 10 млрд теңге (53%);
- аяқ киім – 3,9 млрд теңге (21%);
- сырт киім – 2,5 млрд теңге (13%);
- кеңсе тауарлары – 1,9 млрд теңге (10%);
- басқа тауарлар (іш киім, шұлық және т.б.) – 0,6 млрд теңге (3%).

Талдау көрсеткендей, балалардың қажеттілігін ескеру және тауар жеткізушісін таңдау мүмкіндігі ата-аналардың наразылық деңгейін төмендетуге ықпал етті. Көмек алушылар көмек көрсетудің монетизацияланған механизмін оң бағалайды.

3.14-кесте. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында қаржылық және материалдық көмекпен қамтылған балалардың үлесі

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	14,0	12,3	-1,7
Абай	20,9	22,8	1,9
Ақмола	12,8	12,3	-0,5
Ақтөбе	9,8	8,4	-1,4
Алматы	15,1	14,8	-0,3
Атырау	10,2	11,2	1,0
ШҚО	17,8	22,1	4,3
Жамбыл	21,2	19,7	-1,5
Жетісу	16,2	17,9	1,7
БҚО	7,1	7,1	0,0
Қарағанды	7,3	5,2	-2,1

Өңір	2022	2023	Динамика
Қостанай	13,5	11,8	-1,7
Қызылорда	20,3	20,3	0,0
Маңғыстау	22,1	20,1	-2,0
Павлодар	11,8	10,7	-1,1
СҚО	15,3	12,8	-2,5
Түркістан	11,7	6,2	-5,5
Ұлытау	9,0	7,8	-1,2
Алматы қ.	6,9	4,4	-2,5
Астана қ.	8,4	5,3	-3,1
Шымкент қ.	26,3	21,1	-5,2

Дереккөз: ОМ, МАМ

Мемлекеттік білім беру мекемелерінде қаржылық және материалдық көмек алатын балалардың саны 2022 жылғы 14%-дан 2023 жылы 12,3%-ға дейін азайды.

Сонымен қатар, Абай облысында оң динамика байқалады: мұндай балалардың үлесі 2022 жылғы 20,9%-дан 2023 жылы 22,8%-ға дейін өсті. Осындай нәтижелер Шығыс Қазақстан облысында тіркелді, онда бұл көрсеткіш 22,1%-ды құрайды.

Көмекпен қамтудың ең төмен деңгейі Алматы (4,4%), Астана (5,3%) қалаларында және Қарағанды облысында (5,2%) байқалды. Қолдау алатын балалар санының азаюы қажеттіліктің төмендеуіне байланысты емес, көмек көрсетудің өтініш негізінде жүзеге асырылатынына байланысты екенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының халықтың әлеуметтік осал топтарындағы барлық балаларды мектеп формасымен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді. Заң жобасын қабылдаудың мақсаты – ҚР заңнамасын жетілдіру және құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды жою.

Өзгерістердің бірі – білім алушыларға меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында қолдау алуға көмектесу.

Заң жобасы Республикалық бюджет комиссиясының отырысында (2023 жылғы 12 шілдедегі № 13 хаттама) қолдау тауып, Парламент Мәжілісінің қарауына алынды.

Әкімдіктердің болжамды деректері бойынша жекеменшік мектептерде оқитын аз қамтылған отбасылардан шыққан

оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті бюджет қаражатынан бір реттік тамақтануды ұйымдастыруға 2 млрд 402 млн теңгеден астам және ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде мектеп киімі және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етуге 1 млрд 2 млн теңгеден астам қосымша қаржы бөлу талап етіледі.

«Білім туралы» Заңына өзгерістер күшіне енген соң мемлекеттік қаражатты бөлу ережелерін түзету қажет. Атап айтқанда, жаңа нормалар аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға мемлекеттік мектептерде ғана емес, жекеменшік мектептерде де материалдық және қаржылық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

2023 жылы 6 786 мектепте 3 миллионнан астам оқушыға тамақ ұйымдастырылды.

1,6 млн-нан астам оқушы тегін тамақпен қамтылды, оның ішінде 1,4 млн бастауыш сынып оқушысы және 5-11 сыныптарда оқитын 220 мың жекелеген санаттағы оқушылар.

Өзекті мәселелердің бірі – 582 мектепте асханалардың болмауы.

Бұл мәселені шешу үшін 309 мектепте модульдік немесе бейімделген асханалардың ашылуымен буфеттік тамақтану ұйымдастырылды.

273 мектепте тамақтандыру қызметі (жеткізу) арқылы оқушылардың тегін тамақтануы ұйымдастырылды.

Оқушыларды толық қамту үшін тамақтануды ұйымдастырудың қауіпсіз жағдайларына әсер ететін критерийлер (оқушылар саны, өндірістік үй-жайлар алаңының болуы, олардың параметрлері, кейтеринг/буфеттік тамақтандыру мен жабдықтары, жуғыштар, буфеттік тамақтануды дайындауға және таратуға арналған ас үй жабдықтарын ұйымдастыру) зерделеніп, талданды.

Бұл буфеттік тамақтану моделін құрып, асханасы жоқ мектептердің буфеттерінде сатылатын өнімдердің тізімін жасауға көмектесті (ДСМ, Ұлттық салауатты тамақтану орталығы және Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-мен бірлесе жасалды).

Бұдан басқа, энергия мен тағамдық заттарға физиологиялық қажеттілік нормаларының өзгерістері негізінде Үкіметтің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына тиісті түзетулер енгізілді. Интернаттық ұйымдар мен ТжПБ

ұйымдарындағы жетім балалар, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларға арналған тамақтану нормалары қайта қаралды.

Сонымен қатар, тамақтануды ұйымдастыру ережелерінде ұлттық дәстүрлер мен өңірлерде өндірілетін отандық өнімдердің ассортиментін ескере отырып мәзірді әзірлеу туралы норма қайта қаралды.

Тамақтану сапасын арттыру үшін бракераждық комиссиялар мен ведомствоаралық сараптама топтарының мүшелері үшін мониторингтік топтардың қызметін реттейтін заңнамалық нормалар бекітілген.

Есепті жылы Астананың алты мектебінде Ұлттық салауатты тамақтану орталығы іске асыратын пилоттық жоба аясында іс-шаралар кешені өткізілді.

Мектептерде асхана кеңістігі таза, кең және барлық оқушыға жеткілікті орын болатындай етіп ұйымдастырылды. Толып кетпес үшін сыныптарға арналған тамақтану кестесі жасалды, сонымен қатар, асхана мен буфет аймақтары нақты белгіленді. Мектептегі тамақтану провайдерлерімен және мектеп әкімшіліктерімен мектеп асханасында май, натрий, тұз және қанттың мөлшері жоғары тағамдар, сондай-ақ тәтті сусындар сатылмауы керектігі туралы әңгімелесулер жүргізілді. Мектептегі тамақтану провайдерлері пайдалы тағамдарды қалай насихаттау керектігін: оларды қалай орналастыру керегін, қызмет етуді, бағалауды және жарнамалауды үйретті. Тамақтану әдеттері балалық шақта қалыптасады, сондықтан асханаларда балаларға тағамға деген оң және саналы көзқарасты қалыптастыруға көмектесетін жағымды атмосфера құру өте маңызды.

Сонымен қатар, ОМ тамақтануды ұйымдастыру жүйесін жақсарту үшін үнемі жұмыстануда. 2018 жылдан бастап мемлекеттік-жекешелік серіктестік (МЖС) тетігі арқылы мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру мүмкіндігі заңнамалық түрде бекітілді. Бұл мектеп асханаларын жаңарту үшін жеке инвестицияларды тартуға: технологиялық жабдықты сатып алу, жиһазды ауыстыру, жөндеу жұмыстарын жүргізу және т.б. мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта асханаларды жаңғырту бойынша МЖС-нің 350-ден астам жобасы іске асырылуда.

Осылайша, мектептегі тамақтану комбинаттарын салу үшін жеке инвестицияларды тарту мүмкіндігі бар.

2014 жылдан бастап тамақтануды ұйымдастыру мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бөлігі болуын тоқтатты. Ол

қазір тамақтануды ұйымдастыру ережелерімен реттеледі. Бұл ережелерде сатып алу тәртібі сипатталған. Сондай-ақ, олар жеткізушілерді таңдау критерийлерін және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін растау үшін ұсынуы керек құжаттардың тізімін көрсетеді.

Білім беру саласында тамақпен қамтамасыз ету жүйесінің тарихы тереңде. Осы уақыт ішінде қажетті техникалық және нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Тамақтануды ұйымдастыру мәселесі ерекше бақылауда.

2023 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы ОМ бастамасы бойынша әлеуметтік желілерде жарияланатын шағымдар мен жағымсыз оқиғаларға жедел ден қою тетігі айқындалды. Ол үшін «Атамекен» ҰКП және мектептегі тамақтану қауымдастықтарымен меморандум жасалды.

ҰББД-ның 2023 жылға арналған деректеріне сәйкес, республиканың көптеген мектебінде ыстық тамақ ұйымдастырылған. Оқушылардың жартысына жуығы тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Тегін ыстық тамақ тек бастауыш сынып оқушыларына ғана емес, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға да беріледі. 5-11 сыныптардағы осындай балалардың жалпы саны – 367 096, бұл оқушылардың жалпы санының 11,3%-ын құрайды.

3.15-кесте. Тегін тамақпен қамту, 2023 жыл, %.

Өңір	Ыстық тамақтану ұйымдастырылған мектептердің үлесі	Тегін тамақтанумен қамтылған оқушылардың үлесі	Тегін тамақтануға құқығы бар ХӨОТ категориясындағы оқушылардың үлесі
ҚР	88,5	45,3	11,3
Абай	92,7	51,5	12,1
Ақмола	88,9	39,9	8,7
Ақтөбе	87,3	47,7	8,8
Алматы	86,0	48,1	10,5
Атырау	84,2	48,7	6,3
ШҚО	89,2	51,0	11,6
Жамбыл	94,2	41,8	9,2
Жетісу	80,7	49,5	11,6
БҚО	78,7	47,9	8,2
Қарағанды	79,9	44,2	5,9
Қостанай	85,4	42,6	10,0

Өңір	Ыстық тамақтану ұйымдастырылған мектептердің үлесі	Тегін тамақтанумен қамтылған оқушылардың үлесі	Тегін тамақтануға құқығы бар ХЭОТ категориясындағы оқушылардың үлесі
Қызылорда	88,8	52,1	19,2
Маңғыстау	93,8	48,3	25,8
Павлодар	90,4	51,7	9,7
СҚО	86,7	42,2	10,3
Түркістан	94,8	37,6	14,2
Ұлытау	88,4	46,1	5,5
Алматы қ.	92,6	37,1	4,7
Астана қ.	94,8	45,7	6,3
Шымкент қ.	95,1	56,1	19,3

Дереккөз: ОМ, МАМ

Сонымен қатар, жазғы демалыста балалардың сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру бойынша қажетті шаралар кешені тұрақты негізде жүргізіліп келеді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылдың 14 қаңтарындағы № 1 Жарлығы аясында орталық және жергілікті атқарушы органдардың балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі міндеттері айқындалған, онда демалыс орындарын маусымға дайындау, еңбек кадрымен қамтамасыз ету, санитарлық-эпидемиологиялық анықтамалар беру, өрт және су қауіпсіздігі талаптарын сақтау міндеттері қамтылған.

Бұйрыққа сәйкес жергілікті атқарушы органдар ведомствоаралық комиссия құрып, балалардың демалысы мен бос уақытын жүйелі және қауіпсіз ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 25 қаңтарындағы № 64 қаулысымен бюджет қаражаты есебінен тегін сауықтырылумен қамтылған балалардың санаттары айқындалған.

Балалардың сауықтыру демалысы мен бос уақытын жүйелі ұйымдастыру үшін келесі шаралар қабылданды:

- «Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық!» тұжырымдамасы әзірленіп, облыстарға орындауға жіберілді. Тұжырымдамада күнтізбелік-тақырыптық жазғы демалыс жоспарлары, апталық бағыттар мен тақырыптар, сондай-ақ іс-шаралар бойынша ұсыныстар қамтылған;

- 2023 жылдың 21 сәуірінде «Бөбек» оқу-сауықтыру орталығында (Алматы қаласы) мемлекеттік

және жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, Республикалық балалар-жасөспірімдер туризмі және демалысы қауымдастығының қатысуымен республикалық семинар-кеңес өтті;

- барлық мүдделі органдардың қатысуымен (ІІМ, ТЖМ, ДСМ, жергілікті атқарушы органдар) жазғы демалысты сапалы ұйымдастыру бойынша 4 кеңес ұйымдастырылды;

- демалыс маусымын ұйымдастырудың 10 күндік бағдарламасы әзірленді;

- мүдделі мемлекеттік органдар мен педагогикалық әдіскерлердің қатысуымен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арнайы оқыту семинары өткізілді (22-26 мамыр, Алматы облысы).

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша, 2023 жылдың жазғы кезеңінде республикада 10 981 сауықтыру орталығы мен учаскесі жұмыс істеді (2022 жылы – 11 140), оның ішінде:

- 4048 тамақпен қамтылған мектеп алаңдары, 6146 мамандандырылған орталықтар мен тамақтандырусыз учаскелер.

- 559 шатыр астындағы орталық (киіз үй, спорт, өлкетану).

- 228 қала маңындағы орталықтар, оның ішінде 127 мемлекеттік, 101 жекеменшік.

Мемлекет басшысының балаларды сауықтыратын 50 орталық ашу туралы тапсырмасын іске асыру аясында қала маңындағы орталықтар желісін дамыту жүзеге асырылып жатыр.

Бұйрықты орындау мақсатында 2023 жылы Ақмола облысының Сандықтау ауданындағы әлеуметтік нысан, Атырау және Жамбыл облыстарындағы тұрғын үйлер жыл бойы жұмыс істейтін демалыс және сауықтыру орталығына айналды.

Сонымен қатар, Абай ауданында екі сауықтыру орталығының құрылысына қаржы қарастырылған, ал Қостанай облысында маусымдық орталықтың құрылысы бойынша жұмыстар басталды.

Республикалық балалар сауықтыру орталықтарының ең көп саны Түркістан (27), Алматы (22), Шығыс Қазақстан (19), Батыс Қазақстан (19) облыстарында және Алматы қаласында (19).

Табиғат жағдайларына байланысты Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарында киіз үй, шатыр, спорт және туризм, өлкетану орталықтары желісі кеңінен дамыған. Қостанай облысында – 107, Солтүстік Қазақстан облысында – 97 осындай орталық бар.

Денсаулық орталықтарының қолжетімділігі туралы барынша хабардар ету үшін 2022 жылдан бастап әлеуметтік желілерде Қазақстандағы балаларға арналған bala_time.kz ақпараттық-білім беру парақшасы жұмыс істейді. Бұл парақшадан республиканың кез келген азаматы нақты уақыт режимінде орталықтың бағдарламасын, бағасын және орналасқан жерін көре алады.

2023 жылы мектеп орталықтарында 1 870 131 бала демалды (2022 жылы – 1 292 925 бала). Демалыстағы балалардың ең көп саны Шымкент қаласында – 180 936, Жамбыл облысында – 143 743, Павлодар облысында – 95 330.

2023 жылы республиканың денсаулық сақтау орталықтарында 258 290 бала демалды. 2022 жылы бұл көрсеткіш 171 550 баланы көрсеткен. Балалардың көпшілігі демалысын Алматы қаласында өткізді, мұнда 72 076 бала демалған. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында – 13 838 бала және Ақмола облысында – 12 700 бала демалды. Ал Астанада – 2800, Атырау облысында – 1778, Ұлытау облысында – 477 бала демалып, ең төменгі көрсеткішті көрсетті.

46 984 бала шатыр, киіз үй және спорт орталықтарында демалысын өткізді. Ең көп демалушы Солтүстік Қазақстан облысында – 17 628, Алматы қаласында – 7 579, Батыс Қазақстан облысында – 3 523 бала болды. Республиканың 8 облысында шатыр және киіз үй орталықтары ұйымдастырылмаған: Жетісу, Түркістан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақтөбе облыстарында, Астана, Шымкент қалаларында мұндай орталықтар жоқ.

Жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан, мүгедектігі бар, даму мүмкіндігі шектеулі, экологиялық қолайсыз аймақтарда тұратын, жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларына басымдық беріліп, олар жергілікті бюджет қаражаты есебінен демалыспен қамтылды. Жергілікті атқарушы органдардың ресми ақпараты бойынша, орталықтардағы демалыспен мынадай санаттағы балалар қамтылған:

- әлеуметтік осал санаттағы 448 741 (2022 ж. – 430 739) бала;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар 52 524 (2022 ж. – 57 172) бала;
- 21 750 (2022 ж. – 15 774) жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала;
- 712 952 (2022 ж. – 532 406) оқуда жетістікке жеткен бала;
- девиантты мінез-құлықты 16 971 (2022 ж. – 10 668) бала.

Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен ауылдағы дарынды балаларды қамту мақсатында еліміздегі 25 үздік балаларды сауықтыру орталығы мен 3 жоғары оқу орнында 19 760 бала демалды.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мен денсаулығын жақсарту мақсатында 2023 жылы жергілікті бюджеттен 7 633,1 млрд. теңге бөлінді (2022 жылы 4 873,2 млрд. теңге):

- дарынды балалар мен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларының жазғы демалысын ұйымдастыруға – 6557,4 млрд.теңге (2022 жылы – 4255,2 млрд. теңге);

- материалдық-техникалық базаны нығайтуға, саяжай орталықтарын қайта құруға – 226,9 млн.теңге (2022 жылы – 248 млн. теңге);

- балалар қалашығын күрделі жөндеуге – 848,8 (2022 ж. – 370 млн. теңге) бөлінді.

Жалпы алғанда, жазғы демалыс уақытында балалардың сауықтыру шараларын ұйымдастыруды үйлестіру мен қадағалау мәселесі ОМ-ның бақылауында.

11. Тұру үшін тұрғын үйді жалға алатын балалы отбасылардың үлесі

2023 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, бүкіл ел бойынша тұрғын үйді жалға алатын балалары бар отбасылардың үлесі 11,9%-ды құрайды. Салыстыра кетсек, 2022 жылы бұл көрсеткіш 8,7% деңгейінде болған.

3.16-кесте. Тұру үшін тұрғын үйді жалға алатын балалы отбасылардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	8,7	11,9	3,2
Абай	6,4	8,3	1,9
Ақмола	10,3	18,6	8,3
Ақтөбе	2,9	11,4	8,5
Алматы	7,8	21,3	13,5
Атырау	10,5	0,9	-9,6
ШҚО	8,9	6,9	-2
Жамбыл	8,7	4	-4,7
Жетісу	7,9	5,1	-2,8
БҚО	9,3	3,4	-5,9

Өңір	2022	2023	Динамика
Қарағанды	5,6	0	-5,6
Қостанай	6,4	2,3	-4,1
Қызылорда	7,9	22,8	14,9
Маңғыстау	6,3	6,2	-0,1
Павлодар	10,8	8,5	-2,3
СҚО	2,7	0	-2,7
Түркістан	3,7	1,5	-2,2
Ұлытау	6,3	0	-6,3
Алматы қ.	12,2	56	43,8
Астана қ.	17,3	4,5	-12,8
Шымкент қ.	16	33,5	17,5

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Аймақтық тұрғыдан алғанда, пәтер жалдап тұратын баласы бар отбасылардың пайызы әртүрлі. Мұндай отбасылар ең көп Алматы (56%) және Шымкент (33,5%) қалаларында, сондай-ақ Қызылорда (22,8%) облысында тұрады. Сонымен қатар, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облысында бұл көрсеткіш нөлге тең.

ҰСБ ресми деректері бойынша бір тұрғынның тұрғын үймен қамтамасыз етілуі тұрғын үй-жайдағы (пәтер) жалпы алаңның онда тұратын адамдар санына қатынасымен айқындалады. 2023 жылы тұрғын үй қорының жалпы ауданы 419 058,1 мың шаршы метрді құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 274 547,1 мың шаршы метр, ауылдық жерлерде – 144511,0 мың шаршы метр тұрғын үй бар. Өткен жылмен салыстырғанда 13899,5 мың шаршы метрге ұлғайды.

2023 жылы бір тұрғынды тұрғын үймен қамтамасыз ету 23,9 шаршы метрді құрады, оның ішінде қалалық жерлерде 26,4 шаршы метр, ауылдық жерлерде 20,2 шаршы метр. Өткен жылмен салыстырғанда тұрғын үймен қамту 0,5 шаршы метрге артты.

3.17-кесте. Бір тұрғынға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз ету, шаршы метр

Өңір	Барлығы	Оның ішінде	
		қала	ауыл
ҚР	23,9	26,4	20,2
Абай	20,1	21,6	17,9
Ақмола	24,6	26,5	22,8
Ақтөбе	24,3	26,2	19,1

Өңір	Барлығы	Оның ішінде	
		қала	ауыл
Алматы	21,5	23,3	21,2
Атырау	25,4	27,3	23,3
БҚО	22,9	26,9	18,4
Жамбыл	18,5	21,9	16,0
Жетісу	19,3	22,8	17,0
Қарағанды	24,5	25,4	20,9
Қостанай	23,2	24,0	21,8
Қызылорда	21,2	22,8	19,9
Маңғыстау	28,5	29,2	27,8
Павлодар	23,0	23,3	22,2
СҚО	22,7	23,0	22,3
Түркістан	20,0	24,4	18,7
Ұлытау	22,2	22,1	22,7
ШҚО	22,7	24,6	19,4
Астана қ.	31,3	31,3	-
Алматы қ.	30,0	30,0	-
Шымкент қ.	26,4	26,4	-

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

12. Балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджет шығындарының үлесі, %

Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау көп деңгейлі әлеуметтік көмек жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда, балалы отбасыларды қолдаудың ұлттық моделі құрылған. Ол бала тууды ынталандыруға және балаларды отбасында тәрбиелеуге жәрдемдесуге, сондай-ақ көп балалы аналардың беделі мен абыройын арттыруға бағытталған мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдер жүйесін қамтиды.

Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері күнкөріс деңгейі мен айлық есептік көрсеткішке байланысты белгіленеді. 2023 жылдың басынан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың барлық мөлшері 8,5%-ға индекстелді.

2023 жылы балалы отбасыларға жәрдемақы төлеуге республикалық бюджеттен 578,4 млрд теңге бөлінді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 16,1%-ға артық (2022 жылы – 485,1 млрд теңге, 2021 жылы – 409,6 млрд теңге).

Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша мынадай

нәтижелерді атап өтуге болады:

- Баланың туылуына берілетін біржолғы жәрдемақы (2023 жылы бірінші, екінші, үшінші баланың туылуына берілетін жәрдемақы мөлшері 131 100 теңгені (38 АЕК), төртінші және одан кейінгі баланың туылуына 217 350 теңгені (63 АЕК) құрайды) 393 323 адамға 61,9 млрд теңгені құрады.

- Жұмыс істемейтін әйелдерге бала бір жарым жасқа толғанға дейін берілетін жәрдемақыға (мөлшері отбасындағы балалар санына байланысты сараланған: бірінші балаға 5,76 АЕК – 19 872 теңге, екінші балаға 6,81 АЕК – 23 495 теңге, үшінші балаға 7,85 АЕК – 27 083 теңге, төртінші және одан кейінгі балаға 8,90 АЕК – 30 705 теңге) республикалық бюджет қаражатынан орта есеппен 118 096 адамға 39,0 млрд бөлінді. 2022 жылмен салыстырғанда алушылар санының 59 463 адамға артқаны байқалады (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 58 633 адам). Көмек алушылар санының өсуі бала күтіміне берілетін жәрдемақы төлеу кезеңінің бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзартылуымен байланысты екенін атап өткен жөн.

- Кәмелетке толғанға дейін мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін жәрдемақыны (2023 жылдың 1 шілдесінен бастап мөлшері 65 313 теңгені (1,61 ЕТЖ) құрайды) орташа есеппен 103 059 адам (77,3 млрд теңге) алды. 2022 жылмен салыстырғанда әлеуметтік көмек алушылар санының 5 149 адамға немесе 5,3%-ға артқаны байқалады (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 97 910 адам);

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, «Ана даңқы» орденінің I және II дәрежесімен марапатталған көп балалы аналарға табысына қарамастан берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны («Күміс алқа» алқасымен марапатталғандар үшін – 22 080 теңге (6,4 АЕК), «Алтын алқа» алқасымен, «Ана даңқы» орденінің I және II дәрежелерімен марапатталған, «Батыр ана» атағы бар аналар үшін – 25 530 теңге (7,4 АЕК)) орташа есеппен 233 759 адам 64,2 млрд теңге алды, 2022 жылмен салыстырғанда олардың саны 4 566 адамға немесе 2%-ға артқаны байқалады (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 229 193 адам)

- 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны (отбасындағы балалар санына байланысты сараланған мөлшерде: 4 балалы

отбасы үшін 16,03 АЕК – 55 304 теңге, 5 балалы отбасылар үшін 20,04 АЕК – 69 138 теңге, 6 балалы отбасылар үшін 24,05 АЕК – 82 973 теңге, 7 балалы отбасылар үшін 28,06 АЕК – 96 807 теңге, 8 және одан да көп балалы отбасылар үшін – әр балаға 4 АЕК) жыл басынан бері орташа есеппен 543 262 отбасы (413,3 млрд теңге) алды. 2022 жылмен салыстырғанда көп балалы отбасылар саны 42 104 отбасыға немесе 8,4%-ға артқаны байқалады (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 501 158 отбасы).

2023 жылы балалардың қажеттіліктеріне арналған бюджет шығыстарының үлесі 40,5%-ды құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға өсті (36,6%).

Мұндай шығыстардың ең жоғары үлесі Ұлытау облысында (58,7%) тіркелген. Екінші орында 57,7%-бен Ақтөбе облысы, үшінші орында 55,5%-бен Шымкент қаласы.

Алматы қаласында балалардың қажеттіліктеріне бюджеттің ең аз үлесі – 24,2%-ы бағытталды. Атырау және Павлодар облыстарында бұл көрсеткіш тиісінше 27,9% және 31,8%-ды құрайды.

Маңғыстау облысында 2023 жылы балалардың қажеттіліктеріне арналған бюджет шығыстарының үлесі 27,8%-ға ұлғайды. Көптеген аймақта оң динамика байқалғанымен, Батыс Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 2022 жылғы 66,2%-дан 2023 жылы 37,2%-ға дейін төмендеді.

3.18-кесте. Балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджет шығындарының үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	36,6	40,5	3,9
Абай		38,5	38,5
Ақмола	39,4	34,4	-5,0
Ақтөбе	55,1	57,7	2,6
Алматы	16,4	42,2	25,8
Атырау	28,9	27,9	-0,9
ШҚО	18,1	38,6	20,5
Жамбыл	45,3	50,3	5,0
Жетісу		45,0	45,0
БҚО	66,2	37,2	-29,0
Қарағанды	32,5	34,3	1,8
Қостанай	38,9	38,9	0,1
Қызылорда	48,8	52,6	3,8

Өңір	2022	2023	Динамика
Маңғыстау	21,5	49,3	27,8
Павлодар	36,9	31,8	-5,1
СҚО	30,4	37,1	6,7
Түркістан	49,9	50,5	0,6
Ұлытау		58,7	58,7
Алматы қ.	26,2	24,2	-2,0
Астана қ.	38,4	36,7	-1,7
Шымкент қ.	29,2	55,5	26,3

Дереккөз: ҚР ОМ, МАМ

13. Медициналық оңалтумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі

Медициналық оңалту мүгедектігі бар балалар үшін зор маңызға ие. Бұл олардың қоғамға жақсы бейімделуіне көмектесіп, олардың өмір сүру сапасын жақсартады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 725 мың мүгедек тұрады, оның 109,5 мыңы – балалар. Осылайша, балалар мүгедектердің жалпы үлесінің 15,1%-ын құрайды.

Жыл сайын орта есеппен 14 мыңға жуық бала алғаш рет куәландырудан өтеді (2023 жылы – 15,0 мың адам, 2022 жылы – 14,4 мың адам, 2021 жылы – 13,1 мың адам).

Талдау көрсеткендей, балалар мүгедектігі құрылымындағы негізгі аурулар – туа біткен ақаулар, деформациялар және хромосомалық бұзылулар (26%), психикалық бұзылулар (24%), жүйке жүйесінің аурулары (22%), эндокриндік аурулар және қатерлі ісіктер.

Өңірлер арасында туа біткен даму ақаулары, деформациялар және хромосомалық бұзылулардың зор үлесі Түркістан (33%), Жетісу (32%), Батыс Қазақстан (31%), Алматы (30,5%), Ақтөбе (30,3%) және Маңғыстау облыстарында (29,7%) байқалады.

Психикалық бұзылулар салдарынан мүгедектігі бар балалардың ең үлкен үлес салмағы Солтүстік Қазақстан (45,1%), Қостанай (43,7%), Шығыс Қазақстан (40,9%), Павлодар (38,3%) және Ақмола (36,6%) облыстарында анықталды.

Ал Қызылорда облысы (40,6%), Шымкент қаласы (37%), Астана қаласы (30,4%), Түркістан (25,8%) және Маңғыстау облыстарында (23%) жүйке жүйесінің аурулары басым.

Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесімен 26 мыңнан астам мүгедек бала қамтылған (арнаулы әлеуметтік қызметтерді

455 субъект көрсетеді, әлеуметтік қорғау саласындағы оңалту орталықтарында 1853 мүгедек бала қамтылған).

2020 жылдан бастап балалардың медициналық оңалтуын қаржыландыру көлемі 13 есеге ұлғайды (2019 жылғы 6 млрд теңгеден 2023 жылы 78,1 млрд теңгеге дейін). 2019 жылдан бастап 15 оңалту орталығы және 16 ерте араласу орталығы ашылды (2020-2021 жылдары – 7 ОО және 1 ЕАО, 2022 жылы – 8 ОО, 6 ЕАО, 2023 жылы – 7 ЕАО, 2024 жылы – 2 ЕАО).

2022 жылы мүгедектігі бар балаларды медициналық оңалту тәулік бойғы және күндізгі стационарларда жүргізіліп, оның қамту көлемі 61,9%-ды құраған. 2023 жылы бұл көрсеткіш 75,5%-ға дейін өсті.

Медициналық оңалтудан өткен балалардың ең аз пайызы мына аймақтарда тіркелді:

- Маңғыстау облысы – 48,2%;
- Астана қаласы – 46,9%;
- Қызылорда облысы – 46%;
- Солтүстік Қазақстан облысы – 44,8%;
- Батыс Қазақстан облысы – 34,8%;
- Павлодар облысы – 28,8%.

3.19-кесте. Медициналық оңалтумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі

Өңір	Мүгедектігі бар бала-лардың саны (абс.)		ҚР бойынша емдел-гендердің саны		Оңалтумен қамту үлесі %		Балалардың жалпы саны бойынша қамту	
	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023
ҚР	104260	109496	64537	82835	61,9	75,5	1	1,2
Абай	2 668	2 824	1 547	1 687	58,0	59,7	0,8	0,9
Ақмола	3 232	3 403	2 854	6 178	88,3	181,5	1,3	2,8
Ақтөбе	4 774	5 031	4 743	5 350	99,4	106,3	1,5	1,6
Алматы	6 755	6 755	4 939	4 262	73,1	63,1	0,9	0,8
Атырау	4 147	4 400	713	3 325	17,2	75,6	0,3	1,2
ШҚО	3 142	3 155	1 318	1 674	41,9	53,1	0,7	0,9
Жамбыл	6 784	6 922	4 312	6 488	63,6	93,7	0,9	1,4
Жетісу	2 876	3 210	1 057	2 019	36,8	62,9	0,4	0,8
БҚО	2 965	3 130	895	1 090	30,2	34,8	0,4	0,5
Қарағанды	4 808	5 029	4 549	4 165	94,6	79,8	1,4	1,3
Қостанай	3 304	3 551	2 061	3 076	62,4	86,6	1,0	1,5
Қызылорда	5 969	6 414	2 538	2 949	42,5	46	0,8	0,9
Маңғыстау	6 997	7 284	835	3 508	11,9	48,2	0,3	1,1

Өңір	Мүгедектігі бар балалардың саны (абс.)		ҚР бойынша емделгендердің саны		Оңалтумен қамту үлесі %		Балалардың жалпы саны бойынша қамту	
	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023
Павлодар	3 425	3 695	890	1 066	26,0	28,8	0,4	0,5
СҚО	2 333	2 366	918	1 060	39,3	44,8	0,7	0,8
Түркістан	14 829	14 962	10 920	9 140	73,6	61,1	1,3	1
Ұлытау	928	1 004	510	716	55,0	71,3	0,7	1
Алматы қ.	8 600	9 301	10 545	12 218	122,6	131,4	1,7	1,9
Шымкент қ.	7 523	7 768	6 487	8 505	86,2	109,5	1,4	1,8
Астана қ.	8 201	9 292	1 906	4 359	23,2	46,9	0,4	1

Дереккөз: ҚР ДСМ

14. Психофизикалық даму скринингімен қамтылған сәби жасындағы (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі

Мүгедектігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту деңгейін арттыру мақсатында 2021 жылдың 26 маусымында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру бойынша нормалар бекітілді. Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесімен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативі қабылданды*.

Мүгедектігі бар балалардың оңалту, жеке абилитация және оңалту бағдарламасын (АОБ) әзірлеу әрі іске асыру, сонымен қатар әлеуметтену, әлеуметтік адаптация және әдепкі өмір сүру шарттарына әлеуметтік интеграциялану кезінде мемлекеттен көмек алуға құқығы бар.

АОБ мүгедектігі бар әрбір бала үшін жеке әзірленеді. Онда бала ағзасының ерекшеліктері және жоғалған функцияларды қалпына келтіру мен өтеу әлеуеті ескеріледі.

Бағдарлама медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту шараларын қамтиды. Олар бала ағзасының жоғалған функцияларын қалпына келтіруге немесе өтеуге бағытталған.

* «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы.

2021 жылдың 26 маусымында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Сонымен қатар, жергілікті билік органдары мүгедектігі бар балаларды өтемақы құралдарымен, арнайы қозғалыс құралдарымен және санаториялық-курорттық емделумен қамтамасыз етеді. Бұл қызметтердің барлығы әрбір адамның жеке қажеттіліктерін ескере отырып ұсынылады әрі балаларға тіршілік әрекетінің жоғалған функцияларын өтей отырып, жүйелі түрде қалпына келтіруге көмектеседі.

2023 жылы республикада жүйке-психикалық ауытқулары бар үш жасқа дейінгі балалардың 94,6%-ы скринингтен өтті. Түркістан және Батыс Қазақстан облыстарында балалардың барлығы скринингтен өтіп, 100% нәтиже көрсетті. Шымкент қаласында да көрсеткіші толық қамтуға жақын – 99,8%. Басқа өңірдердің барлығында бұл көрсеткіш 90%-дан жоғары. Тек Қостанай облысында ол 68,6%-ды құрайды. Солтүстік Қазақстан облысында жүйке-психикалық ауытқулары бар үш жасқа дейінгі балаларды скринингпен қамту 89,5% болды.

3.20-кесте. Психофизикалық даму скринингімен қамтылған сәби жасындағы (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі, %

Өңір	Психофизикалық даму скринингімен қамтылған сәби жасындағы (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі, %		
	2022	2023	Динамика
ҚР	96,9	94,6	-2,30
Абай	93,9	98,9	5,00
Ақмола	96,2	95,6	-0,60
Ақтөбе	97,8	96,4	-1,40
Алматы	100,0	98,6	-1,40
Атырау	99,3	92,9	-6,40
БҚО	99,9	100,0	0,10
Жамбыл	99,2	99,6	0,40
Жетісу	99,8	99,7	-0,10
Қарағанды	88,7	94,5	5,80
Қостанай	92,2	68,6	-23,60
Қызылорда	94,7	95,2	0,50
Маңғыстау	93,4	94,1	0,70
Павлодар	95,9	93,4	-2,50

Өңір	Психофизикалық даму скринингімен қамтылған сәби жасындағы (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі, %		
	2022	2023	Динамика
СҚО	96,2	89,5	-6,70
Түркістан	100,0	100,0	0,00
Ұлытау	87,6	90,9	3,30
ШҚО	87,9	93,9	6,00
Астана қ.	99,9	99,4	-0,50
Алматы қ.	95,6	94,8	-0,80
Шымкент қ.	99,4	99,8	0,40

Дереккөз: ҚР ДСМ

15. «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша балалар хал ахуалы индексінің қорытындылары

Балалардың хал-ахуалын бағалау және «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша мәндерді салыстыру үшін 14 индикатор қолданылды.

Бұл индикаторларды жақсарту қазақстандық қоғамның күн тәртібінде тұрған өзекті міндеттер деуге болады.

Балалар мен ата-аналарының мектепке дейінгі, орта, қосымша және инклюзивті білім беруге, сондай-ақ тәрбие процестеріне қанағаттану деңгейінің әлеуметтік жағдайы зерттелді.


Бұдан бөлек қиын өмірлік жағдайға тап болған балалардың тұрғын үймен, ауыз сумен қамтамасыз етілу, қаржылық және материалдық көмекпен қамтылу үлесі анықталды.

«Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша орташа балл 56,4-ке тең. Өткен жылғы көрсеткішпен (2022 ж. – 55,8) салыстырмалы талдау жасасақ, нәтиженің 0,6 баллға өскенін байқауға болады.

Балалық шақты қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша республикалық мәннен жоғары көрсеткіштер Қызылорда облысында (69,8 балл), Шымкент қаласында (66,0), Павлодар (64,5), Қарағанды (61,7), Жетісу (61,3), Маңғыстау (60,0), Ақмола (59,1) және Ақтөбе (58,6) облыстарында байқалады.

Басқа аймақтарда көрсеткіштер республикалық орташа деңгейден төмен нәтиже көрсетіп, 48,7-ден 56,2 баллға дейін құбылады. Әсіресе, Ұлытау (49,1 балл) және Абай (48,7 балл) облыстарында төмен нәтиже анықталды.

Диаграмма 3.10. «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша балалар хал-ахуалы индексінің өңірлер бойынша қорытындылары, 2023 жыл



Өңірлердің басым бөлігі хал-ахуалдың орташа бағасына қол жеткізді: 2 өңір «қызыл аймақта» болса, 18 өңір «сары аймақта» орналасты. Төртінші бағыттың барлық көрсеткішінің нәтижесі бойынша балалардың хал-ахуалының орташа бағасы ықтимал 100 баллдың 56,4-ін құрайды. Алынған мәліметтер негізінде балалардың әл-ауқатының индексінің деңгейін арттыру бойынша жұмыс жалғасады.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Қорытындылар:

1. Тұтастай алғанда, қанағаттану зерттеуі сауалнамаға қатысқандардың 72,4%-ының білім беру процесіне көңілі толатынын көрсетті. Бұл көрсеткіш білім беру процесін бағалаудың, балаға барынша қолайлы әрі баланы барынша қолдайтын орта қалыптастырудың және білім берудің жалпы тиімділігін арттырудың маңызды құралы деуге болады.

2. Зерттеу нәтижелері бойынша ата-аналардың 76,1%-ы балаларының мектептегі өміріне қатысады.

3.3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды МДБ жүйесімен қамтумен салыстырғанда 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту деңгейі әлдеқайда төмен, осы санат бойынша МДБ ұйымдарына қажеттілік шамамен 118 мың адамды құрайды, ал 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар арасында қажеттілік – 14 535 адам.

4. МДБ ұйымдарына қолжетімділікті арттырудың оң динамикасы байқалады. Бұл желіні кеңейту және орындарды бөлудің автоматтандырылған жүйесін енгізу арқылы мүмкін болып отыр. Осының арқасында жылдан жылға МДБ-ға кезек азайып келеді.

5. Мектептен тыс білім берудің ақылы түрде де, ақысыз түрде де көптеген мүмкіндіктері бар. Мемлекет үйірмелер мен секцияларды, мектептен тыс білім берудің басқа да түрлерін қаржыландыруға қаражат бөле отырып, қосымша білім беру жүйесін дамытуды қолдайды.

6. 100-ден астам мектеп әлі де үш ауысымда оқытуын жалғастырып келеді. Үш ауысымды оқытуды жою үшін мектептер желісін ұлғайтуға аса жоғары қажеттілік Алматы және Маңғыстау облыстарында байқалады.

7. Білім беру ұйымдарының құрылысын және жөндеу жұмыстарын мемлекеттік қаржыландыру саясатын одан әрі іске асыру мектеп жобаларына инвестиция салуға дайын инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктер мен ынталандыруларды енгізуді, мемлекеттік мектептердегі оқушы жүктемесін азайту үшін жекеменшік мектептердің әлеуетін пайдалануды талап етеді.

8. Мектеп ұйымдарының ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханалармен және қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етілмеу көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 3 есе төмендеді.

9. 2023 жылы киім мен мектеп керек-жарақтарын сатып алуға материалдық көмек көрсету тетігін қайта қарастырудың оң әлеуметтік-экономикалық әсері байқалды. Әр оқушыға бөлінетін қаражаттың ең төменгі мөлшері белгіленді. Оның мөлшері инфляцияны ескергенде күнкөріс деңгейінен төмен болмауға тиіс. 2023 жылы бұл сома 40 567 теңгені құрады. Мұндай өзгерістер ата-аналарға киім-кешек пен оқу құралдарын өз бетінше таңдауға мүмкіндік берді, осылайша сапасыз тауарларды жеткізу ықтималдығы жойылды.

10. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылды. Мектептегі тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын талаптар күшейіп, отандық өнімдерді пайдалануға, тағам сапасының мониторингін күшейтуге және дұрыс тамақтануды насихаттауға баса назар аударылды.

11. 26 мыңнан астам мүгедектігі бар бала әлеуметтік қызмет

көрсету жүйесімен қамтылған. 2020 жылдан бастап балаларды медициналық оңалтуды қаржыландыру 13 есе өсті. Тәулік бойына және күндізгі стационарлар жағдайында балаларды медициналық оңалтумен қамту мүгедектігі бар балалар санының 75,5%-ын құрады (2022 – 61,9%).

12. 2020 жылдан бастап міндетті профилактикалық медициналық тексерулер жүргізіліп келеді. 2023 жылы балалардың 90,7%-ы тексеруден өтті. Балалардағы аурудың анықталуы 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2%-ға жақсарды. Профилактикалық тексерулер нәтижесі бойынша анықталған балалардың 41%-ы диспансерлік есепке алынды.

13. 2023 жылы Балаларды сауықтыру және олардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін дамыту жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған жол картасы қабылданды, 50 балаларды сауықтыру және 100 қосымша білім беру ұйымын іске қосу жоспарланған.

Ұсыныстар:

1. Ұсынылған жағдайларды бағалау үшін ата-аналарды өз балаларының оқу үрдісінің белсенді қатысушысы болатындай етіп оқу-тәрбие процесіне, білім беру ұйымдарының өміріне тартудың тиімді жолдарын, формалары мен әдістерін әзірлеу.

2. Үш жасқа дейінгі балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сапасы жоғары МДБ қызмет көрсету нысандарын кеңейту қажет. Бұл ата-аналарға кішкентай балаларын, ерте жастағы балаларды МДБ ұйымына орналастыру мүмкіндігін береді, ол балаларға да, жұмысқа қайта оралатын аналарға да пайдалы болады. МДБ қызметтері ата-аналар мен қамқоршылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек. Бүлдіршіндерді (екі жасқа дейін) МДБ қызметімен қамтуды кеңейту қажет.

3. МДБ жүйесіне кірмейтін балаларды анықтау үшін «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы мен ҰББД-ға мониторинг жүргізу керек. МДБ жүйесіне кірмейтін балалар анықталған жағдайда ата-аналар арасында мектепке дейінгі мекемелердегі консультативтік пункттердің мүмкіндіктері туралы ақпараттық науқандар ұйымдастыру, бұл ақпаратты әлеуметтік желілерде белсенді түрде насихаттау, барлық ата-ана бұдан хабардар емес екенін ескере отырып, консультативтік пункттер бар екенін әрі олардың маңызын түсіндіру керек.

4. Барлық баланың, әсіресе осал жағдайдағы балалардың қосымша білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бағдарламалар мен бастамаларды одан әрі дамыту қажет. Бұл сапалы білім алуға тең мүмкіндіктер туғызып, елдің әлеуметтік интеграциясы мен дамуына ықпал етеді.

5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды тиімді оқыту мен дамытуды қамтамасыз ету үшін арнайы және психологиялық-педагогикалық білім беру саласына білікті мамандар тарту мен оларды даярлауды күшейту қажет.

6. Болашақта балалар мекемелерінің жетіспеушілігін болдырмас үшін білім беру ұйымдарындағы демографиялық тенденциялар мен ұзақ мерзімді қажеттіліктерді ескере отырып, балалар мекемелерінің инфрақұрылымына талдау және жоспарлау жүргізу.

7. Балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ инклюзивтілікті және балалардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып білім алуға жағдай жасау қажет.



**4-ТАРАУ.
ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ**

4-ТАРАУ. ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Егер адамдарға басты байлық денсаулық болса, ал жанның басты байлығы – білім мен өнер. Тек осы екі ілім арқылы халықтар өркениет қатарында өз орнын табады. Басты міндет – жастарға білім беру, қолөнерді үйрету, оларға мамандық беру.

Ахмет Байтұрсынұлы

Әл-ауқаттың өсуі халықтың өмір сүру сапасының жақсаруымен, ресурстар мен қызметтердің қолжетімділігінің артуымен сипатталады. Елдегі балалардың жағдайын жақсарту аясында әлеуметтік-экономикалық жағдай маңызды рөл атқарады. Мысалы, экономикалық дамыған мемлекеттер білім беру мен балалардың құқықтарын қорғауға, озық технологияларды енгізуге және азаматтардың әлеуметтік ұтқырлығына көбірек мүмкіндік жасауға молырақ қаржы бөле алады. Осыған орай бұл тарау елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды сипаттайтын көрсеткіштерді талдай отырып құрастырылады.

1. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім

Экономикалық көрсеткіштер елдің әл-ауқатын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – ЖӨӨ. Елдің экономикалық дамуында әкімшілік-аумақтық бірліктердің маңызы артқан сәтте өңірлердің динамикасы мен әлеуметтік-экономикалық әлеуетін бағалау үшін қазіргі заманғы көрсеткіштерді белсенді пайдалану қажет. Жалпы өңірлік өнім белгілі бір өңірде өндірілген барлық тауар мен қызметтің құнын білдіріп, аймақтың экономикалық белсенділігі мен өнімділігінің жалпылама көрсеткіші ретінде қызмет етеді. ЖӨӨ көрсеткіші халықтың әл-ауқат деңгейіне, оның ішінде қоғамның ең осал бөлігі – балаларға айтарлықтай әсер етеді.

ҚР СЖРА ҰСБ ұсынған соңғы деректер бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2023 жылы 6 058,3 мың теңгені құрады. 2022 жылғы 5 689 мың теңге мөлшерімен салыстырғанда көрсеткіштің өскенін байқауға болады, бұл елдің соңғы жылдардағы экономикалық дамуындағы оң серпінді білдіреді.


Жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің ең жоғары мәні Атырау облысы (21 401 мың теңге), Алматы (11 310 мың теңге) және Астана қалаларында (9 247 мың теңге) тіркелді. Бұл өңірлер экономикалық дамудың айтарлықтай деңгейін әрі өндірістік қызметте жоғары нәтижелерді көрсетеді.

Сонымен қатар, жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша Төменгі қатардан Түркістан (1 956 мың теңге), Жамбыл (2 547 мың теңге) және Жетісу облыстары (2 755 мың теңге) көрінді. Осы өңірлерде экономикалық белсенділіктің айтарлықтай төмен деңгейі байқалады, бұл мемлекет тарапынан қосымша назар мен қолдаудың қажеттілігін көрсетеді.

Осы тұста ел өңірлері бөлінісінде 2023 жылы ЖӨӨ деңгейінің төмендеуі байқалмағанын атап өткен жөн. Өңірлерде ЖӨӨ деңгейі төмендеуінің байқалмауы экономикалық проблемалардың уақытылы шешілгенін немесе негізгі салаларды дамытудың жеткілікті деңгейін көрсетеді.

Бұл ретте қол жеткізілген нәтижелерді талдау жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің жалпы өсуіне қарамастан, өңірлер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін ортаға шығарды. Бұл бүкіл ел бойынша әл-ауқаттың біркелкі бөлінуін қамтамасыз ету үшін аз дамыған аймақтардағы экономикалық өсуді қолдау және ынталандыруға кешенді көзқарас қажет екенін көрсетеді.

Диаграмма 4.1. Өңірлер бойынша жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім өнім, 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары, мың теңге (жан басына шаққандағы ЖӨӨ)



«Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге» индикаторы бойынша динамика жалпы республикалық мәнде 369,3 мың теңгені құрады. Өңірлер бойынша оң динамика облыстардың барлығында, Алматы, Астана және Шымкент қалаларында байқалады. Ең үлкен өсім Алматыда көрініс тапты (2022 жылы 8 945 мың теңгеден 2023 жылы 11 310 мың теңгеге дейін). Ең төмені – Павлодар облысында (2022 жылы 5 529 мың теңгеден 2023 жылы 5 761 мың теңгеге дейін).

4.1-кесте. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім динамикасы, мың теңге

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	5 689,0	6 058,3	369,3
Абай	3 781	4 983	1 202,5
Ақмола	4 264	4 677	413,1
Ақтөбе	4 675	5 052	377,4
Алматы	2 847	3 276	428,9
Атырау	20 541	21 401	860,0
ШҚО	5 328	6 135	807,0
Жамбыл	2 265	2 547	282,3
Жетісу	1 986	2 755	768,7
БҚО	6 420	6 966	545,2
Қарағанды	6 517	7 444	926,1
Қостанай	4 998	5 551	552,7
Қызылорда	2 824	3 414	590,0
Маңғыстау	5 358	6 264	905,9
Павлодар	5 529	5 761	232,3
СҚО	3 956	4 190	233,2
Түркістан	1 667	1 956	288,9
Ұлытау	7 569	8 802	1 232,8
Алматы қ.	8 945	11 310	2 365,6
Астана қ.	7 882	9 247	1 365,1
Шымкент қ.	2 689	3 065	375,6

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) ұлғаюы арқылы көрініс тапқан экономикалық өсім әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға айтарлықтай әсер етеді. Мұндай бағдарламалар қатарына білім беру, денсаулық сақтау және балалары бар отбасыларды қолдау жатады.

Жоғары ЖӨӨ салық түсімдерін ұлғайтып білім беру

инфрақұрылымын жақсартуға яғни мектептерді салу және жөндеу, жабдықтар мен оқу материалдарын сатып алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл қаражат мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, сәбилердің үйлесімді дамуына ықпал ететін ерте балалық шақ бағдарламаларын әзірлеуге және оны енгізуге жұмсалады.

Сонымен қатар ЖӨӨ ұлғаюының арқасында денсаулық сақтауды қаржыландыру жақсарып келеді. Бұл балаларға медициналық қызметтерге, соның ішінде вакцинация мен профилактикалық тексерулерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Балалары бар отбасыларға қолдау көрсету де артып жатыр, бұл кедейлік деңгейін төмендетіп, өмір сүру жағдайларын жақсартуға көмектеседі.

2. Жұмыссыздық деңгейі

Елдің әл-ауқатының жағымсыз және маңызды көрсеткіші бола отырып, жұмыссыздық еңбекпен қамту/жұмысқа орналастыру деңгейімен тығыз байланысты. Жұмыссыздық экономиканың дамуына және халықтың өмір сүру сапасына кері ықпалын тигізеді, өйткені ол табыс деңгейіне, әлеуметтік қамсыздандыруға, адамдардың психикалық денсаулығына әсер етеді.

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2023 жылы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 4,7% ды құраса, бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 4,9% болған.

Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейін бағалаудың тәсілдері мен критерийлері Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстарына сәйкес келеді. Жұмыссыздық туралы ақпарат үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу арқылы жиналады. Жұмыссыздықтың ресми статистикасы еңбек нарығындағы өзгерістерді әрдайым нақты көрсете бермейді.

Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша 2023 жылдың IV тоқсанында Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды құрады. 2022 жылдың сәйкес тоқсанымен салыстырғанда жалпы жұмыспен қамтылғандар негізінен жалдамалы жұмысшылардың (75,4 мыңға) және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың (1,3 мыңға) есебінен 76,7 мың адамға өсті. Жұмыспен қамтудың ең үлкен өсімі ақпарат және коммуникациялар, кәсіби және ғылыми қызмет, өнер, ойын-сауық және демалыс салаларында байқалды.


15–34 жас аралығындағы жастар арасында жұмыссыздық деңгейі 3,4%-ды құрады. Жұмыспен қамтылмаған немесе біліммен

немесе кәсіптік оқумен айналыспайтын NEET жастарының үлесі 7,1% (379,3 мың адам) болды.

Экономикалық деңгейде жұмыссыздықтың негізгі себептері – жұмысбастылықты қамтамасыз етуге уақыты жоқ жаңа өндірістердің өсуі; технологиялық деңгейде – жаңа технологияларды енгізу және қызметті автоматтандыру; жеке деңгейде – төмен жеке жауапкершілік және осыған байланысты әлеуметтік-экономикалық проблемалар, мысалы, баспананың жетіспеушілігі мен өмірді жоспарлау мәдениетінің болмауы.

Өңірлер бойынша жұмыссыздық деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар жоқ – көрсеткіштер 4%-дан 5%-ға дейін ауытқиды.

Диаграмма 4.2. Жылдың тоқсандары бойынша жұмыссыздық деңгейі



Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Алайда еліміздің Қарағанды (4,1%), Ұлытау облыстары (4,2%) және Астана қаласы (4,5%) сияқты өңірлерінде жұмыссыздық деңгейі салыстырмалы түрде төмен екенін атап өткен жөн, ал Түркістан мен Маңғыстау облыстарында салыстырмалы түрде жоғары (5%). 4.2-кестеде жұмыссыздық деңгейі туралы мәліметтер ұсынылған.

4.2-кесте. Жұмыссыздық деңгейі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	4,9	4,7	-0,2
Абай	5	4,8	-0,2
Ақмола	4,8	4,8	
Ақтөбе	4,8	4,7	-0,1
Алматы	4,7	4,7	
Атырау	4,8	4,8	
ШҚО	1,2	4,6	3,4
Жамбыл	5	4,8	-0,2
Жетісу	5,1	4,9	-0,2
БҚО	5	4,9	-0,1
Қарағанды	4,4	4,1	-0,3
Қостанай	4,9	4,8	-0,1
Қызылорда	4,9	4,9	
Маңғыстау	5,1	5,0	-0,1
Павлодар	4,8	4,8	
СҚО	4,9	4,8	-0,1
Түркістан	5,2	5,0	-0,2
Ұлытау	4,3	4,2	-0,1
Алматы қ.	5	4,8	-0,2
Астана қ.	4,6	4,5	-0,1
Шымкент қ.	5	4,9	-0,1

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Өткен жылы еліміздің көптеген аймақтарында жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі шамамен 0,1%-ды құрады.

2023 жылы әйелдер арасындағы жалпы жұмыссыздық деңгейі ерлердің жұмыссыздығына қарағанда жоғары болды (1,1%-ға). Қала және ауыл тұрғындарын қарастырар болсақ, қалалардағы жұмыссыздық деңгейі ауылдық жерлерге қарағанда орташа есеппен 0,1%-ға төмен. 4.3-кестеде 2023 жылы халықтың жас категориясы және тұрғылықты жері бойынша жұмыссыздық деңгейі туралы мәліметтер келтірілген.

4.3-кесте. Жасы және тұрғылықты жері бойынша жұмыссыздық деңгейі, %

	Бар-лығы	Жас							
		15	16–24	25–28	29–34	35–44	45–54	55–64	65 және одан жоғары
Жұмыссыздар %	4,7	-	3,8	3,5	3,4	5,8	5,0	6,2	0,4
Ерлер %	4,2	-	3,3	2,6	2,8	5,1	4,9	6,1	0,6
Әйелдер %	5,3	-	4,3	4,6	4,1	6,4	5,0	6,3	0,3
Қала %	4,7	-	4,1	3,7	3,5	5,6	5,0	5,8	0,5
Ауыл %	4,8	-	3,2	3,2	3,3	6,2	4,9	6,9	0,4

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

2023 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды, онда сапалы жұмыс орындарын құру және жоғары еңбек өнімділігі мен өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің жүйелі шаралары қамтылған.

Балалар еңбегін пайдалануды болдырмау үшін балаларды жұмысқа орналастыруды Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі реттейді. Еңбек шартына кәмелетке толмаған адам және оның заңды өкілдерінің бірі қол қоюға тиіс. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 69-бабына сәйкес 18 жасқа толмаған қызметкерлер үшін қысқартылған жұмыс уақыты: 14 тен 16 жасқа дейін – аптасына 24 сағаттан аспайтын; 16 жастан 18 жасқа дейін – аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс аптасы белгіленген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылдың 8 желтоқсанындағы № 944 бұйрығымен он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізбесі, он сегіз жасқа толмаған жұмысшылардың ауыр заттарды алып жүруі мен жылжытуының шекті нормалары, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеру және жылжытуының максималды стандарттары, оның ішінде кәмелетке толмағандардың еңбегі жиі қолданылатын ауыл шаруашылығы өндірісінің тізімі бекітілді. Құжатта барлығы 103 кәсіп пен жұмыс түрі анықталған.

Жалпы алғанда, жұмыссыздық жағдайынан еңбекпен қамтуға көшуге жағдай жасалып жатыр. Түрлі жас категориясындағы адамдарға арналған еңбекпен қамту және жұмысқа орналастыру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Балалар еңбегін пайдалану да заңмен реттеледі және бақыланады.

3. Су ресурстары сапасының деңгейі

2016 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Жаһандық тұрақты даму саласында күн тәртібіне қосылды. Тұрақты дамудың алтыншы мақсаты су ресурстары мен санитарияның баршаға қолжетімділігі мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан тұрақты даму Мақсаттарының жақтаушысы ретінде баршаға қауіпсіз әрі арзан ауыз суға жалпыға тең және бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Қауіпсіз ауыз суға және тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайларға қол жеткізуді қамтамасыз ету мектеп оқушылары арасындағы жұқпалы аурулармен күресудің негізгі кілті деуге болады. Бұл балалардың денсаулығын сақтау үшін өте маңызды негізгі құқық.

Қазақстанның су ресурстары басқа мемлекеттермен салыстырғанда шектеулі. Жан басына шаққандағы жаңартылатын көздерден алынатын тұщы су көлемі бойынша Қазақстан кейбір аграрлық және өнеркәсіптік елдерден, мысалы, Үндістан мен Қытай Халық Республикасынан асып түседі, дегенмен ол Ресей Федерациясы, Бразилия және Канада сияқты елдерден төмен.

Жаңартылатын су ресурстарының жалпы көлемі жан басына шаққанда Үндістанда – 1.5, Қытайда – 2.1, Қазақстанда – 6.0, Ресейде – 31.4, Бразилияда – 41.1, Канадада – 83.2 млн. м3.

Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі жүйесінің міндеттеріне мемлекеттік бақылау желісінің оңтайлы құрамын қалыптастыру, оның техникалық жарақталуын жетілдіру, болжамның орындалу мерзімі мен дәлдігін арттыруды қамтамасыз ететін заманауи болжау әдістерін енгізу жатады. Сонымен қатар су объектілерінің мемлекеттік мониторингінің деректерін жүйелеуге және біріктіруге, олардың мемлекеттік органдарға, су объектілері мемлекеттік мониторингіне қатысушыларға, ғылыми ұйымдарға, азаматтарға қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйені құру да оның міндеті саналады.

Гидрометеорологиялық деректермен қамту деңгейі бойынша мемлекеттік желі дамыған елдерден едәуір артта қалып отыр. Мысалы, өткен ғасырдың 80-90-жылдарында Қазақстанда 1 983 гидрологиялық бекет жұмыс істесе, 2010 жылға қарай олардың саны 245-ке дейін қысқарған. 2023 жылға арналған мемлекеттік қадағалау желісін дамыту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде елде 377 гидрологиялық бекет жұмыс істейді.

Бұл ретте гидрологиялық посттардың ең аз қажетті саны 511-ді құрайды, бұл Қазақстан аумағының гидрологиялық зерттелуін өте жылдам әрі айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Осы көрсеткішке екі кезеңде қол жеткізу жоспарланған (2029 жылға қарай гидрологиялық бекеттер санын 419-ға, ал 2050 жылға қарай 511-ге дейін арттыру).

2023 жылдың 20 ақпанында ДСМ «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекітті. Осы құжат су көздеріне, шаруашылық-ауыз су алу орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық суды пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Таза және функционалды санитарлық-гигиеналық қызметтермен қамтылған және оны қалай пайдалану керектігін үйренген балалар өздеріне қолайлы ортада жүр деп айта аламыз. Олар қамқорлықты, өзіне көңіл бөлінгенін сезініп, қанағаттанған сезіммен өздерінің білім беру міндеттеріне назар аударады.

ҰББД мәліметтері бойынша, еліміздегі мектептердің барлығы (99,9%) оқушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Бұл көрсеткіш 73,4%-ды көрсететін Абай облысындағы жағдай ерекше деп айтуға болады.

4.4-кесте. Өңірлер бойынша сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету динамикасы, 2023 жыл, %

Өңір	Сырттан алынатын су		Сапалы ауыз су		Сапалы ауыз сумен қамту үлесі
	қала	ауыл	қала	ауыл	
ҚР	65	376	2 562	5 267	99,9%
Абай	0	90	5	229	73,4%
Ақмола	1	41	109	445	100%
Ақтөбе	1	1	150	281	100%
Алматы	5	43	56	421	100%
Атырау	4	15	98	130	99,6%
ШҚО	0	3	103	260	100%
Жамбыл	6	10	136	385	100%
Жетісу	3	9	68	279	100%
БҚО	3	36	77	301	100%

Өңір	Сырттан алынатын су		Сапалы ауыз су		Сапалы ауыз сумен
	қала	ауыл	қала	ауыл	қамту үлесі
Қарағанды	1	7	201	233	100%
Қостанай	2	68	107	358	99,8%
Қызылорда	0	2	94	243	100%
Маңғыстау	5	32	79	115	100%
Павлодар	0	10	99	273	100%
СҚО	0	50	63	400	100%
Түркістан	12	43	182	866	99,8%
Ұлытау	1	1	40	48	100%
Алматы қ.	5	-	358	-	100%
Астана қ.	5	-	175	-	100%
Шымкент қ.	11	-	277	-	100%

Дереккөз: ҰБДК

Таза ауыз судың болуы – жай ғана хал-ахуалдың көрсеткіші емес, ол қоғамның дамуы, оның тұрақты және дамыған мемлекет ретінде қалыптасуы үшін мемлекеттің стратегиялық міндеті. Бұл міндетке ауыз суды жинау, сақтау және халыққа жеткізу әдістерін бақылау мен жетілдіру кіреді.

4. Белгіленген сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауызсу сынамаларының үлесі

Жылдар өте өзен-көлдерде зиянды заттар жиналып, табиғатқа ғана емес, адамдарға да үлкен қауіп төндіреді. Бұл заттар күнделікті қолданатын ауыз суға түсуі мүмкін.

Орталықтандырылмаған көздерден алынған суды пайдалану инфекциялық және паразиттік аурулардың таралу қаупін арттырады. Сондықтан сумен қамтамасыз ету мен канализацияға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға ерекше назар аударылады.

Халықты қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ДСМ белгіленген талаптарды, санитарлық ережелер мен гигиеналық нормаларды әзірлеп, енгізді.

Су сынамасын алуға арналған жабдыққа және оның су үлгісімен жанасатын құрамдастарын жасау үшін қолданылатын материалдарға қойылатын жалпы талаптар ҚР СТ ГОСТ Р 51592 және ГОСТ 189631 бойынша реттеледі.

Ауыз су ДСМ белгілеген стандарттар мен талаптарға сәйкес болғанда ғана жоғары сапалы және қауіпсіз болып саналады.

Ауыз су сапасының көрсеткіштері өңірлерде әртүрлі болуы

мүмкін. Кейбір аймақтарда оң динамика байқалады. Мәселен, Батыс Қазақстан (-8,2%), Шығыс Қазақстан (-7,3%) және Солтүстік Қазақстан (-6,1%) облыстарында ауыз су сапасының жақсарғаны тіркелді. Көрсеткіштің нашарлауы Ақмола облысында (+9,3%), Жетісу облысында (+6,8%) және Астана қаласында (+1,7%) байқалады.

Ең үздік көрсеткіш Алматы қаласында (0,1%), ал ең нашары Ақмола облысында (26,9%) тіркелді.

Ашық су қоймаларының су сапасы түрлі себепке байланысты нашарлауы мүмкін:

- Су қорғау аймақтарының өлшемдерін сақтамау;
- Стихиялық тұрмыстық қоқыстардың қалыптасуы;
- Өнеркәсіптік және ауылшаруашылық объектілерінен ағынды суларды шығару;
- Өзен арналарының жағасында тұрғын және өндірістік нысандарды орналастыру;
- Кәріз желілеріндегі апаттар және басқа факторлар.

4.5-кесте. Белгіленген сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауыз су үлгілерінің үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	5,4	3,6	-1,8
Абай		0,5	0,5
Ақмола	17,6	26,9	9,3
Ақтөбе	0,9	1,3	0,4
Алматы	6,3	1,5	-4,8
Атырау	2,3	2,3	0
ШҚО	11,2	3,9	-7,3
Жамбыл	1,7	0,9	-0,8
Жетісу		6,8	6,8
БҚО	15,1	6,9	-8,2
Қарағанды	3,4	0,7	-2,7
Қостанай	7,4	2,9	-4,5
Қызылорда	4,3	1,8	-2,5
Маңғыстау	4,2	4,4	0,2
Павлодар	3,6	4,4	0,8
СҚО	6,9	0,8	-6,1
Түркістан	4,5	1,4	-3,1
Ұлытау		0,2	0,2
Астана қ.	1,7	3,4	1,7

Өңір	2022	2023	Динамика
Алматы қ.	0,1	0,1	0
Шымкент қ.	0,9	1,3	0,4

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Ауыз судың қолжетімділік деңгейі мәселесінің өзектілігі ерқашан маңызды, өйткені ол адам үшін маңызды ресурс болып саналады.

5. Ауадағы ұсақ қатты бөлшектердің деңгейі РМ 2,5 (ауа сапасы)

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2023 жылы стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылар көлемі 2 257,5 мың тоннаны құрады. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 2,47%-ға төмендеген.

Жалпы шығарындылардың 80,7%-ы газ және сұйық заттар болса, ал 19,3%-ы – қатты заттар.

Республиканың кәсіпорындары ластаушы заттардың барлық стационарлық көздерінен шығарындылардың жалпы көлемінің 93,4%-ын ұстап, залалсыздандырды.

Шығарындылардың ең көп көлемі Павлодар (694,2 мың тонна), Қарағанды (455 мың тонна) және Атырау (140,1 мың тонна) облыстарында болды.

4.6-кесте. Ауадағы ұсақ қатты бөлшектердің деңгейі РМ 2,5 (ауа сапасы)

Өңір	2019	2020	2021	2022	2023
ҚР	2483,1	2441	2407,5	2314,7	2257,5
Абай	-	40,7	40,9	39	38,5
Ақмола	76,7	77,2	77,3	69,5	69,8
Ақтөбе	136,6	135,1	137,4	136,5	112,1
Алматы	48,1	26,3	30,3	28,8	28,4
Атырау	164,5	153,9	160,3	132,1	140,1
ШҚО	128,8	86,5	87,2	83,3	80,9
Жамбыл	55,8	55	55,8	52,9	51,2
Жетісу	-	19,9	17,7	13,1	14,8
БҚО	41,2	30,8	26	25,8	34,4
Қарағанды	641,3	519	488	469	455
Қостанай	130,5	123,4	137,9	121,4	118,3
Қызылорда	24,4	28,3	29,2	23,4	25,3

Өңір	2019	2020	2021	2022	2023
Маңғыстау	64,5	72,5	75,2	78,7	86,2
Павлодар	721,5	723	736,1	724,2	694,2
СҚО	74,7	76	61,2	52,7	58,9
Түркістан	33,5	28,1	29	25,2	26,7
Ұлытау	-	108,7	81,7	105,1	103,1
Алматы қ.	46,1	44,5	40,8	41,4	44
Астана қ.	65,1	62,4	62,2	57,7	46,4
Шымкент қ.	29,8	29,6	33,2	34,9	29,3

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

2023 жылы Республика атмосферасына мынадай ластаушы заттар түскен: қорғасын және оның қосылыстары (243,5 тонна), марганец және оның қосылыстары (71,3 тонна), мыс оксиді (109,1 тонна), күкірт қышқылы (384,0 тонна), хлор (46,7 тонна) және сынап (166 килограмм). Бұл заттардың нақты мөлшері рұқсат етілген шектерден (ШРШ) аспаған.

Таза ауаны қамтамасыз етудің өзектілігі ұзақ мерзімді перспективада маңызды. Ауаның денсаулыққа, экологияға, балалардың дамуына және адамзатқа әсері даусыз. Таза ауамен қамтамасыз етуді урбанизация мен халық тығыздығының өсуі қиындатып жатыр.

6. Қатты жабыны бар аудандық/облыстық маңызы бар жолдардың үлесі


Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларын жақсарту көлік инфрақұрылымының дамуына, атап айтқанда, сапалы автомобиль жолдарын салу және оны күтіп ұстауға тығыз байланысты. Қатты жолдар балалардың күнделікті өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол балалардың қауіпсіздігі мен жалпы әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Сапалы жолдар қозғалысқа қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етеді, бұл апат ықтималдығын, әсіресе жаяу жүргіншілердің қатысуымен болатын ЖКО ықтималдығын азайтады.

ҚСЖАЕК деректеріне сәйкес, кейінгі жылдары ЖКО салдарынан балалар өлімінің үрейлі үрдісі байқалады. 2023 жылы қайтыс болған балалардың саны 317-ге жетті, бұл 248 өлім тіркелген 2022 жылмен салыстырғанда 27,8%-ға жоғары. Мұндай қайғылы оқиғалардың негізгі себептері – жаяу жүргіншілерді қағып кету (32,5%), көлік құралдарының соқтығысуы (29,4%) және аударылу (12,7%). Жағдайлардың ең көп саны Батыс Қазақстан,

Маңғыстау, Алматы және Жамбыл облыстарында тіркелген.

КМ мәліметтері бойынша, елдегі автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 94 781,1 шақырымды құрайды, оның 86 311,6 шақырымы қатты жабындалған (асфальтталған). Республикалық жол желісі 24 920 шақырымды қамтиды, оның 24 801 шақырымы қатты жабындалған. Жергілікті желіге 69 861,1 шақырым кіреді, оның 61 510,5 шақырымы қатты жабынмен жабылған. 2023 жылы жалпы пайдаланымдағы қатты жолдардың үлесі 90%-ды құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 3%-ға жоғары.

Диаграмма 4.3. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзындығы, мың км



Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Өңірлік көрсеткіштерді талдау Жамбыл (99,7%), Ақмола (99,5%) және Жетісу облысында (99,2%) ең жақсы нәтижелерге қол жеткізілгенін көрсетеді. Алайда Батыс Қазақстан (71,1%), Қостанай (76,4%) және Атырау (80,9%) облыстарында төмен көрсеткіштер байқалады. Облыстық жолдардан бөлек, қатты жабынның үлесі жиі төмен болатын аудандық маңызы бар жолдардың жағдайы маңызды.

4.7-кесте. Қатты жабыны бар аудандық/облыстық маңызы бар жолдардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	87,0	90,0	3,0
Абай	1,0	91,6	90,6
Ақмола	100	99,5	0,0
Ақтөбе	96	83,8	-12,6
Алматы	98	97,9	0,1
Атырау	80	80,9	1,3
ШҚО	95	91,1	-4,1
Жамбыл	100	99,7	0,0

Өңір	2022	2023	Динамика
Жетісу	1,0	99,2	98,2
БҚО	71	71,1	0,6
Қарағанды	100	98,4	-1,1
Қостанай	79	76,4	-2,6
Қызылорда	90	86,0	-3,5
Маңғыстау	91	88,0	-3,1
Павлодар	92	92,4	0,3
СҚО	80	86,8	7,1
Түркістан	97	97,0	0,0
Ұлытау	1,0	97,9	96,9
Алматы қ.			
Астана қ.			
Шымкент қ.			

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Қазақстанда балалардың мектепке қолжетімділігі проблемасын шешу үшін жыл сайын өз мектебі жоқ немесе сыныптар саны шектеулі елді мекендерден оқушыларды көлікпен тасымалдау ұйымдастырылады. 2023 жылы 2302 елді мекеннен 52 943 балаға тасымалдау ұйымдастырылды. Оның ішінде 37 057 бала өз елді мекендеріндегі мектепке барады. 50 242 бала күн сайын және 2701 бала апта сайын көлікпен жеткізіледі. Бұл жүйеге 1319 көлік құралы, оның ішінде 1173 мектеп автобусын пайдаланатын 1006 білім беру ұйымы қатысады. Осы автобустардың 67%-ы мектептерге тиесілі, 1%-ы әкімдіктердің балансында, ал 32%-ы жалға алынған.

Жергілікті бюджеттерге жүктемені азайту үшін 2023 жылы өңірлерге лизинг бойынша 515 мектеп автобусы берілді, бұл балалардың тасымалдау жағдайын жақсартты.

Алайда шаралар қабылданғанына қарамастан, халықты сапалы жолдармен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып қала береді. Бұл мәселені шешу балалардың білім беру мекемелеріне және басқа да маңызды әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуін жеңілдеті отырып, азаматтар өмірінің жайлылығы мен тұрақтылығының артуына ықпал етеді.

7. Орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі

Қазақстанда кәріз жүйесімен жабдықталған тұрғын үй жайлардың үлесі артып келеді. СЖРА ҰСБ мәліметі бойынша 2023

жылы бұл көрсеткіш 76,1%-ды (2022 жылы – 74%) құрады.

Қаладағы жағдай ауылдық жерлерге қарағанда жақсы. Қаланың кәрізбен қамтамасыз етілу деңгейі ауылға қарағанда 41,7%-ға жоғары.

Қазақстанның әртүрлі аймақтарында кәріз жүйесімен жабдықталған тұрғын үй-жайлардың үлес салмағы әртүрлі. Ең жоғары көрсеткіш Астана қаласы (100%), Жамбыл (100%) және Маңғыстау облыстарында (98,4%) байқалды.

Бұл ретте кейбір өңірлерде көрсеткіш өте төмен. Мысалы, Түркістан облысында – 28%, Қызылорда облысында – 47,6%, Солтүстік Қазақстан облысында – 47,9%-ды құрайды. 4.8-кестеде кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлес салмағы туралы мәліметтер келтірілген.

4.8-кесте. Орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі, %

Өңір	барлығы	қала	ауыл
ҚР	76,1	90,5	48,8
Абай	60,3	85,6	20,5
Ақмола	62,4	72,2	52,3
Ақтөбе	85,2	93,8	54,1
Алматы	63,9	76,5	61,4
Атырау	91,0	98,8	80,7
БҚО	67,2	92,2	28,1
Жамбыл	100,0	100,0	100,0
Жетісу	59,8	75,0	46,4
Қарағанды	86,2	93,9	53,1
Қостанай	69,4	91,7	33,4
Қызылорда	47,6	64,7	30,9
Маңғыстау	98,4	99,6	97,1
Павлодар	73,5	93,4	22,9
СҚО	47,9	76,2	23,8
Түркістан	28,0	49,2	20,2
Ұлытау	92,2	96,2	79,0
ШҚО	74,8	89,1	46,4
Астана қ.	100,0	100,0	-
Алматы қ.	98,2	98,2	-
Шымкент қ.	84,8	84,8	-

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

СЖРА ҰСБ ұсынған мәліметтерге сәйкес, барлық дерлік өңірде кәрізбен жабдықталған жалпы аумақтың үлесі біртіндеп артып келеді.

4.9-кесте. Орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	74	76,1	2,1
Абай	57,7	60,3	2,6
Ақмола	61	62,4	1,4
Ақтөбе	84,1	85,2	1,1
Алматы	56,5	63,9	7,4
Атырау	89,3	91	1,7
ШҚО	73,7	74,8	1,1
Жамбыл	98,4	100	1,6
Жетісу	57,4	59,8	2,4
БҚО	64,7	67,2	2,5
Қарағанды	85,7	86,2	0,5
Қостанай	68,3	69,4	1,1
Қызылорда	44,5	47,6	3,1
Маңғыстау	98,2	98,4	0,2
Павлодар	71	73,5	2,5
СҚО	42,9	47,9	5
Түркістан	25,3	28	2,7
Ұлытау	91,8	92,2	0,4
Алматы қ.	97,9	98,2	0,3
Астана қ.	100	100	0
Шымкент қ.	83,3	84,8	1,5

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

8. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы апатты мектептердің үлесі

Апатты жағдайдағы мектептер оқушылардың денсаулығына, қауіпсіздігіне және әл-ауқатына үлкен қауіп төндіреді. Ғылыми зерттеу нәтижелері мұндай оқу жағдайлары балалардың физикалық және психикалық денсаулығына, олардың академиялық жетістіктеріне және жалпы білім сапасына теріс әсер етуі мүмкін екенін растайды.


Кейінгі 5 жылда елде апаттық мектептер саны артты. 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы апатты мектептер саны

8 бірлікке өсіп, бүгінде олар күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің жалпы санының 0,8%-ын құрайды.

Талдау көрсеткендей, Қазақстандағы апатты мектептердің жағдайы өңірлерде әртүрлі. Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында соңғы екі жылда апатты мектептер саны айтарлықтай өсті: сәйкесінше 8-ден 14-ке және 6-дан 8-ге дейін жетті. Бұл балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы өңірлердегі мектеп ғимараттарын жедел түрде жаңғырту және қайта құру қажет дегенді білдіреді.

Сонымен қатар кейбір өңірлерде, мысалы, Алматы облысында және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында апатты мектептерге қатысты проблема жоқ немесе төмен деңгейде. Бұл мектеп ғимараттарын тиімді түрде күтіп-ұстау мен жөндеуге немесе олардың заманауи құрылысына байланысты болуы мүмкін.

Диаграмма 4.4. Апаттық жағдайдағы күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер желісінің динамикасы, 2019–2023 жж., бірлік



Дереккөз: ҰБДК

60–70 жыл бұрын немесе одан ертерек салынған көптеген мектептің жағдайы нашар, сондықтан заманауи талаптарға және білім беру стандарттарына сәйкес болу үшін күрделі жөндеуді қажет етеді. ҰБДК мәліметтері бойынша көптеген мектептер ондаған жыл бұрын салынған. Осы уақыт ішінде олардың құрылымдары тозып, байланыс жүйелері ескірген, жабдықтары заман талабына сәйкес емес.

2023 жылдың соңында 445 мектеп күрделі жөндеуді қажет ететіні анықталды. Оның 149 мектеп қалада, 296 мектеп ауылдық жерлерде орналасқан.

2023 жылы 169 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді: оның ішінде 85 мектеп қалада, 84 мектеп ауылда орналасқан.

Сонымен қатар кейбір ауылдық елді мекендерде әлі күнге дейін саманнан және қамыстан салынған мектептер кездеседі. Жалпы саны 211 осындай білім беру ұйымы бар. Бұл аталған аймақтарда жаңа мектептер салу мен бұрыннан бар мектептерді жаңғырту қажеттілігін көрсетеді.

4.10-кесте. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы апатты мектептердің үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	0,8	0,7	-0,1
Абай	0,6	0,9	0,3
Ақмола	0,5	0,4	-0,2
Ақтөбе	1,4	1,2	-0,3
Алматы	0,0	0,0	0,0
Атырау	1,8	2,2	0,4
ШҚО	0,0	0,0	0,0
Жамбыл	0,0	0,4	0,4
Жетісу	0,0	0,0	0,0
БҚО	2,9	4,5	1,6
Қарағанды	0,5	0,7	0,2
Қостанай	0,0	0,0	0,0
Қызылорда	1,8	2,6	0,8
Маңғыстау	1,1	1,0	-0,1
Павлодар	0,8	0,0	-0,8
СҚО	0,3	0,2	-0,1
Түркістан	1,7	0,4	-1,3
Ұлытау	1,1	3,4	2,3
Алматы қ.	0,3	0,0	-0,3
Астана қ.	0,0	0,0	0,0
Шымкент қ.	0,0	0,0	0,0

Дереккөз: ҰБДК

Апатты жағдайдағы мектептерге байланысты төтенше жағдайдың алдын алу бақытты балалық шақпен қамтудың маңызды міндеті. Баланың денсаулығы мен өмірі қауіпсіз, мемлекет пен қоғамның бақылауында және қамқорлығында болуы керек. Осыған байланысты балалардың оқуы мен дамуына лайықты жағдайларды қамтамасыз ету үшін мектеп инфрақұрылымының қауіпсіздігі мен модернизациясын инвестициялау қажет.

9. Уәкілетті органның қабылданған тиісті стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етілген ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі

Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бейнебақылау жүйесін орнату маңызды қадам болып отыр.

Білім беру ұйымдарын қауіпсіздік жүйелерімен жарақтандыру Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады (2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрық).

Бүгінгі таңда барлық мектептер күзет жүйесімен жабдықталған, жедел басқару орталығына қосылған, дабыл түймелері, лицензиялық күзет, бейнебақылау камералары, ескерту жүйелері мен турникеттер орнатылған.

Қазіргі уақытта білікті қауіпсіздік ұйымдарын тарту бойынша стандартты талаптар әзірленді. Әрбір білім беру ұйымында объектінің қауіпсіздік деңгейінің қабылданған талаптарға сәйкестігін көрсететін ерекшелік белгісін орнату жоспарланып отыр. Бейнебақылау камералары арқылы ата-ананың бақылау жүйесін енгізу мәселесі де қарастырылып жатыр.

2023 жылы уәкілетті орган қабылданған стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етілген жалпы білім беру ұйымдарының үлесі республика бойынша 99%-ды құрады. 2022 жылмен салыстырғанда көрсеткіште айтарлықтай өсім байқалады. 2022 жылы бұл көрсеткіш 35% болған.

4.11-кестеде уәкілетті органның қабылданған тиісті стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етілген ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі көрсетілген.

4.11-кесте. Уәкілетті органның қабылданған тиісті стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етілген ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	35,0	99,0	63,0
Абай		100	100
Ақмола	21	100	79
Ақтөбе	0	100	100
Алматы	17	100	83
Атырау	13	100	87
ШҚО	57	98	41
Жамбыл	0	94	94
Жетісу		100	100
БҚО	36	100	64
Қарағанды	8	100	92
Қостанай	5	95	90
Қызылорда	0	100	100
Маңғыстау	25	100	75
Павлодар	66	100	34
СҚО	69	100	31
Түркістан	0	100	100
Ұлытау		100	100
Алматы қ.	100	90	-10
Астана қ.	98	100	2
Шымкент қ.	88	100	12

Дереккөз: ҰБДК

Айта кету керек, өңірлердің көпшілігі қабылданған стандарттар мен талаптарға сәйкес бейнебақылау жүйелерімен 100% жабдықталған. Алматы қаласы (90%), Жамбыл (94%), Қостанай (95%) және Шығыс Қазақстан (98%) облыстарында ерекшелік бар.

ІІМ аумақтық бөлімшелері білім беру ұйымдарына нұсқаулықтың талаптарын сақтау тұрғысынан жоспардан тыс тексерулер жүргізді. Тексерулер нәтижесінде жекелеген ұйымдарда жабдықтың жұмыс істеу бөлігінде кемшіліктер анықталды (дабыл түймелерімен сигнал беру, күзет агенттіктері қызметкерлерінің кәсіби қабілетсіздігі және т.б.). Тексеру

нәтижелерін ІІМ 2023 жылғы 15 желтоқсанда ҚР Үкіметі жанындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында жариялады.

10. Аула/көше ойындарына арналған орындардың, оның ішінде спорттық ұйымдардың қолжетімділігі

ДДСҰ-ның мәліметтері бойынша жасөспірімдердің шамамен 82–85%-ы уақытын отырып өткізеді. Бұл олардың денсаулығы мен интеллектуалдық дамуына кері әсер етеді. Сондықтан балаларды, жасөспірімдерді, жастарды спортқа, салауатты өмір салтына баулу – барлық білім беру ұйымдарының басты міндетінің бірі.

Қазақстанда 2023 жылы спорт секцияларындағы сабақтарды қоса алғанда, балалардың 81,1%-ы, яғни 3,1 млн бала қосымша біліммен қамтылды. Олардың ішінде:

- 1734 мектептен тыс білім беру ұйымдарында – 35,5% (1,1 млн);
- мектеп үйірмелерінде – 45,6% (1,4 млн);
- білім беру, шығармашылық және спорттық іс-шараларға мемлекеттік тапсырыс есебінен – 18,9% (587 мыңнан астам).

2025 жылға қарай мектептегі спорт секцияларының саны 70 мыңға дейін артады. Бұл бір жарым миллионнан астам баланың спортпен айналысуына мүмкіндік береді. Ал 2029 жылға қарай спорттық құрал-жабдықтарды жаңартып, мектептердегі дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымын жаңғырту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 150 және одан да көп оқушысы бар орта білім беру ұйымдарында спорт залдары көбірек салынатын болады.

Дегенмен, ауылдық жерлерде спорт және ойын алаңдары мәселесінде қиындықтар бар. Қала оқушыларымен салыстырғанда ауыл оқушыларына арналған ойын алаңдары аз, жағдай олардың толық әлеуетін ашуға кедергі келтіруі мүмкін.

2023 жылы балалардың 68,9%-ы аула/көше ойындарын өткізуге арналған орындардың, соның ішінде спорттық ғимараттардың қолжетімділігін атап өтті. Бұл өткен есепті кезеңге қарағанда көп (53,5%). Ұлытау (58,6%), Түркістан облыстары (60,2%) мен Шымкент қаласында (60,5%) балаларға ойын және спорт алаңдары азырақ қолжетімді. Ал Алматы (80,7%) мен Астана (75,3%) қалаларының, сондай-ақ Ақмола облысының (75,9%) тұрғындарына көбірек қолжетімді.

2022 жылмен салыстырғанда ең жақсы динамиканы Маңғыстау (2022 жылғы 38,9%-дан 2023 жылы 61%-ға) және

Ақмола (2022 жылғы 52,8%-дан 2023 жылы 75,9%-ға) облыстары, сондай-ақ Алматы қаласы (2022 жылғы 55,1%-дан 2023 жылы 80,7%-ға дейін) көрсетіп отыр.

4.12-кестеде балалардың бос уақытын өткізуге, атап айтқанда аула/көше ойындарына, спорт ғимараттарына қолжетімділігі туралы деректер келтірілген.

4.12-кесте. Аула/көше ойындарына арналған орындардың, оның ішінде спорт ғимараттарының қол жетімділігі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	53,5	68,9	15,4
Абай		63,1	63,1
Ақмола	52,8	75,9	23,1
Ақтөбе	53,1	70,8	17,7
Алматы	51,3	69,7	18,4
Атырау	54,4	64,7	10,3
ШҚО	57,6	65,7	8,1
Жамбыл	52,2	67,2	15,0
Жетісу		64,6	64,6
БҚО	52,8	66,2	13,4
Қарағанды	49,0	67,4	18,4
Қостанай	59,8	67,3	7,5
Қызылорда	63,1	73,5	10,4
Маңғыстау	38,9	61,0	22,1
Павлодар	54,7	71,3	16,6
СҚО	57,8	73,6	15,8
Түркістан	52,2	60,2	8,0
Ұлытау		58,6	58,6
Алматы қ.	55,1	80,7	25,6
Астана қ.	58,2	75,3	17,1
Шымкент қ.	46,2	60,5	14,3

Дереккөз: ҰБДҚ

Бос уақытын қызық әрі пайдалы өткізу мүмкіндігі – баланың және жалпы адамның маңызды қалауларының бірі саналады. Ойын және басқа да белсенді әрекеттер процесінде бала тұлғааралық қарым-қатынасқа түседі, әлеуметтенеді, өзінің жеке және әлеуметтік әрекетінің өрісін кеңейтеді.

11. Автобус аялдамасынан кемінде 15 минут жаяу жүретін жерде тұратын 10–18 жастағы балалардың үлесі

Қоғамдық көліктің үйге жақын жерде болуы жол-көлік оқиғаларының қаупін азайтады және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Аялдамалардың қолжетімділігін зерттеу үшін аялдамадан кемінде 15 минут жаяу жүретін жерде тұратын 10–18 жас аралығындағы балалардың үлесін анықтау үшін ата-аналардан сауалнама алынды.

Сауалнамаға сәйкес осы жастағы балалардың шамамен 67,7%-ы аялдама маңында тұрады. 2022 жылы бұл көрсеткіш 56%-ды көрсетті.

Алматы қаласында (79,6%), Павлодар (74,5), Ақтөбе (74,3%) облыстарында мектеп оқушыларының көбіне аялдама жақын орналасқан.

Ал Шымкентте балалардың 50 пайызы аялдамаға дейін 15 минуттан артық жол жүруге мәжбүр.

4.13-кесте. Автобус аялдамасынан кемінде 15 минут жаяу жүретін жерде тұратын 10–18 жастағы балалардың үлесі, %

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	56,0	67,7	11,7
Абай		62,5	62,5
Ақмола	56	67,6	11,6
Ақтөбе	56	74,3	18,3
Алматы	54	60,9	6,9
Атырау	62	66,7	4,7
ШҚО	34	71,4	37,4
Жамбыл	52	70,8	18,8
Жетісу		62,6	62,6
БҚО	58	74,2	16,2
Қарағанды	76	70,1	-5,9
Қостанай	61	71,8	10,8
Қызылорда	62	54,6	-7,4
Маңғыстау	60	69,3	9,3
Павлодар	38	74,5	36,5
СҚО	47	70,3	23,3
Түркістан	33	63,4	30,4
Ұлытау		56,3	56,3
Алматы қ.	52	79,6	27,6

Өңір	2022	2023	Динамика
Астана қ.	72	62,2	-9,8
Шымкент қ.	86	50,0	-36

Дереккөз: Әлеуметтік сауалнама

Баланың қалада немесе ауылда салыстырмалы жайлылықпен қозғалу мүмкіндігі дер кезінде және қауіпсіз түрде оның тиісті дербестігіне, жауапкершілігіне және кейіннен әлеуметтенуіне ықпал етеді. Адамдарды, соның ішінде балаларды маршруттар бойымен өтетін аялдамалармен қамтамасыз ету қамқорлықтың, қорғаудың, назар аудару мен қажетті әл-ауқаттың көрсеткіші болады. Бұл ретте, белгісіз жерге немесе түнде түсу салдарынан балалардың қауіпті жағдайға тап болу ықтималдығын алдын алу үшін 2023 жылы балаларды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіруге тыйым салу қаралады.

12. 100 мың балаға шаққанда балаларға қатысты қылмыстар саны

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес балалардың ерекше қорғалуына және тиісті көмек алуына ажырамас құқығы бар. Қазақстан Бала құқықтары туралы конвенцияны және басқа да халықаралық шарттарды ратификациялай отырып, балалардың өмірі мен дамуы үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған жаһандық бастамаларға қатысуға өзінің бейілділігін растайды.

2023 жылғы деректерді талдау балаларды қорғаудың оң және алаңдатарлық тенденцияларын анықтады. Бір жағынан, кейбір аймақтарда қылмыстар санының төмендеуі байқалады, бұл алдын алу шараларының тиімділігі артқанын көрсетуі мүмкін. Алайда екінші жағынан, бірқатар салаларда кәметке толмағандарға қатысты қылмыстың өсуі байқалды, бұл үлкен алаңдаушылық туғызады әрі мемлекеттік органдардың көбірек назар аударуын талап етеді.

ҚСЖАЕК деректеріне сәйкес, 2023 жылы елде балаларға қатысты 2452 құқық бұзушылық тіркелді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 22,3%-ға көп, ол кезде 2005 жағдай тіркелген еді. Елдегі құқық бұзушылық деңгейінің жалпы 10,9% төмендегеніне қарамастан (2023 жылы 140 272 жағдай, 2022 жылы 157 473 жағдай), кәметке толмағандарға қатысты қылмыстардың өсуі ерекше алаңдаушылық туғызады.

2023 жылы 100 мың балаға шаққанда балаларға қатысты

құқық бұзушылықтардың ең көп саны Батыс Қазақстан (59,2), Шығыс Қазақстан (58,4) және Қарағанды (58,3) облыстарында тіркелген. Ең төмен көрсеткіштер Түркістан (23), Қызылорда (24) облыстарында және Астана қаласында (26,8).

Алаңдатарлық жайт, 16 өңірде балаларға қатысты құқық бұзушылықтар жағдайы нашарлаған. Қостанай (+73,5%), Ақмола (+46,7%) облыстарында және Шымкент қаласында (+29,5%) едәуір ұлғайғаны тіркелді, бұл шұғыл шараларды қажет етеді. Сонымен қатар, еліміздің төрт өңірінде – Батыс Қазақстан (-16,9%), Қызылорда (-6,5%), Солтүстік Қазақстан (-6,3%) және Түркістан (-2,0%) облыстарында осындай құқық бұзушылықтар санының төмендеуі байқалады.

4.14-кесте. 100 мың балаға шаққанда балаларға қатысты қылмыстар саны

Өңір	2022	2023	Динамика, %
ҚР	34,5	36,1	4,7
Абай	20,2	53,6	164,7
Ақмола	26,8	39,3	46,7
Ақтөбе	29,8	32,6	9,4
Алматы	34,4	42,5	23,5
Атырау	33,8	42,6	26,0
ШҚО	54,5	58,4	7,1
Жамбыл	23,9	28,6	19,8
Жетісу	11,1	29,4	164,6
БҚО	71,2	59,2	-16,9
Қарағанды	53,0	58,3	10,0
Қостанай	22,5	39,0	73,5
Қызылорда	25,7	24,0	-6,5
Маңғыстау	26,6	32,0	20,2
Павлодар	39,4	41,9	6,3
СҚО	51,9	48,7	-6,3
Түркістан	23,4	23,0	-2,0
Ұлытау	21,6	54,6	152,6
Алматы қ.	22,2	28,8	29,4
Астана қ.	21,3	26,8	25,8
Шымкент қ.	26,5	34,3	29,5

Дереккөз: ҚСЖАЕК

Кәмелетке толмағандарға қатысты тіркелген қылмыстар санының өсуі ішкі істер органдарының құқық бұзушылықты тіркеу сипатын өзгертіп, 2023 жылы анықтау сипатына көшуімен

байланысты. Талдау көрсеткендей, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың негізгі себептері ата-аналардың бақылауының болмауы, отбасындағы қолайсыздық, интернет-ресурстар мен бұқаралық ақпарат құралдарының теріс әсері болып отыр.

Осы сын-қатерлерге жауап ретінде қолайсыз отбасылардың алдын алу және оларды бақылау шаралары күшейтілді.

Жасырын қылмыстарды анықтауға және мемлекеттік органдар тарапынан уақытылы әлеуметтік, психологиялық, медициналық және құқықтық көмек көрсетуге бағытталған осындай отбасыларды тексеру жөніндегі іс-қимыл алгоритмі бар әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Осы іс-шаралар аясында полиция қызметкерлері пәтерлерді аралау кезінде өмірлік қиын жағдайға тап болған және қолдауға мұқтаж отбасыларды анықтауға, оның ішінде кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларды анықтауға бағытталады.

Отбасылар анықталған кезде ақпарат дереу қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, сондай-ақ басқа да мүдделі мемлекеттік құрылымдарға беріледі. Еліміздің барлық өңірінде әкімдіктер жанынан ведомствоаралық мобильді топтар құрылды, олардың құрамына Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер, мемлекеттік органдардың өкілдері (әкімдіктер, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, қорғаншылық және қамқоршылық), учаскелік полиция инспекторлары және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар кірді. Бұл топтар жедел әрекет ету үшін құрылған чаттар арқылы өзара тиімді әрекеттесіп, балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, полиция қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмі әзірленді, оған сәйкес полицейлер жақындары тарапынан зорлық-зомбылық туралы хабарламаларды алған кезде зардап шеккендерге қажет көмек көрсету үшін қорғаншылық органдары мен ведомствоаралық мобильді топтарды дереу хабардар етеді.

Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллинг) және кибербуллингке ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі енгізілді. 2023 жылғы желтоқсанда 5 Министрліктің бірлескен бұйрығымен бекітілген әдістеме балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтау кезінде уәкілетті органдардың іс-әрекеттері мен ден қою шараларын реттейді.

Әлеуметтік желілердегі балалардың виртуалды өмірін бақылауға ерекше назар аударылады. 2023 жылы порнография

тарататын 2,9 мыңнан астам сайтты қоса алғанда, заңсыз мазмұны бар 16 мыңнан астам интернет-ресурстар анықталды. Бұл ақпарат кіруді бұғаттау үшін МАМ-ның «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесіне жіберілді (1,9 мыңнан астам ресурс бұғатталған).

13. 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың саны

Кәмелетке толмағандардың өздеріне қарсы қылмыстар да өзекті мәселе саналады. Мұндай қылмыстардың жалпы санының 35%-ы кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар. Айта кету керек, мұндай қылмыстар жасырын, латентті сипатқа ие және олардың алдын алу қиын, өйткені олардың әрқайсы полицияның кіруі шектеулі тұрғын үйлерде жасалады.

Қылмыстардың санын талдау көрсеткендей, 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар саны артты. 2022 жылы осындай 719 қылмыс, 2023 жылы 876 қылмыс тіркелді.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың жалпы санынан:

- кәмелетке толмағандарды зорлау (ҚК 120-бабы) саны 2023 жылы 152-ден 219 жағдайға дейін, яғни 44,1-ға өсті;
- кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері 2023 жылы 172-ден 217-ге дейін, яғни 26,2%-ға өсті (ҚК-нің 121-бабы);
- кәмелетке толмағандарды азғындық жолға түсіру (ҚК 124-бабы) 94-тен 106-ға дейін 12,8%-ға өсті;
- он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚК 122-бабы) 284-тен 310 жағдайға дейін 9,2%-ға ұлғайды;
- жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚК 123-бабы) 4-тен 8-ге дейін, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту фактілері (ҚК 144-бабы) 2-ден 5-ке дейін екі есе өсті;
- 2023 жылы кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тартуға байланысты 5 қылмыс тіркелді (ҚК 134-бабы) (+25%);

• Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту бойынша қылмыстар саны 14,3%-ға төмендеді (ҚК 312-бабы).

4.15-кесте. Жыныстық қол сұғылмаушылыққа қатысты жасалған тіркелген құқық бұзушылықтар туралы ақпарат

Өңірлер	Жас балаларды азғындық жолға түсіру (124-бап)			Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (134-бап)			Кәмелетке толмағандарды зорлық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту (144-бап)		
	2022	2023	%	2022	2023	%	2022	2023	%
ҚР	94	106	12,8	4	5	25,0	2	5	150,0
Абай	1	8	700,0	0	0		0	0	
Ақмола	2	3	50,0	0	0		0	0	
Ақтөбе	7	7	0,0	0	0		0	0	
Алматы	6	5	-16,7	0	0		0	0	
Атырау	5	7	40,0	0	0		0	0	
ШҚО	5	6	20,0	0	0		0	0	
Жамбыл	3	4	33,3	0	1		0	0	
Жетісу	0	3		0	0		0	0	
БҚО	2	4	100,0	1	1	0,0	0	0	
Қарағанды	8	6	-25,0	0	0		0	0	
Қостанай	1	6	500,0	0	2		0	0	
Қызылорда	2	6	200,0	0	0		0	5	
Маңғыстау	15	5	-66,7	0	0		0	0	
Павлодар	7	5	-28,6	0	0		0	0	
СҚО	2	3	50,0	0	0		1	0	-100,0
Түркістан	15	7	-53,3	0	0		0	0	
Ұлытау	1	0	-100,0	0	0		0	0	
Алматы қ.	4	6	50,0	0	0		0	0	
г. Астана	6	3	-50,0	0	0		0	0	
Шымкент қ.	1	8	700,0	3	0	-100,0	1	0	-100,0

Дереккөз: ҚСЖАЕК

4.15-кестенің жалғасы

Өңірлер	Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту (312-бап)			Зорлау (ст.120)			Кәмелетке толмағандарды азғындық жолға түсіру (121-бап)		
	2022	2023	%	2022	2023	%	2022	2023	%
ҚР	7	6	-14,3	152	219	44,1	172	217	26,2
Абай	0	0		6	7	16,7	1	8	700,0
Ақмола	0	0		9	6	-33,3	4	8	100,0
Ақтөбе	0	1		9	11	22,2	6	5	-16,7
Алматы	0	0		24	38	58,3	25	35	40,0

Өңірлер	Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту (312-бап)			Зорлау (ст.120)			Кәмелетке толмағандарды азғындық жолға түсіру (121-бап)		
	2022	2023	%	2022	2023	%	2022	2023	%
Атырау	0	0		3	16	433,3	5	6	20,0
ШҚО	0	0		10	9	-10,0	21	15	-28,6
Жамбыл	0	0		1	12	1 100,0	4	7	75,0
Жетісу	0	0		4	9	125,0	2	5	150,0
БҚО	0	0		7	4	-42,9	7	11	57,1
Қарағанды	0	0		13	21	61,5	29	47	62,1
Қостанай	0	0		2	7	250,0	2	6	200,0
Қызылорда	0	2		3	3	0,0	4	3	-25,0
Маңғыстау	0	0		4	6	50,0	5	3	-40,0
Павлодар	0	0		12	15	25,0	13	8	-38,5
СҚО	1	0	-100,0	7	9	28,6	2	4	100,0
Түркістан	0	1		10	13	30,0	13	20	53,8
Ұлытау	0	0		2	3	50,0	0	3	
Алматы қ.	5	1	-80,0	11	15	36,4	12	5	-58,3
г. Астана	1	1	0,0	6	7	16,7	6	6	0,0
Шымкент қ.	0	0		3	7	133,3	10	11	10,0

4.15-кестенің жалғасы

Өңірлер	Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (122-бап)			Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (123-бап)			Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылықтарына қарсы жасалған қылмыстардың жиынтығы		
	2022	2023	%	2022	2023	%	2022	2023	%
ҚР	284	310	9,2	4	8	100,0	719	876	21,8
Абай	6	16	166,7	0	0		14	39	178,6
Ақмола	18	17	-5,6	0	1		33	35	6,1
Ақтөбе	9	5	-44,4	0	0		31	29	-6,5
Алматы	32	30	-6,3	0	2		87	110	26,4
Атырау	17	14	-17,6	0	0		30	43	43,3
ШҚО	15	16	6,7	0	1		51	47	-7,8
Жамбыл	17	31	82,4	0	0		25	55	120,0
Жетісу	4	15	275,0	0	0		10	32	220,0
БҚО	8	9	12,5	0	0		25	29	16,0
Қарағанды	20	20	0,0	0	0		70	94	34,3
Қостанай	17	13	-23,5	1	0	-100,0	23	34	47,8
Қызылорда	5	4	-20,0	0	1		14	24	71,4
Маңғыстау	11	9	-18,2	0	1		35	24	-31,4
Павлодар	4	3	-25,0	0	0		36	31	-13,9
СҚО	20	11	-45,0	0	0		33	27	-18,2
Түркістан	25	20	-20,0	0	0		63	61	-3,2

Өңірлер	Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (122-бап)			Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (123-бап)			Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылықтарына қарсы жасалған қылмыстардың жиынтығы		
	2022	2023	%	2022	2023	%	2022	2023	%
Ұлытау	4	10	150,0	0	1		7	17	142,9
Алматы қ.	19	24	26,3	2	0	-100,0	53	51	-3,8
г. Астана	21	25	19,0	0	0		40	42	5,0
Шымкент қ.	11	15	36,4	1	0	-100,0	30	41	36,7

Дереккөз: ҚСЖАЕК ГП

2023 жылы 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың ең көп саны Қарағанды (29,6), Шығыс Қазақстан (25,7) және Ұлытау облыстарында (22,6) тіркелді. Ең аз саны Түркістан (6,6), Қызылорда (7,2) және Маңғыстау (7,4) облыстарында.

Қылмыстардың төмендеуінің оң динамикасы Ақмола (-52,6%), Маңғыстау (-32,9%) және Солтүстік Қазақстан (-17,2%) облыстарында байқалады. Ал еліміздің 12 өңірінде өсім тіркелді.

4.16-кесте. Өңірлер бойынша 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың саны

Өңір	2022	2023	Динамика
ҚР	10,7	12,9	20,5
Абай	14,0	20,7	47,8
Ақмола	33,0	15,6	-52,6
Ақтөбе	9,5	8,8	-7,4
Алматы	16,2	20,0	23,6
Атырау	11,2	15,8	41,2
ШҚО	27,7	25,7	-7,5
Жамбыл	5,4	11,8	118,8
Жетісу	4,1	13,1	218,5
БҚО	11,6	13,4	15,1
Қарағанды	22,0	29,6	34,4
Қостанай	11,0	16,4	49,0
Қызылорда	4,3	7,2	69,4
Маңғыстау	11,0	7,4	-32,9
Павлодар	17,5	15,1	-13,7
СҚО	25,6	21,2	-17,2
Түркістан	6,9	6,6	-4,3

Өңір	2022	2023	Динамика
Ұлытау	9,4	22,6	141,4
Алматы қ.	8,2	7,8	-5,1
Астана қ.	9,0	9,2	1,8
Шымкент қ.	6,2	8,4	34,7

Дереккөз: ҚСЖАЕК

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар балаларды қорғау саласындағы ең өткір және шешілмейтін мәселелердің бірі болып қалуын жалғастырып келеді. Құқық қорғау органдарының күш-жігері мен алдын алу шараларына қарамастан, 2023 жылғы деректер мұндай қылмыстардың 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өскенін көрсетеді.

Еліміздің 12 өңірінде қылмыстар санының өсуі балаларға бағытталған қылмыстарды ерте анықтау және алдын алу тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ олардың орындалуына бақылауды күшейту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажеттігін көрсетеді.

Осылайша балалардың құқықтарын бұзу фактілерін ерте анықтау мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдың қазан айында Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы ашылды. Сенім телефоны 16 қазаннан бастап қоңырауларды қабылдай бастады, ол тәулік бойы жұмыс істейді. Қазақстанның барлық ұялы байланыс операторларынан қоңырау шалу тегін.

Қиын жағдайдағы адамдарға көмек көрсету үшін білікті психологтар, заңгерлер тартылды. Операторлар жеке тәсілмен, қажет мемлекеттік органдар мен қызметтердің барлығын бір мезгілде қоса отырып кешенді көмек көрсетеді.

Балалар түрлі психологиялық және эмоционалдық мәселелерді, депрессия және мазасыздық мәселелерін шешуде көмек қабылдап, достық пен қарым-қатынас туралы кеңестер алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қыркүйектегі № 929 қаулысына өзгерістер енгізіліп, 111 нөмірі байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін қосылуы тегін болып табылатын шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт, авария және басқа да қызметтердің тізбесіне енгізілді.

14. 14–17 жастағы 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен болған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны

Жалпы алғанда, кейінгі 5 жылда мемлекет пен азаматтық қоғам институттары қабылдаған шаралар жасөспірімдер қылмысының тұрақты төмендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2018 жылдан бастап мұндай қылмыстардың саны 2 есеге жуық азайды (2018 жылғы 2,9 мыңнан 2022 жылы 1,7 мыңға дейін).

Алайда 2023 жыл ішінде жасөспірімдер қылмысының 11%-ға өсуі байқалды, бұл қылмыстар санының 2022 жылғы 1 735-тен 2023 жылы 1 925-ке дейін өсуінен көрінеді.

Қылмыстардың барлық санаттары бойынша өсім байқалады: ауырлығы төмен қылмыстар 15,2%-ға (171-ден 197 жағдайға дейін), ауырлығы орташа қылмыстар 6,5%-ға (644-тен 686 жағдайға дейін), ауыр қылмыстар 13,5%-ға (766-дан 870 жағдайға дейін), ал аса ауыр қылмыстар 97,2%-ға өсті (37-ден 73 жағдайға дейін).

2022 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде 3,4 мыңнан астам кәмелетке толмаған бала қылмыстық жауапкершілікке тартылып, бұл 15,3%-ға ұлғайды (2022 жылғы 1 581-ден 2023 жылы 1 823-ке дейін). Қылмыстық белсенділік 16-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында жиі кездеседі (2022 жылы – 1 285, 2023 жылы – 1 466). 14-15 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 2023 жылы 357 қылмыс жасалды (2022 жылы – 296).

Жасөспірімдер жасаған қылмыстардың негізгі түрлеріне ұрлық, тонау, бұзақылық, алаяқтық, есірткі қылмыстары және жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар жатады. Әсіресе алаяқтық пен есірткі қылмысына қатысы бар жасөспірімдер санының айтарлықтай өсуі алаңдатады. Бұл өсудің себептерінің бірі – тәуекел тобындағы кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуы, сондай-ақ олардың сабақтан тыс уақытта шұғылданатын ісінің болмауы.

Қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың жалпы санының 40%-ын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері құрайды.

2023 жылы сотталған жасөспірімдер саны 34%-ға артып, 532 адамға жетті (2022 жылы – 397). Бұл ретте сотталған жасөспірімдердің 78%-ы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп танылды (532-ден 416-сы).

Кісі өлтіру (ҚК 99-бабы – 11 жағдай), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚК 106-бабы – 61 жағдай), жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚК 121-бабы – 15 жағдай), тонау (ҚК 191-бабы – 66 жағдай), қарақшылық (ҚК 192-бабы – 9 жағдай), бұзақылық (ҚК 293-бабы – 17 жағдай) және есірткілік заттармен заңсыз жұмыс істеу (ҚК 296-бабы – 9 жағдай) сияқты қылмыстар үшін сотталған жасөспірімдер санының өсуіне ерекше назар аудару қажет. Нақты бас бостандығынан айыруға сотталған жасөспірімдер саны 38,3%-ға өсті (73 жағдайдан 101 жағдайға дейін).

ҚСЖАЕК деректеріне сәйкес, 2023 жылы 100 мың балаға шаққандағы балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың ең көп саны Батыс Қазақстан облысында (58,7), Астана қаласында (51,1) және Шығыс Қазақстан (42,6) облысында тіркелген. Ең төмен көрсеткіштер Жетісу (10,2), Түркістан (16,5) және Павлодар (16,6) облыстарында байқалады.

Жаңа үш өңірден басқа Қызылорда (+76,8%), Солтүстік Қазақстан (+74,4%) облыстарында және Астана қаласында (+58,7%) балалар қылмысы фактілерінің едәуір ұлғаюы тіркелді. Сонымен қатар, еліміздің он өңірінде мұндай құқық бұзушылықтар санының төмендеуі байқалады. Мысалы, Шығыс Қазақстан (-43,7%), Алматы (-32,8%), Жамбыл (-31,5%) облыстарында көрсеткіш төмендеген.

4.17-кесте. 14–17 жастағы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен болған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны

Өңір	2022	2023	Динамика,%
ҚР	25,8	28,4	9,8
Абай	6,4	29,7	367,6
Ақмола	35,7	25,0	-29,8
Ақтөбе	25,2	39,0	54,5
Алматы	30,3	20,4	-32,8
Атырау	29,5	29,4	-0,3
ШҚО	75,6	42,6	-43,7
Жамбыл	29,2	20,0	-31,5
Жетісу	3,7	10,2	176,5
БҚО	44,7	58,7	31,3
Қарағанды	32,7	29,0	-11,4
Қостанай	33,0	28,9	-12,4

Өңір	2022	2023	Динамика,%
Қызылорда	11,5	20,4	76,8
Маңғыстау	23,9	20,6	-13,8
Павлодар	18,9	16,6	-12,6
СҚО	22,5	39,2	74,4
Түркістан	16,9	16,5	-2,4
Ұлытау	1,3	20,0	1 390,7
Алматы қ.	28,6	37,2	30,0
Астана қ.	32,2	51,1	58,7
Шымкент қ.	18,6	27,1	45,6

Дереккөз: ҚСЖАЕК

Сонымен қатар, Жасөспірімдер арасындағы қылмыс деңгейін төмендетуге бағытталған мынадай кешенді шаралар қабылданды:

- Үкімет Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарды бекітті. Бұл ведомствоаралық құжат, оның қысқа мерзімді және орта мерзімді 53 шарасын іске асыруға 8 орталық мемлекеттік орган енгізілген.

- Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге(буллингке), кибурбеллингке ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету жөніндегі әдістеме құрастырылып, бекітілді

- ҰББД шеңберінде балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың амандығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша әрбір білім беру ұйымындағы жағдайға (буллинг фактілері, отбасындағы әлеуметтік әл-ауқат, балалардың психоэмоционалды жағдайының төмендігі) талдауды қамтитын Интерактивті тәуекелдер картасы әзірленді.

- Жасөспірімдер ортасында буллингті жоюға бағытталған KiVa буллингке қарсы бағдарламасы енгізіліп жатыр. Бағдарламаның артықшылығы – профилактикаға баса назар аудару, бұл оқиға болған соң әрекет еткенге қарағанда анағұрлым нәтижелі.

- Мектепішілік есепке алуды жүргізу тәртібі реттелді, оның жаңа моделі баланы қиын жағдайдан шығарудың жеке жоспары бойынша баланы кешенді сүйемелдеуге мүмкіндік береді.

- Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі 235 комиссияның жұмысы трансформацияланып, медициналық-әлеуметтік есепке алу тетігін енгізу есебінен отбасылық қолайсыздықты ерте анықтауға жұмыс екпіні ауысты.

• Өңірлік психологиялық қолдау орталықтарын дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл балалардың кәсіби психологиялық көмекке қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

• 2023 жылы «Global Kids Online» ауқымды халықаралық зерттеуі жүргізілді, ол балалардың интернетті қалай пайдаланатынын, қандай тәуекелдерге тап болатынын және олардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ету керектігін түсінуге мүмкіндік берді.

15. «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша балалардың хал ахуалы индексінің қорытындылары

Бұл бөлім балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ресурстар мен қызметтерге қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік беретін балалардың хал-ахуалының өсуін көздеді.

Балалардың өмір сүру сапасын бағалау үшін «Елдің әл-ауқаты» индикаторының негізгі критерийлері саналатын 14 көрсеткіш қолданылады. Бұл көрсеткіштерге мыналар жатады:

- жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім;
- жұмыссыздық деңгейі;
- ауаның сапасы;
- су ресурстарының сапасының деңгейі;
- қатты жабындалған жолдардың үлесі;
- аула/көше ойындарын өткізуге арналған орындардың, соның ішінде спорттық ғимараттардың болуы;
- канализациямен қамтамасыз ету;
- ауыз судың сапасы;
- апатты мектептердің үлесі;
- балаларға қарсы жасалған және балалар жасаған қылмыстардың саны және т. б.

Бюджет шығыстары балалардың қажеттіліктеріне және олардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін облыстың барлық субъектілерінің экономикалық даму деңгейі мен қызмет нәтижелері бағаланған.

Балалардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін амалдар, сондай-ақ олардың өмірлік белсенділігін қолдауға бағытталған факторлар әзірленіп жатыр.

Білім алушылардың физикалық және эмоционалдық дамуы үшін қауіпсіз және жайлы оқу кеңістіктері жасалған. Оқу процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін және табысты оқу жетістіктеріне

ықпал ететін инфрақұрылымдық жайлылыққа көп көңіл бөлінеді.

Мемлекет жаңа мектептер салуға, оларды жөндеуге, жаңғыртуға қомақты қаражат бөліп отыр. Тозығы жеткен мектептер проблемасы ескі ғимараттарды жаңғырту және қайта құрылымдау, сондай-ақ жаңаларын салу арқылы шешіледі.

Балалардың өмір сүруіне қолайлы және жайлы орта жасалып жатыр. Қауіпсіздік жүйелерінің жұмысын тұрақты түрде қадағалау мен бағалау енгізіліп, жүйелерді жетілдіру тетіктері жасалды.


«Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша көрсеткіштің мәні 2023 жылы 58,6 баллды (2022 жылы – 64,7 балл) құрады.

Есепті жылы 10 өңірде «Ел әл-ауқаты» индикаторының мәні республикалық орташа мән – 58,6 баллдан жоғары болды. Мұндай өңірлерге мыналар жатады:

- Павлодар облысы (69,5);
- Атырау облысы (65,6);
- Жамбыл облысы (64,9);
- Ақтөбе облысы (64,6);
- Ақмола облысы (64,4);
- Қарағанды облысы (60,5);
- Маңғыстау облысы (60,2);
- Астана қаласы (69,5);
- Алматы қаласы (69,5).

2023 жылы ең жоғары деңгей Павлодар облысында – 69,5, ең төмені Қостанай облысында – 50,2 балл тіркелді.

Диаграмма 4.5. «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша балалардың хал-ахуал индексінің өңірлер бойынша нәтижелері, 2023 жыл



Көптеген өңірде балалардың әл-ауқатының жағдайы орташа деп бағаланады: барлық өңір «сары» аймақта.

Төртінші бағыттағы индикаторлардың барлығыны бағалау нәтижелері бойынша балалардың хал-ахуалының орташа деңгейі ықтимал 100 балдың 58,6 балын құрайды. Осы мәліметтер негізінде балалардың хал-ахуал индексін жақсарту бойынша жұмыс жалғасады.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Қорытындылар:

1. 2023 жылы «жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, мың теңге» индикаторы бойынша оң динамика қалыптасты, жалпы республикалық мәнде өсім 369,3 мың теңгені құрады. Елдің экономикалық дамуы үшін аймақтардың динамикасы мен әлеуметтік-экономикалық әлеуетін бағалауда заманауи көрсеткіштерді қолдану ұсынылады. Бұл аумақтардың дамуын дәлірек талдауға және тиімді басқару мен жоспарлауға негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

2. Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша есептелген Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 2023 жылы 4,7%-ды құрады. 15 жастан асқан халықты жұмыспен қамту деңгейі 65,1%-ға жетті. Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген 46,5 мың адам жүгінді. Жалпы алғанда, жұмысқа орналастыру бойынша 67,5 мың түрлі шаралар көрсетілді. Оның ішінде 1,5 мың адам кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға көмек алды, ал 0,7 мың адам қоғамдық жұмыстарға қатысты.

3. Еліміздегі барлық мектеп (99,9%) оқушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Бұл көрсеткіш 73,4%-ды құрайтын Абай облысы ерекше жағдай қатарына жатады.

4. ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2023 жылы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 2 257,5 мың тоннаны құрады. Шығарындылар деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 2,47%-ға төмендеді. Урбанизация деңгейі мен халық тығыздығының артуына байланысты таза ауамен қамтамасыз ету мәселесі күрделене түседі.

5. Автомобиль жолдарының құрылысы халықтың өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсартуға

ықпал етеді. 2023 жылы жалпы пайдаланымдағы қатты жабындалған жолдардың үлесі 90%-ды құрады. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш жақсарған (2022 жылы – 87%). Бірқатар аудандарда, әсіресе ауылдық жерлерде қатты жабынмен қапталған жолдардың төмен пайызы басым. Жолдардың қатты жабындалуына байланысты проблемалар Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Атырау, Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстары сияқты өңірлерге тән.

6. Қазақстанның кейбір өңірінде апатты мектептер мәселесі бар. Оны шешу үшін ескі ғимараттарды жаңарту және қайта құрылымдау, сондай-ақ жаңаларын салу қажет. 60–70 жыл бұрын немесе одан да көп уақыт бұрын салынған көптеген мектептің жағдайы қанағаттанарлықсыз және қазіргі заманғы қауіпсіздік стандарттары мен білім беру қажеттіліктерін жабуы үшін айтарлықтай жөндеу немесе қайта құрылымдауды қажет етеді.

7. Қазақстан мектептерінің барлығы дерлік бейнебақылау жүйелерімен (99,8%) жабдықталған, алайда камералардың тек 70%-ы жедел басқару орталықтарына (ЖБО), ал 71%-ы азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесіне (АҚҚЖ) қосылған. Бүгінгі таңда балалардың денсаулығы мен өміріне қауіп-қатер деңгейі әлі де сақталып отыр. Балаларға жайлы және мейірімді ортаны құруға байланысты проблемалар өткір күйінде қалып отыр.

8. Ата-аналардан алынған сауалнамалар аясында автобус аялдамасынан 15 минуттан аз қашықта тұратын 10–18 жас аралығындағы балалардың үлесін анықтау мақсатында зерттеу жасалды. Елде балалардың шамамен 32,3%-ы аялдамаларға жету үшін 15 минуттан артық жүруге мәжбүр. Балаларға қызмет көрсетушілерді қоса алғанда, маршрут аялдамаларын ұйымдастыру халықтың қажеттіліктеріне назар аудару, қамқорлық таныту мен қорғаудың және сондай-ақ қажет әл-ауқат деңгейінің маңызды көрсеткіші деуге болады.

9. ҚСЖАЕК деректеріне сәйкес, 2023 жылы елде балаларға қатысты 2452 құқық бұзушылық тіркеліп, көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 22,3%-ға өсті, бұл кезде 2005 жағдай тіркелген еді. Сонымен бірге 2023 жыл көлемінде жасөспірімдер қылмысының 11%-ға өсуі байқалды, бұл қылмыстар санының 2022 жылғы 1 735-тен 2023 жылы 1 925-ке дейін өсуінен көрініс тапты.

Ұсыныстар:

1. Ұлттық экономика министрлігі бүкіл ел бойынша әл-

ауқаттың біркелкі бөлінуін қамтамасыз ету үшін дамуы төмен аймақтардағы экономикалық өсуді қолдау мен ынталандырудың кешенді тәсілін қайта қарауы керек, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға бір салаға тәуелділікті азайту мен өңірдің тұрақтылығын арттыру үшін экономиканы әртараптандыру шараларын стратегияларға енгізу ұсынылады.

2. Балалары бар отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге көбірек көңіл бөлу керек. Жұмысқа орналастыру, тұрмыстық мәселелерді шешу, сондай-ақ медициналық-психологиялық қызметтерді алу бойынша кешенді көмек көрсету қажет.

3. 2023 жылы еліміздің кәсіпорындары барлық стационарлық көздерден шыққан шығарындылардың жалпы көлемінен ластаушы заттардың 93,4%-ын кәдеге жаратып, бейтараптандырды. Экологиялық қауіпсіздік пен халықтың денсаулығын сақтау талаптарын қатаң сақтауды жалғастыру маңызды. Табиғатты қорғауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларға назар аудару қажет.

4. Таза және функционалды санитарлық-гигиеналық құралдарға қол жетімділікті кеңейту керек. Сумен жабдықтауға және су тартуға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға назар аудару маңызды. Қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қатаң санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтер әзірленіп, қолданысқа енгізілген. Балалардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылған тұрғын үй қорын жақсарту мәселесін қарастыру маңызсыз емес.

5. Мемлекет жаңа мектептер салу, оларды жөндеу және жаңғырту үшін қомақты қаражат салып келеді. Мектеп нысандарының инфрақұрылымы білім беру нәтижелеріне әсер ететін маңызды фактор ретінде белгілі. Апатты және үш ауысымды мектептерді қысқарту үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

6. Техникалық инфрақұрылымды пысықтауға қажет ресурстарды бөле отырып, қолданыстағы бейнебақылау жүйелерін ЖБО және АҚҚЖ-мен интеграциялауды жеделдету қажет. Әкімдіктер қауіпсіздік жүйелерінің жұмысына тұрақты мониторинг пен бағалауды енгізіп, мектептерден қауіпсіздік жүйелерін жақсарту бойынша пікірлер мен ұсыныстар жинау тетіктерін құруы керек.

7. Кейінгі екі жылда балалардың құқықтарын қорғау

жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды заңнамалық актілер қабылданды. Дегенмен балалардың өздеріне қатысты жасалған құқық бұзушылықтардың ағымдағы статистикасын ескере отырып, балалық шақты тиімдірек қорғау үшін қосымша шаралар қабылдау қажет. Елдегі қылмыстардың көбеюі балаларға қарсы қылмыстарды ерте анықтау және алдын алу тетіктерін жақсарту, сонымен бірге олардың орындалуын бақылауды күшейту бойынша жұмысты жалғастырудың маңыздылығын көрсетеді.



**5-ТАРАУ.
ҚР БАЛАЛАРЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН,
БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН
ҚОРҒАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

5-ТАРАУ. ҚР БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Халық, оның пікірі, оның еркі – заңның ең жоғары санкциясы.

Әлихан Бөкейханов

Қазақстанның өсіп-өркендеуінің негізі – оның аумағында өмір сүретін әрбір баланың бостандықтарын қорғау мен құқықтарын қамтамасыз ету деп айтуға болады.

Елімізде балалардың құқықтарын іске асыру үшін жеткілікті қолайлы орта қалыптасқан.

Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы үнемі жетілдіріліп, балалар құқықтарын қорғау саласындағы жаңа талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес бейімделіп келеді.

Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасы ҚР Конституциясының, БҰҰ ның Бала құқықтары туралы конвенциясының, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы» ҚР Заңдарының және басқа да нормативтік құқықтық құжаттардың ережелеріне негізделеді.



- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы»

ҚР Кодексі

- «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексі
- ҚР Әлеуметтік кодексі
- ҚР Қылмыстық кодексі

• «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы

- «Білім туралы» ҚР Заңы
- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңы
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР

Заңы

- «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы
- «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» ҚР Заңы
- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы
- «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР Заңы

• «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» ҚР Заңы

• «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңы

• «Балаларды қорғау және шетелдік асырап алу саласындағы ынтымақтастық туралы конвенцияны бекіту туралы» ҚР Заңы

• «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы

• «Кәмелетке бұзушылықтардың толмағандар профилактикасы арасындағы мен құқық балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңы

• «Балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында балалардың ерекше қамқорлық пен көмекке құқығы бар екені айқындалған. Бала құқықтары туралы конвенцияға қол қоя отырып, БҰҰ-ның балалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және қорғау саласындағы негізгі құжаттарына қосыла отырып, Қазақстан Республикасы балалардың өмір сүруі үшін жайлы және қолайлы ортаны қалыптастыруға қатысуға ниетін білдірді.

Қазақстанда халықаралық құқықтық құжаттардың ережелері ұлттық құқықтық жүйеге интеграциялау арқылы белсенді түрде енгізіліп, қолданылып жатыр. Адам құқықтарына қатысты 60-тан астам халықаралық құжат ратификацияланған, оның ішінде 16-сы балалар құқықтарын қорғауға бағытталған.



ҚР ратификациялаған:

- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы
- Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция
 - Балаларды сату, балалар жезөкшелігі және балалар порнографиясына қатысты факультативтік хаттама
 - Балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуына қатысты факультативтік хаттама
 - Хабарлама рәсіміне қатысты факультативтік хаттама
 - Адам саудасымен және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануымен күрес туралы конвенция
 - Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт
 - Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт
 - Балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы ХЕҰ конвенциясы
 - Ана болуды қорғау туралы ХЕҰ конвенциясы
 - Адам саудасының, әсіресе әйелдер мен балалар саудасының алдын алу және жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама
 - Балаларды қорғау және шетелдік асырап алу саласындағы ынтымақтастық туралы конвенция
 - Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенция
 - Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция
 - «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» конвенция
 - «Балаларға алимент өндіріп алудың және отбасын асыраудың басқа да нысандарының халықаралық тәртібі туралы конвенция және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттама».

2023 жылы Балалардың құқықтарын қорғау саласында мынадай нормативтік құқықтық актілер қабылданды:

Кодекстер:

Қазақстанда алғаш рет Әлеуметтік кодекс қабылданды. Кодексте азаматтарды әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету саласын реттейтін нормалар белгіленді. Туғаннан кәмелет жасқа толғанға дейін әлеуметтік қолдау, еңбекке жарамды жастағы адамдарды жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру шаралары, өмірде қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсету, сондай-ақ егде жастағы адамдарға жәрдемдесудің барлығы енді бір құжатпен реттеледі.

Әлеуметтік кодекстің негізгі жаңалықтарының бірі – Отбасының цифрлық картасы. Бұл ҚР-дағы отбасылардың жеке деректер базасы. Ол мемлекеттік органдардың заманауи ақпараттық жүйелері негізінде жасалады және мемлекеттік қолдауды проактивті форматта көрсетуге мүмкіндік береді. Яғни, ақпараттық жүйелерде бар отбасының әлеуметтік мәртебесі мен әл-ауқат деңгейі туралы деректер негізінде азаматтарға өзіне тиесілі әлеуметтік көмек пен қолдау шаралары туралы СМС-хабарламалар жіберіледі.

Заңдар:

Қазақстан үшінші Факультативтік хаттаманы ратификациялай отырып, балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытында тағы бір маңызды қадам жасады.

Осы Заңды қабылдау арқылы еліміз «Бала құқықтары туралы конвенцияның» барлық (үш) факультативтік хаттамаларына толық қосылды және әрбір қазақстандық бала өз құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауға мүмкіндік алды.

Хаттаманы ратификациялау балалар құқықтарының бұзылуы туралы шағымдармен БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетіне жүгінуге мүмкіндік береді. Аталған Заң балалардың мүдделерін қорғау механизмдерін жетілдіру үшін қосымша құқықтық негіз бола алады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға қаражат есептеу, оны төлеу және пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде қабылданды.

Заң 16 заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді: атап айтқанда Қазақстан Республикасының 6

Кодексіне (Азаматтық, Бюджет, Әлеуметтік, Қылмыстық процестік, Азаматтық процестік және Неке және отбасы туралы) және Қазақстан Республикасының 10 Заңына (Банктер және банк қызметі туралы, Тұрғын үй қатынастары туралы, Бала құқықтары туралы, Тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы, Білім туралы, Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы, Рұқсаттар және хабарламалар туралы, Төлемдер және төлем жүйелері туралы және Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы).

Заң Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалардың 18 жасқа толғанға дейінгі арнайы жинақтау шоттарына аударуды көздейді. Осы жинақтардың арқасында балалар кәмелетке толған кезде тұрғын үй жағдайын жақсартып немесе білім ала алады. Бала 18 жасқа толғанға дейін есептелген қаражат Ұлттық қорда болады және Ұлттық банк қаржы құралдарына инвестициялауды жалғастырады.

Өкімдер мен қаулылар:

1. «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 09.03.2023ж № 189 қаулысы.

2. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 19.03.2023ж № 205 қаулысы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 01.07.2023ж № 534 қаулысы.

4. «Ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымында жүрген кәмелетке толмағандарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 11.07.2023ж № 549 қаулысы.

5. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 13.07.2023ж № 562 қаулысы.

6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 28.07.2023ж № 621 қаулысы.

7. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы.

8. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 759 қаулысы.

9. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 775 қаулысы.

10. «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қазандағы № 957 қаулысы.

11. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10 қарашадағы № 993 қаулысы.

12. «Балаларды сауықтыру және олардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін дамыту жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 191-ө екімі.

Бұйрықтар:

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 177 бұйрығы.

2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 8 бұйрығы.

3. «Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 7 бірлескен бұйрығы.

4. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы.

5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 164 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2023 жылғы 30 қаңтардағы № 21 бұйрығы.

6. «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы.

7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 197 бұйрығы.

8. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

9. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 бұйрығы.

10. «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 88 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 248 бұйрығы.

11. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 95 бұйрығы.

12. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 208 бұйрығы.

13. «Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқуға ата-ана төлемақысының

шекті мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 29 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 245 бұйрығы

14. «Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 103 бұйрығы.

15. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 27 маусымдағы № 183 бұйрығы.

16. «Ұлттық білім беру дерекқоры» ақпараттық жүйесіндегі «Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамаларды берудің, кезектілік пен есепке алудың бірыңғай базасы» арқылы «Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою» және «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметтерін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 351 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 591/НҚ бірлескен бұйрығы.

17. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 181 бұйрығы.

18. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы.

19. «Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 150 бұйрығы.

20. «Білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 209 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 151 бұйрығы.

21. «Баланы қабылдайтын отбасы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 қазандағы № 597 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 160 бұйрығы.

22. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 303 бұйрығы.

23. «Білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 165 бұйрығы.

24. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 75 бұйрығы.

25. «Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін жалдауға (қосымша жалдауға) берудің үлгі шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 184 бұйрығы

26. «Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 185 бұйрығы.

27. «Балалар ауылының пәтер үлгісіндегі тұрғын үй-жайлар, әкімшілік ғимараттар мен отбасылардың тұруына арналған құрылысжайлар, сондай-ақ үй іргесіндегі және қосалқы (үй) шаруашылық орналасқан оқшауланған аумағы болады, оның ең аз мөлшерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 187 бұйрығы.

28. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 95 бұйрығы.

29. «Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 150 бұйрығы.

30. «Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 123, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 271 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 190 бірлескен бұйрығы.

31. «Мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай және кешкі оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 196 бұйрығы.

32. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту

министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы.

33. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 497 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 210 бұйрығы.

34. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрығы

35. «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 599 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 235 бұйрығы.

36. «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу

ағарту министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 236 бұйрығы.

37. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 237 бұйрығы.

38. «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 244 бұйрығы.

39. «Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқуға ата-ана төлемақысының шекті мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 29 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 245 бұйрығы.

40. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 271 бұйрығы.

41. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы.

42. «Он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі балалар мен жастарды патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 275 бұйрығы.

43. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26

қазандағы № 323 бұйрығы.

44. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 қарашадағы № 339 бұйрығы.



**6-ТАРАУ.
БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-
АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ МӘНІ**

6-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ МӘНІ

Балаларды қорғау мен дамыту – қоғамның гүлденуі мен прогресивті дамуына негіз болады. Бұл принциптер БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясында бекітіліп, қатысушы мемлекеттердің балалардың әл-ауқаты үшін олардың қамқорлығы мен қорғалуын қамтамасыз ету міндеттемелерін айқындайды.

Конвенцияның 3-бабына сәйкес қатысушы мемлекеттер балаларға олардың хал-ахуалы үшін қажетті қамқорлық пен қорғау шараларын ата-ананың, қамқоршылардың немесе бала үшін заң бойынша жауапты болатын басқа адамдардың құқықтары мен міндеттерін ескере отырып қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасында әрбір адамның лайықты өмір сүру жағдайларын және еркін дамуын қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың негізгі мақсатының бірі. Негізгі басымдықтар болып саналатын балалардың хал-ахуалына да ерекше назар аударылады. Ол денсаулық пен білім берудің дәстүрлі көрсеткіштерімен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар отбасылық ортаны, әлеуметтік және экономикалық жағдайларды, мемлекеттік саясатты және жалпы елдің әл-ауқатын қоса алғанда, көптеген факторларды қамтиды.

Индекске 56 индикатор кіреді, оның 35-і статистикалық мәліметтерге, ал 21-і сауалнама нәтижелеріне негізделген.

Бағалау әдістемесіне сәйкес өңірлер балалардың әл-ауқатының деңгейі бойынша үш топқа бөлінеді: жоғары деңгей (75-100 балл), орташа деңгей (50-74 балл) және төмен деңгей (0-49 балл). 2023 жылы Қазақстанның барлық өңірі балалардың әл-ауқатының орташа деңгейі бар топқа жатқызылды.

Индекстің орташа республикалық мәнін былтырғы өлшем нәтижесімен салыстырмалы талдау көрсеткіштің 0,8 балға өскенін көрсетеді (2022 ж. – 55,3 балл, 2023 ж. – 56,1 балл).

Диаграмма 6.1. 2023 жылғы балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелері

Индекс 2023 жыл  **56,1**

Өңірлер



Бала
54,3



Отбасы және қоғам
55,1



Мемлекеттік саясат
56,4



Елдің әл-ауқаты
58,6


2023 жылы балалардың хал-ахуалы индексінің ең жоғары деңгейі Павлодар облысында тіркеліп, 63,3 баллға жетті. Бұл нәтиже өткен жылмен салыстырғанда индекстің 1,4 баллға өскенін көрсетіп, өңірдегі оң динамикадан хабар береді. Павлодар облысы балалардың өмір сүруі мен даму жағдайларын жақсарту бағытында сенімді қадамдар жасауды жалғастырып келеді.

Сонымен қатар, индекстің ең төменгі көрсеткіші Абай облысында тіркелді, бұл өңірдегі мән 50,2 баллды құрады, мұндай нәтиже өңірді балалардың әл-ауқатының сыни деңгейлеріне дабыл қағатын «қызыл аймаққа» түсу шегіне қояды. Өткен жылмен салыстырғанда Абай облысында индекстің 2,1 баллға төмендегені ерекше алаңдаушылық туғызады, бұл осы өңірдегі жағдайды жақсарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Балалардың әл-ауқаты индексінің өсуі елдің он аймағында тіркелді, онда көрсеткіштердің жақсаруы 0,7-ден 6,5 балға дейін құбылады. Ең үлкен өсімді Астана қаласы көрсетті, мұнда индекс бірден 6,5 балға көтерілген, бұл елордадағы балалардың жағдайы айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді.

Дегенмен оң өзгерістермен қатар, еліміздің он өңірінде балалардың хал-ахуал индексі көрсеткіштерінің төмендеуі көрініс тапты. Әсіресе Ақтөбе облысында төмендеу байқалды, онда 2022 жылмен салыстырғанда индекс 3,9 баллға төмендеген. Бұл болашақта көрсеткіштердің одан әрі нашарлауын болдырмас үшін мұқият назар аударуды және талдауды қажет етеді.

Диаграмма 6.2. 2022 жылмен салыстырғанда өңірлер бойынша балалардың хал-ахуал индексі



Индекстің әр бағыт бойынша қорытынды мәннен стандартты ауытқуы 2,89 балды құрады, бұл аймақтар арасындағы салыстырмалы түрде төмен вариацияны көрсеткенімен, айырмашылықтар әлі де бар.

Бағыттар арасында ең үлкен тұрақтылықты «Бала» бағыты көрсетеді, мұнда мәндердің айырмашылығы салыстырмалы түрде аз (49,9-дан 64,0 баллға дейін).

Өңірлер арасындағы ең үлкен айырмашылық «Отбасы және қоғам» бағытының нәтижелерінен көрініс тапты, мұндағы ең төменгі мән 46,6 балл болса, ең жоғары мәні 67,6 баллды құрайды. Мұндай нәтиже өңірлер арасындағы әлеуметтік қолдау мен отбасылық саясаттағы айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетеді.

«Мемлекеттік саясат» бағыты да жоғары вариативтілік көрсетеді, бұл бірқатар өңірлерде мемлекеттік шараларды күшейту қажеттігін аңғартады.

«Елдің әл-ауқаты» барлық бағыттар бойынша ең жоғары орташа көрсеткіштерді көрсетеді, бұдан балалардың жалпы әл-ауқатындағы экономикалық факторлардың маңызды рөлін байқауға болады.

Талдау көрсеткендей, Қазақстандағы балалардың әл-ауқаты көбінесе тиімді мемлекеттік саясаттың, әлеуметтік қолдаудың және өңірдің экономикалық даму деңгейінің үйлесуіне байланысты. Көрсеткіштері жоғары өңірлер барлық бағыттар бойынша теңгерімді дамуды көрсетеді, ал артта қалған өңірлер балалардың жағдайын жақсарту үшін мақсатты бағдарламаларды қажет етеді.

6.1-кесте. 2023 жылғы балалардың хал-ахуалы индексінің бағыттары

Өңір	«Бала» 2023	«Отбасы және қоғам» 2023	«Мемлекеттік саясат» 2023	«Елдің әл- ауқаты» 2023	Индекс 2023
ҚР	54,3	55,1	56,4	58,6	56,1
Абай	52,6	48,8	48,7	50,6	50,2
Ақмола	52,5	55,7	59,1	64,4	57,9
Ақтөбе	56,6	56,1	58,6	64,6	59
Алматы	55,7	48,2	52,6	58,2	53,7
Атырау	51,9	49,4	52,8	65,6	54,9
ШҚО	56,1	55,5	56,2	53,7	55,4
Жамбыл	64	52,3	54,7	64,9	59
Жетісу	49,9	54,8	61,3	53,2	54,8
БҚО	51,7	57,8	50,3	52,3	53
Қарағанды	55,6	46,6	61,7	60,5	56,1
Қостанай	63,8	65,6	50,8	50,2	57,6
Қызылорда	56,5	56,4	69,8	57,1	59,9
Маңғыстау	52,9	52,4	60	60,2	56,4
Павлодар	51,5	67,6	64,5	69,5	63,3

Өңір	«Бала» 2023	«Отбасы және қоғам» 2023	«Мемлекеттік саясат» 2023	«Елдің әл- ауқаты» 2023	Индекс 2023
СҚО	51	52	52,9	57	53,2
Түркістан	49,9	51,8	53,9	58,8	53,6
Ұлытау	52,1	63,9	49,1	50,7	54
Алматы қ.	55,7	50,2	50,3	62,9	54,8
Астана қ.	53,2	58,1	54,6	65	57,7
Шымкент қ.	52,1	59,1	66	52,2	57,3

Қорытынды

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді жүйесі қалыптасты, ол заңнамалық нормаларға, халықаралық ұсынымдарға және көп жылдық тәжірибеге негізделген. Мұндай жүйе балаларды жан-жақты қорғауға және қолдауға бағытталған, бұл өмірдің түрлі салаларында балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ететін «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» сияқты көптеген бағдарламаларды қабылдау және енгізу арқылы расталады. Бала құқықтарын қорғаудың бұл моделінің негізі — Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының ережелері, олар елдегі әрбір баланы дамыту, оқыту және тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасауға арналған.

Балаларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясат балаларға арналған әлеуметтік қызметтерді стандарттау бойынша реформаларды, толық емес отбасыларды қолдауды, сондай-ақ жетім балаларды орналастырудың отбасылық нысандарын дамытуға баса назар аудара отырып, интернаттық мекемелерді қайта құруды қамтиды. Осындай шаралар балаларға қауіпсіз әрі жайлы орта құруға бағытталған, бұл мемлекеттің олардың әл-ауқатын жақсартуға деген ұмтылысын көрсетеді. Балалардың хал-ахуалы жүйесінде зорлық-зомбылықтың алдын алу және балалардың құқықтарын қамтамасыз ету шаралары, соның ішінде балаларды қорғаудың 2023–2025 жылдарға арналған Кешенді жоспары сияқты бастамалар ерекше рөл атқарады.

Статистикалық мәліметтер мен әлеуметтанулық зерттеулерді талдау балалардың денсаулық сақтау саласындағы айтарлықтай жетістіктерді көрсетеді. Жыл сайын бүкіл ел бойынша миллиондаған баланы қамтитын профилактикалық тексерулер жүргізіледі. Мамандандырылған медициналық көмек саласында

да маңызды жетістіктерді атап өткен жөн: Қазақстан туа біткен жүрек ақауы бар балаларға жүргізілетін кардиохирургиялық операциялар деңгейі бойынша Орталық Азияда көшбасшы болды. 2023 жылы 1700-ден астам ота жасалды, бұл отандық мамандардың жоғары біліктілігі мен сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін көрсетеді.

Бұдан бөлек халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда БҰҰ Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) ынтымақтастық шеңберінде балаларды қазіргі заманғы қатерлерден қорғауға бағытталған ауқымды жобалар іске асырылды. «Kazakhstan Kids Online» зерттеуі балалардың интернетпен қалай әрекеттесетінін және олар цифрлық кеңістікте қандай тәуекелдерге ұшырайтынын тереңірек түсінуге жағдай жасап, бұл оларды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, балалар суицидінің алдын алу және оларды зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар бағдарлама әзірленіп, енгізілді.

Алайда елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанда әлі де елеулі сын-қатерлер сақталып отыр.

Жол-көлік оқиғалары салдарынан балалар өлімінің жоғары деңгейі балалардың жолдардағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге медициналық көмекті жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдауды талап етеді, бұл ең өткір проблемалардың бірі.

Балалар аурушаңдығының жоғары деңгейі жалғасып келеді, бұған көптеген фактордың, соның ішінде техногендік шамадан тыс жүктемелер, экологияның нашарлауы, сондай-ақ мектеп оқушыларының тамақтануы мен салауатты өмір салтына жеткіліксіз назар аударылуының әсері бар.

Мектепке дейінгі мекемелерде орын жетіспеуі және әсіресе ірі қалалардағы мектептердің шамадан тыс жүктелуі ерекше алаңдаушылық тудырады.

Кейінгі жылдардағы туудың жоғары көрсеткіштері балалар инфрақұрылымын дамыту саласында қосымша сын-қатерлер туғызып отыр. Мемлекет бұл мәселені шешу, жаңа білім беру орталықтарын құру және балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасын енгізу бойынша белсенді жұмыс жасап келеді. Дегенмен, жылы дәретханалар, ауыз су және гигиена құралдары сияқты негізгі қолжетімділіктерді қоса алғанда, мектептердегі

жағдайды жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Балалы отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да мемлекеттік саясаттың маңызды аспектісі болып қала береді. Балалар үйлерін деинституционализациялау және жетім балаларды тәрбиелеудің отбасылық нысандарын дамыту басымдық болып қала береді. Мемлекеттік құрылымдар отбасыларды қолдау бойынша шаралар қабылдап, отбасыдағы зорлық-зомбылық пен балаларға қатысты қылмыстарға қарсы белсенді күрес жүргізіп жатыр, балаларды зорлық-зомбылықтан тиімдірек қорғауға мүмкіндік беретін тәуекелдердің интерактивті карталары мен әрекет ету алгоритмдері әзірленіп келеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше назар аударылады. Оларды қолдау үшін Қазақстанда мұғалімдерді даярлауды және мектептердің қолжетімділігін жақсартуды қоса алғанда, осындай балаларды білім беру және әлеуметтік ортаға интеграциялау жөніндегі шаралар әзірленді.

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу маңызды бағыт болып қала береді. Балалар үйі тәрбиеленушілерінің шамамен 80%-ының ата-анасы ата-ана құқығынан айырылған, бұл отбасыларды қолдау мен әлеуметтік жетімдіктің алдын алу бойынша жұмысты күшейту қажеттігін көрсетеді.

Балалар мен отбасылардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында мемлекет балалық шақты қолдауға бағытталған бюджеттік саясатты жетілдіруді жалғастыруда. Балалар инфрақұрылымын дамытуға және балалы отбасыларды әлеуметтік қорғауға инвестиция — қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторы. Әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалатын шығындарды ұлғайту, отбасылардың өмір сүру жағдайларын жақсарту, халықтың ең бай және кедей топтарының табыстары арасындағы алшақтықты азайту — осының бәрі балалардың қоғамдағы жағдайын жақсартудың кепілі.

Қорытындылай келе, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы жетістіктерге қарамастан, әлеуметтік саясатты жетілдіру бойынша жұмысты одан әрі жалғастыру қажет. Балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мемлекеттік стратегияның басты басымдығы болып қалуға тиіс, өйткені балалық шаққа инвестиция — Қазақстанның болашақта тұрақты дамуының негізі.